Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА

ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

научный журнал

CULTURAL HERITAGE

science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№1 (112)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары,Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

Молдахмет А.А., Елеуов М., Талеев Д., Есен С. Қазақ хандығы дәуіріндегі Созақ: археологиялық зерттелу тарихынан
Молдахмет А., Елеуов М., Талеев *Д., Есен С.* Созак в период Казахского ханства: из истории археологических исследований
Moldakhmet A., Eleuov M., Taleev D., Esen S. Sozak in the Kazakh khanate period: from the history of archaeological research..... 8

Аккошкарова Ж.Т., Рахимжанова С.Ж., Тушева Е.К. Орталық Қазақстандағы Қу 1-4, 6-7 тас дәуірі тұрақтарының материалдарын зерттеу
Аккошкарова Ж.Т., Рахимжанова С.Ж., Тушева Е.К. Изучение материалов стоянок каменного века Куу 1-4, 6-7 в Центральном Казахстане
Akkoshkarova Zh.T., Rakhimzhanova S.Zh., Tusheva E.K. Study of materials from the stone age sites of Kuu 1-4, 6-7 in Central Kazakhstan..... 22

Абильмаликов К.К., Байдалы Р.Ж., Шакшаков К.Г. Археологические исследования на стоянке Талдысай-II в 2025 году
Әбілмәліков Қ.Қ., Байдалы Р.Ж., Шакшаков Қ.Г. 2025 жылғы Талдысай-II тұрағындағы археологиялық зерттеулер
Abilmalikov K.K., Baidaly R.Zh., Shakshakov K.G. Archaeological research at Taldysay-II site in 2025..... 34

Қожа М.Б., Сиздиков Б.С., Әлімбекұлы Ә. Особенности мечети Отрара конца XIV – начала XV в.
Қожа М.Б., Сиздиков Б.С., Әлімбекұлы Ә. XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басындағы Отырар мешітінің ерекшеліктері
Khozha M.B., Sizdikov B.S., Alimbekuly A. Features of the Otrar mosque of the late 14th – early 15th cc..... 45

Усачук А.Н., Шишлина Н.И., Степанов И.А., Леонова Н.В. Булавка из Краматорского могильника (Подонцовье). Результаты трасологического анализа
Усачук А.Н., Шишлина Н.И., Степанов И.А., Леонова Н.В. Краматорск қорымынан табылған түйреуіш (Донец маңы). Трасологиялық талдау нәтижелері
Usachuk A.N., Shishlina N.I., Stepanov I. A., Leonova N.V. A hammer-headed pin from the Kramatorsk burial ground (Podontsovye). The results of the trace-wear analysis..... 58

Karazhigitova A.Ye., Janeyeva A.K. History of studies and main results of research on medieval burial sites in Northeast Saryarka
Қаражігітова Ә.Е., Джанеева А.Қ. Солтүстік-Шығыс Сарыарқадағы ортағасырлық жерлеу ескерткіштерін зерттеу тарихы мен негізгі нәтижелері
Каражигитова А.Е., Джанеева А.К. История изучения и основные результаты исследований погребальных памятников средневековья Северо-Восточной Сарыарки..... 69

Sultanova A.K. Stone sculptures in the Museum collection: issues of museification and exhibition
Султанова А.К. Музей коллекциясындағы тас мүсіндер: музейлендіру және экспозициялау мәселелері
Султанова А.К. Каменные изваяния в музейной коллекции: вопросы музеефикации и экспонирования..... 82

Брынза Т.В. В.Ф. Зайберт и его роль в изучении истории и археологии Северного Казахстана (по материалам газеты «Акмолинская правда»)
Брынза Т.В. В. Ф. Зайберт және оның Солтүстік Қазақстан тарихы мен археологиясын зерттеудегі рөлі («Акмолинская правда» газеті материалдары бойынша)
Brynza T.V. V.F. Zaibert and his role in the study of the history and archaeology of Northern Kazakhstan (based on materials from the newspaper "Akmolinskaya Pravda")..... 92

Этнология / Ethnology / Этнология

Балтабай Д.Ә. Әбілғазы Баһадүр хан шежіресінде кездесетін бірқатар этнонимдердің шығу тегі
Балтабай Д.А. Происхождение ряда этнонимов в шежире Абулгази Бахадур хана
Baltabay D.A. The origin of selected ethnonyms in the genealogy of Abulgazi Bahadur Khan..... 101

Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ., Жүнісбаев Ұ.Д., Тұрсынов А.Х. Қожа Ахмет Ясауи қабірінің жапқышы туралы зерттеулер
Тастанбеков М.М., Байболов Б.К., Жунисбаев У.Д., Турсынов А.Х. Исследования покрывала гробницы Ходжи Ахмеда Ясави
Tastanbekov M.M., Baibolov B.K., Zhunisbayev U.D., Tursinov A.H. Research on the Pall of the Tomb of Khoja Ahmed Yasawi..... 113

Байгаж А., Нурбаева А.М., Рустемова А. Е. Традиционные игры с астрагалами тюрко-монгольского ареала: язык, норма и культурная память
Байгаж А., Нурбаева А.М., Рустемова А. Е. Түркі-моңғол ареалындағы асыққа байланысты дәстүрлі ойындар: тіл, норма және мәдени жады
Baigazh A., Nurbayeva A.M., Rustemova A. Ye. Traditional games with astragal in the turkic-mongolian region: language, norms and cultural memory..... 125

Тарих / History / История

Бисенова Г.А., Өтепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. Гималай асқан көш тарихы: Үндістан ұлттық архив құжаттары негізінде
Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. История миграции казахов через Гималаи: на основе документов Национального архива Индии
Bissenova G.A., Otepova G.E., Boldykov Zh.B. Migration history of Kazakhs through the Himalayas: based on documents from the National Archives of India..... 140

Мырзаханов Ә.Е., Мұсағалиева А.С. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталуы: жаңа деректерді талдау
Мырзаханов А.Е., Мусагалиева А.С. Реабилитация Шакарима Кудайбердиева: анализ новых данных
Myrzakhanov A.E., Musagalieva A.S. Shakarim Kudaiberdiyev's rehabilitation: analysis of new data..... 155

Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. Стражи туркменского общества XIX в. (до 1881 г.): ясавулы, ферраджи и караульные дозорные
Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. XIX ғ. (1881 жылға дейін) түрікмен қоғамының сақшылары: жасауылдар, ферраджлар және қарауыл күзетшілері
Atdaev S.J., Atdaeva O.G. Guards of the Turkmen society of the 19th century (before 1881): yasavuls, ferrajs, and sentry guards..... 168

Абсаликов А.А. Генеалогия казахских ханов в «Ахсан ат -Таварих» Хасанбека Румлу (сравнительный анализ пяти рукописных списков и одного печатного издания)
Абсаликов А.А. Хасанбек Румлудың «Ахсан ат-Тауарих» еңбегіндегі қазақ хандарының генеалогиясы (бес қолжазба көшірмесі мен бір баспа басылымының салыстырмалы талдауы)
Absalikov A.A. The genealogy of Kazakh khans in Hasanbeg Rumlu's "Ahsan at-Tawarikh" (a comparative analysis of five manuscript copies and one printed edition)..... 180

Matytova S.N. The historical evolution of philanthropy in Kazakh society in the 19th – early 20th centuries
Мамытова С.Н. XIX–XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы меценаттықтың тарихи эволюциясы
Мамытова С.Н. Историческая эволюция меценатства в казахском обществе XIX – начала XX вв..... 191

Akshanova A.M., Otepova G.E., Shabambayeva A.G. Historiographical discourse on the study of the korenizatsiia (indigenization) policy
Ақшанова А.М., Өтепова Г.Е., Шабамбаева А.Г. Қазақстандағы жергіліктендіру саясатының тарихнамалық дискурсы
Акшанова А.М., Отепова Г.Е., Шабамбаева А.Г. Историографический дискурс политики коренизации в Казахстане..... 199

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Ибраева А.Г., Пазылова Г.А. Ұлттық тарихи-мәдени мұраны жаһандық дискурста ұсыну: халықаралық және әлемдік көрмелер тәжірибесі
Ибраева А.Г., Пазылова Г.А. Представление национального историко-культурного наследия в глобальном дискурсе: опыт международных и всемирных выставок
Ibrayeva A.G., Pazylova G.A. Presenting national historical and cultural heritage in global discourse: the experience of international and world expositions..... 212

Orazkulova K., Karibayeva G. Museums, painting, and ideology in Soviet Kazakhstan
Оразкулова К. С., Карибаева Г.А. Кеңестік Қазақстандағы музейлер, кескіндеме және идеология
Оразкулова К.С., Карибаева Г.А. Музеи, живопись и идеология в советском Казахстане..... 233

Археология/ Archaeology/ Археология

https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.01

ҒТАМР 03.41.91

Молдахмет А.[1], Елеуов М.[2], Талеев Д.[3], *Есен С.[1]
[1]Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан
*e-mail: syrym.e@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ СОЗАҚ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа. Мақалада Қазақ хандығының саяси-экономикалық тарихында елеулі орын алған ортағасырлық Созақ қаласының археологиялық зерттелу тарихы мен негізгі нәтижелері жан-жақты қарастырылады. Негізгі назар Созақ қаласының орнында әр жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулерге, әсіресе 2010-2012 жылдар аралығындағы қазба жұмыстарының қорытындыларына аударылған. Зерттеу барысында қаланың топографиясы, құрылымдық бөліктері, мерзімделуі және қорғаныс жүйелері ғылыми тұрғыда талданады. Сонымен қатар Созақтың Қаратаудың теріскей беткейінде орналасқан екі ортағасырлық қала орнынан – Тарсатөбе мен кейінгі Созақтан тұратындығы археологиялық деректер негізінде дәлелденеді.

XX ғасырдың ортасынан бастап Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам, Л.Б. Ерзакович, А.Н. Подушкин бастаған ғалымдар жүргізген зерттеулердің нәтижелері жүйеленіп, олардың мерзімдемелік тұжырымдары салыстырмалы түрде қарастырылады. Археологиялық және стратиграфиялық деректер Созақ аумағында б.з.д. III ғасырдан XIX ғасырға дейін үздіксіз тіршілік болғанын көрсетеді, бұл қаланың шамамен 2000 жылдық тарихы бар екенін айғақтайды.

Сондай-ақ мақалада жазба деректер мен археологиялық мәліметтерді салыстыра отырып, Созақтың XV–XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының тірек қалаларының бірі болғаны, маңызды сауда, әскери-стратегиялық және әкімшілік орталық қызметін атқарғаны баяндалады. Қаланың Ұлы дала мен отырықшы өркениет тоғысқан аймақта орналасуы оның экономикалық маңызын арттырған.

Кілт сөздер: Қаратау, Созақ, Тарсатөбе, орта ғасыр, топография, мерзімдеу, қорғаныс құрылыстары.

Дәйексөз үшін: Молдахмет А.А., Елеуов М., Талеев Д., Есен С. Қазақ хандығы дәуіріндегі Созақ: археологиялық зерттелу тарихынан // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). бб. 8-21 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.01

Кіріспе


Қазақстан аумағында қалалық орталықтардың қалыптасуы қола дәуірінің соңғы кезеңінен басталғаны археологиялық зерттеулер арқылы анықталған. Сол дәуірде Шығыс Еуразияда дамыған андрондық мәдениет Қазақстан жерінде шоғырланған, оның ірі қоныстары – Арқайым, Сынтасты және Кент – қалалардың алғашқы үлгісі ретінде танылған (Зданович, 2007: 40-55; Ворфоломеев, 2011: 85-96). Кейінгі ерте темір дәуірінде бұл қалалар өз дамуын жалғастырып, Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан Шірік-Рабат, Бәбіш мола, Баланды сияқты қоныстар қалалық сипатқа ие болды. Елуге жуық бекіністі қоныстан тұратын Жетіасар мәдениеті ескерткіштері сақ және қаңлы дәуіріндегі отырықшы-қалалық өмірдің айғағы болып саналады. Бұл қалашықтардың көне атаулары сақталмағанымен, олардың орындары бүгінде

төбе түрінде анық байқалады.

Қазақстанның оңтүстік аумағында да дәл осы кезеңге жататын қалалар болған. Қытай әулеттік жылнамаларында Ханьшу мен Цянь Ханьшу қаңлы иелігіндегі Битян, Юени, Фуму, Сусе, Ги, Юеган сияқты қалалардың аттарын атайды (Бичурин, 1997: 35). Алайда олардың нақты орналасқан жері ғылымда әлі де талас тудырып отыр. Себебі көптеген көне қалалар бірнеше дәуір бойы өмір сүріп, атауын өзгерткен немесе саяси-экономикалық себептермен жойылып кеткен. Қазіргі таңда мұндай қалалардың орындары қалың мәдени қабаты бар археологиялық төбелер ретінде сақталған. Олардың іргетасының қашан қаланғанын анықтау терең әрі ұзақ мерзімді қазба жұмыстарын қажет етеді.

Қазақ хандығының құрылуына және мемлекет ретінде қалыптасуына негіз болған Сығанақ, Сарайшық, Отырар, Түркістан, Сауран, Созақ, Сайрам сияқты қалалардың тарихы екі мың жылдан астам уақытқа созылады (Извлечение из письменных источников, 2007: 44). Көптеген қалалар жазба деректерде VI–VII немесе IX–X ғасырлардан белгілі болғанымен, олардың нақты тіршілігі осы уақыттан басталғанын дәл айту қиын. Археологиялық деректер қалалардың ұзақ тарихында орнын бірнеше рет ауыстырғанын көрсетеді. Мысалы, Түркістан, Сауран, Сүткент және Аркук қалалары екі-үш рет орнын өзгертсе де, әр дәуірдегі орындары бір-біріне жақын орналасқан, бұл олардың стратегиялық маңызын айқындайды. Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақ хандығы дәуіріндегі қалалық орталықтардың бірі – ортағасырлық Созақ қалашығы. Қалашық Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылынан оңтүстікке қарай орналасқан. Қалашықтың географиялық координаттары: солтүстік ені 44°09'31", шығыс ұзындығы 68°28'11", теңіз деңгейінен биіктігі шамамен 325 метр. Қазір қалашықтың сақталған аумағы шамамен 9 гектарды құрайды. Цитадель қалашықтың батыс бөлігінде орналасқан, едәуір биік. Шығыс және солтүстік бөліктері басқа аймақтарға қарағанда еңселі болып келген, XX ғасырдың 1950-жылдарына дейін қалашықта тұрғындар өмір сүрген.

Қазақстан археологиялық мектебінің негізін қалаған белгілі археолог К.А. Ақышевтың зерттеулері бойынша (сурет 1), Созақ орналасқан аймақ XV ғасырда Қазақ хандығының орталық иелігі болып есептелген (Акишев, 2013: 136–137).



Сур. 1. XV–XVI ғасырлардағы Қазақ мемлекетінің этникалық картасы мен ескерткіштері (К.А. Ақышев бойынша).
Fig. 1. Ethnic map and monuments of the Kazakh state in the 15th–16th cc. (after K. A. Akishev).

Жазба деректердегі Созақ. Созақ қаласының атауы жазба деректерде алғаш рет XIII ғасырдың ортасында кездеседі. Ол армян патшасы Гетумның монғолдардың ұлы ханы Мөңкеге ресми сапарымен байланыстырылады (Гандакеци, 1976: 222). Елшілік қайтар жолында Қарақорымнан Хутухчин, Пергант, Сухул-хан, Уросо-хан, Кайкант, Хузақ, сондай-ақ Харчух тауы арқылы Сгнах пен Совран, Харчух, Асон, Отрар, Зернух арқылы Дизакқа жеткені туралы жазба деректерде баяндалған (Извлечение, 2005: 13). Ортағасырлық археология саласының көрнекті маманы К.М. Байпаков бұл қалалардың бірқатарының басқа деректерде Сугулкент, Кумкент, Сузах, Карачук, Ясы, Сауран, Отырар, Зернук деп аталғанына күмән жоқ екенін көрсетеді (Байпаков, 2014: 103).

Қаратаудың солтүстік беткейінде шығыстан батысқа қарай орналасқан қалалардың XI–XIII ғасырлардағы ерекше өркендеуі сауда қатынасының осы бағыттағы қарқынды дамуымен тығыз байланысты болды. Түрлі жазба деректерді талдау дипломатиялық елшіліктердің де осы сауда жолдары арқылы өткенін көрсетеді. Мысалы, алғаш Плано Карпини (1246–1247 ж.) және кейін Гильом де Рубрук (1253–1255 ж.) монғолдардың ұлы ханына сапарында осы бағытпен жүрген. Әсіресе Рубруктың жүрісі теріскей арқылы өткен болуы мүмкін деп саналады.

Созақ қаласы осы өңірдегі маңызды орталықтардың бірі болды. Қала Қаратаудың солтүстік беткейіндегі жолақта орналасып, көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүрген малшылар мен ірі өзен-көлдердің жағасында егіншілікпен және саудамен айналысатын отырықшы мәдениет арасындағы түйісу аймағы ретінде қызмет етті. Ел аузында сақталған аңыздар мен әңгімелерге қарағанда, далалық малшылар өз малын сатуға, сондай-ақ азық-түлік, киім-кешек және тұрмыстық заттар алу үшін Созақ базарына жиі келетін болған. Керісінше, Қаратаудың арғы бетіндегі ірі оазистерде тұратын егіншілер, қолөнершілер мен зергерлер өз өнімдерін мал өнімдеріне айырбастау мақсатында Созақтағы жәрмеңкеге ат басын тірейтін. Көбінесе айырбас кезінде нақты ақша немесе теңге қажет болмаған. Сауда қатынастары көбіне еркін айырбас принципіне негізделген, яғни сатушы мен сатып алушы тауардың құнын өзара келісіп анықтаған. Қаланың монғол шапқыншылығы алдындағы және одан кейінгі жағдайы туралы жазба деректер сақталмаған. Тіпті, Шыңғыс хан әскерлерінің бұл өңірді қалай бағындырғаны да ешбір жазба көздерде баяндалмаған. Бір ғана дерек ретінде жоғарыда аталған армян патшасы Гетумның елшілігі туралы К. Гандаецидің жазбалары кездеседі. Созақ қаласының сауда-экономикалық орталық ретінде шынайы өркендеуі Қазақ хандығының құрылу кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қала Қаратаудың күнгей беткейі мен Сыр бойындағы ірі қалалық орталықтарға апаратын негізгі жолдардың (Суындық асуы, Ақсүмбедегі асу және т.б.) бойында орналасқан. Бұл жағдай Созақты сауда мен экономикалық қатынастардың маңызды торабына айналдырған.

XV ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр аралығындағы жазба деректерде Созақ қаласы Дештіқыпшақ даласынан оңтүстік бағыттағы Яссы, Отырар, Сауран, Сайрам қалаларына, батыста Арал маңындағы аймақтардан шығыста Шу-Талас өңіріндегі қалаларға апаратын Қаратаудың теріскейіндегі жолдың түйіскен тұсында орналасқан маңызды нүкте ретінде көрсетіледі. XV ғасырда жаңа қалыптасқан Қазақ хандығының тірек қаласы Созақ болғандығы сөзсіз.

Сырдария мен Түркістанның ірі қалалары XV–XVI ғасырларда Өзбек хандығы мен Қазақ хандығының қоластына ауысып отырғанын жазба деректер айқын көрсетеді. XV ғасырдың екінші жартысында Түркістан мен Сырдария қалалары үшін жүргізілген соғыстар отыз жылдан астам уақытқа созылып, қалалар екі жаққа кезекпен өткен. Мысалы, 1470 жылы қыс кезінде Керей сұлтан Түркістанға шабуыл жасайды, ал Жәнібектің үлкен баласы Махмұд сұлтан Созақты, інісі Еренжі Сауранды жаулап алады. Осылайша, Қаратаудың теріскейіндегі Созақ пен күнгейдегі Сауран қалалары Қазақ хандығы құрамына өтеді.

Алайда, екі жылдан соң Мұхаммед Шайбани Ноғай Ордасының әмірі Мұса мырзаның көмегіне сүйеніп, Аркук бекінісі мен Сығанақ қаласын өзіне қаратты. Қазақ әскерлері Бұрындық пен Махмұд сұлтан басқарған күштер Қаратаудағы Созақ пен Сығанақ арасындағы Суындық асуында Мұхаммед Шайбани әскерін талқандап, Сығанақ қаласын қайта басып алып, Шайбаниды Маңғыстауға қашуға мәжбүр етті. Бұл оқиғалар туралы

авторы белгісіз «Таварих-и гузида – Нусрат-наме» және Камал ад-Дин Бинайдың «Шайбани-наме» еңбектерінде баяндалған (Материалы по истории, 1969: 21; 105–106). Осындай ұқсас жағдай келесі ғасырдың соңына дейін жалғасты. Әсіресе Абдаллах хан мен Баба-сұлтан арасындағы соғыстарда Созақ қаласының стратегиялық рөлі ерекше болғаны Хафиз Таныш еңбектерінде айтылады (Материалы по истории, 1969: 287). Аталған деректер Созақ қаласының сол кездегі саяси және экономикалық маңыздылығын көрсетеді.

XVI ғасырдың соңында Тәуекел хан билік еткен кезеңде Сырдария мен Түркістан қалалары толығымен Қазақ хандығының қарамағына өтті. Осыдан кейінгі қалалардың тарихы хандықтың даму кезеңімен тығыз байланыста өрбіді. Созақ қаласы да мемлекеттік орталық қала ретінде өз тіршілігін жалғастырды. Жоңғар шапқыншылықтары кезінде Созақ қазақ әскерлерінің күш жинайтын маңызды бекініс қаласына айналды. Қала жаудың күшіне қарсы тұру соғысында жауынгерлерді азық-түлік және қару-жарақпен қамтамасыз ететін стратегиялық орын болды. Созақтың үздіксіз дамуы туралы ақпарат орыс жазба деректерінде де кездеседі. Абылмамбет хан билік еткен кезеңде (1743–1745 жж.) Созақ Отырар, Түркістан, Сауран, Өгізтау қалаларымен бірге Қазақ хандығының негізгі орталық қалаларының бірі болып есептелгені орыс деректерінде айтылған (История Казахстана, 2007: 386).

XIX ғасырда Қазақстан оңтүстік өңірі Қоқан хандығының ықпалында болған кезде де Созақ әскери бекініс қаласы ретінде маңызды рөлін сақтады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында қолданылған материалдар базасы бірнеше кезең мен дереккөздерге сүйенеді. Ортағасырлық кезеңді сипаттаған жазба деректер ретінде Н.Я. Бичуриннің «Средняя Азия и Восточный Туркестан» және А.Х. Маргуланның «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана» еңбектері пайдаланылды.

Кеңестік дәуірдегі зерттеушілер Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Л.Б. Ерзакович, Г.Б. Зданович пен И.М. Батанина сияқты авторлардың жазбалары негіз болды. Олар ортағасырлық Созақ қалашығының қорғаныс құрылымдары жайлы нақты деректер берді.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жүргізілген жүйелі археологиялық зерттеулерден К.А. Акишев, К.М. Байпаков, С. Тәбірізұлы, сонымен қатар «Археологическая карта Казахстана» және «Свод памятников истории и культуры Казахстана» жинақтары кеңінен қолданылды. Бұл деректер қаланың стратиграфиялық құрылысын, тарихи мерзімін және мәдени контекстін нақты бағалауға мүмкіндік берді. Осы авторлар мен жинақтар материалдық мәдениет, құрылыс қабаттары, тұрмыстық заттар және тарихи кезеңдерді талдауда сенімді ғылыми базаны қамтамасыз етті.

Зерттеу әдістері бойынша тарихи-топографиялық, хронологиялық, мерзімдеу, археологиялық, этнографиялық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылды. Қазба жұмыстары стратиграфиялық әдіс бойынша жүргізіліп, әр қабаттың ерекшеліктері, қабырғалардың қалыңдығы мен кірпіш өлшемдері, едендер мен интерьер элементтері жазба түрде тіркелді. Табылған материалдық заттар қаланың тарихи кезеңдерін, құрылыс технологиясын және қорғаныс жүйесінің ерекшеліктерін анықтауға негіз болды. Қазба барысында алынған деректер Созақ қаласының X–XVIII ғасырлар аралығындағы кезеңдерін мерзімдеп, оның тарихи рөлін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мақалада деректік талдау, тарихи-салыстырмалы, этимологиялық және тарихи-географиялық әдістер кешенді түрде қолданылып, ауызша аңыз-әңгімелер ғылыми және жазба деректермен өзара салыстыра қарастырылды.

Талдау

Созақ қалашығының тарихи-топографиясы. Соңғы он жыл ішінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары Созақ қаласы аумағында табылған жаңа деректерді ғылыми тұрғыдан қайта қарауға мүмкіндік беріп, зерттеулер нәтижесінде табылған қыш бұйымдар, құрылыс қалдықтары мен тұрмыстық заттар бұл өңірдегі қоныстану тарихының біз ойлағаннан әлдеқайда терең екенін көрсетті. Қазақ хандығының қалыптасу және даму кезеңінде, жалпы Қазақ тарихында маңызды рөл атқарған Созақ қаласы қазіргі Созақ ауылының Қаратаудың теріскей беткейіндегі жерінде орналасқан. Мұнда екі

ортағасырлық қала орны сақталған: біріншісі – ауылдың солтүстік-шығыс шетінде орналасқан Тарсатөбе, екіншісі – ауылдың орталығында орын тепкен кейінгі Созақ қаласының орны, жергілікті тұрғындар оны «Өркешігі» деп атайды. Тарсатөбе көлемі үлкен, екі деңгейден тұратын, пішіні тік төртбұрыш болып келген тарихи нысан. Биіктігі шамамен 12 метрге жетеді. Төменгі бөлігінің ені 65 метр, ал ұзындығы 170 метрді құрайды. Бұл алаң айнала қорған іргетастарымен бекітілген, яғни қорғаныс мақсатында салынғаны байқалады.

Археологиялық зерттеулер кезінде қарапайым тұрмыстық қыш бұйымдардың көп мөлшері табылған. Олардың ішіндегі ең көне үлгілері – тұтқалары қой мүсіні түрінде бейнеленіп жасалған ыдыстар. Сондай-ақ VI–VIII ғасырларға жататын қыш заттар арасында оғыз тайпаларына тән мәдени ерекшеліктер анықталған.

Қоныстың мекендеген халық негізінен мал шаруашылығымен айналысып, аң аулаған және егін еккен. Тұрғын үйлер мен қоғамдық маңызы бар ғимараттарды тұрғызуда күйдірілген кірпіш пайдаланылғаны белгілі болды. Қазба барысында табылған деректерге сүйенсек, Тарсатөбеде б.з.б. III ғасырдан бастап б.з. IX ғасырға дейін тіршілік болған.

1946 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (Ә.Х. Марғұлан) жүргізген зерттеулер қаланың екі бөлікке бөлінгенін анықтады: Тарсатөбе және кейінгі Созақ. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Тарсатөбенің өмір сүру кезеңі VII–XII ғасырларға, ал кейінгі Созақ XIII–XVIII ғасырлар аралығына жатқызылған (Маргулан, 1950: 50–53).

1947–1948 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам) Тарсатөбеде екі стратиграфиялық барлау шұңқырын салған. Қазба барысында табылған заттар мен стратиграфиялық зерттеулер нәтижесі бойынша қалашық б.д.д. III–б.д. IX ғасырлар аралығымен мерзімделген (Археологическая карта Казахстана, 1960: 227). Содан кейін Тарсатөбеде археологиялық қазба жүргізілмеген, бірақ мамандардың тұжырымына қарағанда, бұл жерде орналасқан мекен 1000 жылдан астам уақыт бойы өмір сүрген.

Қалашықтың мерзімделуі мен ел ішінде сақталған аңыз-әңгімелер арасында айқын байланыс байқалады. Мысалы, жергілікті тарихшы Сәді Насруллаұлының айтуынша, «Тарсатөбеде Ислам діні тараған дейін отқа табынушы шаман дініндегі тарсалар өмір сүрген. Қаратаудың жотасынан Созақтың шетіне дейін созылып жатқан, таспен өрілген қабірлер осы тарсалар мен Мықтардың қабірлері болып табылады» (Тәбірізұлы, 2007: 11).

Ғылыми әдебиеттер мен тарихи зерттеулерде «тарса / tarsā / tarsak» деген термин тек кездейсоқ сөз емес, нақты Орталық Азиядағы Шығыс Сирия (яғни несториандық) христиан қауымдарын сипаттауда қолданылғаны туралы деректер бар. Бұл атаудың шығу тарихы мен мағынасы бірнеше тілдік және тарихи контексттерде қарастырылған. Осы орайда «Тарсатөбе» сөзінің шығу төркініне үңілсек, мұндағы сөздің түбірі «тарса», ал «төбе» жалғау сөз, яғни халқымыз ертеден бастап биік төбеге, елді мекенге, жер бедерінің көрінісіне қарай «төбе» жалғауын қосып отырған. Мысалы: Күлтөбе, Сортөбе, Үтіртөбе т.б. Тарихи-терминологиялық сөздіктерде «тарса» сөзінің этимологиясына байланысты нақты түсіндірме кездеспейді (Древнетюркский словарь, 1969; Курышжанов, 1970; Оңдаасынов, 1974; Қашқари, 1997; Жанұзақов, 2008). Ресей аумағындағы «тарса» атты шағын өзен бар. Ол Мордовия Республикасының Инсар және Кадошкин аудандары арқылы ағып өтеді. Өзен Исса өзенінің сол жағалауына, оның сағасынан шамамен 44 км жоғары тұста келіп құяды. Тек «Үлкен Библия сөздігінде» ғана «Тарса» сөзіне: «грек тіліндегі «tarsus» сөзі «жалпақ себет» деген мағынаны білдіреді. Тарс – Савлдың (кейінгі елші Павел апостол) туған қаласы әрі Кіші Азиядағы Римнің Киликия провинциясының астанасы болған. .....Тарс Кидн өзенінің бойында, Жерорта теңізі жағалауынан шамамен 19 км жоғарырақ орналасқан. Қала тұрған жазық Тавр тауларынан ағып келетін өзен сулары алып келген құнарлы шөгінділердің арқасында аса өнімді болған. Өзен арқылы шағын кемелер жүзе алғанымен, құрлықтағы сауда жолдарының маңызы әлдеқайда зор еді. Римдіктер Кіші Азияға келген соң, аймақта дамыған жол жүйесін салды», - деп лайықты түсіндірме берілген (Большой Библейский словарь, 2005: 1230-1231).

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеулері бойынша

кейінгі Созақ қаласы XIV–XVI ғасырларда өмір сүрген деп қорытынды жасалды. Экспедиция қаланың жазба деректерін талдап, үш бөліктен тұратын төбенің ортаңғы бөлігінің едәуір ерте-де қалыптасқанын анықтап, оны шаһристанның орны деп бағалады (Агеева, 1958: 111).

1964–1965 жылдары Қаратаудың теріскей бетіндегі ортағасырлық қалалардың стратиграфиясы мен материалдық мәдениетін зерттеген белгілі археолог Л.Б. Ерзакович кейінгі Созақ орнында стратиграфиялық барлау шұңқырын салды. Қазба нәтижесі бойынша қалашық X–XIX ғасырлар аралығын қамтитын бес құрылыс қабатынан тұрады деп анықталды (Ерзакович, 1971: 175).

1982–1983 жылдары Шымкент педагогикалық институтының археологиялық тобы (басшысы А.Н. Падушкин) ескерткіште бақылау қазбаларын жүргізіп, қалашықтың X–XVIII ғасырлар аралығында өмір сүргенін растады. Бұл бақылаулардың нәтижелері «Свод памятников истории и культуры Казахстана» атты алғашқы Оңтүстік Қазақстан облысын қамтитын жинақта 542-ші реттік санымен жарияланды (Свод памятников, 1994: 248–249). Алайда бұл отряд Созақта жаңа қазба жүргізбеді, тек бұрынғы зерттеулердің мәліметтерін тексеріп шықты. Соғыстан кейінгі жылдары жүргізілген бақылаулар сол кездегі техникалық жабдықтардың шектеулі болуына байланысты сапалық кемшіліктерге ұшырады. Соңғы зерттеулер қазіргі төбеге сәйкес бұрынғы жобалардың толық дәл еместігін көрсетті. Қала орнындағы жобалар да алдыңғы болжамдардан ерекшеленді.

2007–2009 жылдары Тұран археологиялық экспедициясы (жетекшісі профессор М. Елеуов) Қаратау жотасының солтүстік беткейінде орналасқан Созақ ауданы аумағында кешенді археологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асырды (Елеуов, 2010: 188-189).

2007 жылғы далалық маусым барысында зерттеулер ортағасырлық Бабата қаласы мен Құмкент қаласы маңында шоғырландырылды. Соның нәтижесінде Көкбұлақ және Ақтөбе елді мекендері анықталып, ғылыми айналымға енгізілді (Қазақстан Республикасы, 2008: 97-98). Бұл жұмыстар аталған өңірдегі қоныстану жүйесінің құрылымын нақтылауға мүмкіндік берді.

2008 жылы экспедиция өз жұмысын одан әрі жалғастырды. Құрамында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғалымдары (Созақ тобының жетекшісі – Ж. Құрманқұлов) және А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері бар ғылыми ұжым «Абди Компани» акционерлік қоғамының (президенті – Ә. Бимендиев) қаржылық қолдауымен зерттеу ауқымын кеңейтті. Барлау жұмыстары шығыстан батысқа қарай тау шатқалдары мен тауаралық жазықтарды, сондай-ақ тау етегіндегі алқаптарды қамтыды. Нәтижесінде Күлтөбе, Балатұрлан, Көктөбе, Қарлығаштөбелік төрткүл, Қарабұлақ төрткүлі, Тұздыбұлақ, Ырымкөз және Төбеттөбе сынды сегіз ортағасырлық елді мекен орны анықталды. Сонымен қатар бұрын белгілі болған отызға жуық ортағасырлық қала мен қоныс қайта қаралып, олардың жоспарлары лазерлік теодолит арқылы түсірілді (Елеуов, 2009: 447-453). Бұл тәсіл ескерткіштердің топографиялық құрылымын дәл әрі заманауи әдіспен құжаттауға жол ашты. Сол жылғы далалық маусымда ортағасырлық Ақтөбе елді мекенінде 15×20 метр көлемінде қазба жүргізіліп, екі құрылыс кезеңіне жататын сәулеттік қалдықтар ашылды (Елеуов, 2008: 49-57). Аталған деректер Созақ өңіріндегі ортағасырлық қалалық мәдениеттің эволюциясын, құрылыс дәстүрлері мен қоныстану үдерістерін тереңірек пайымдауға негіз болды.

2009 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жүргізілген зерттеу кезінде қаланың қорғаныс қабырғасымен қоршалған орталық бөлігінің жобасы жасалып, оның жалпы көлемі нақты анықталды. Жүргізілген топографиялық зерттеулер қалашықтың қазіргі сақталған бөлігінің цитадель мен шаһристаннан тұратынын, ал цитадельдің төбенің батыс шетінде едәуір биік болғанын көрсетті. Цитадель үлкен қорғаныс қабырғасымен қоршалған, ал қаланың айналасындағы қабырғалардың іздері мен қала қақпаларының орындары әлі де көрінеді. Қаланың қарапайым тұрғындарының тұрған бөлігі рабад, қаланың қамалының сыртында, қазіргі үйлердің астында қалған.

Алынған нәтижелер

2012 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер

2012 жылы жүргізілген археологиялық

зерттеу жұмыстары Созақ қалашығының мерзімделу мәселесін нақтылауға, оның қорғаныс жүйесінің фортификациялық құрылымын анықтауға және Қазақ хандығы кезеңіндегі тарихи маңызын айқындауға бағытталды. Сонымен қатар қазба барысында қосымша деректік материалдар жинақтау да басты мақсаттардың бірі болды. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде, қорғаныс қабырғасының қақпаға жалғасатын тұсында Қазба 1 салынды. Алғашқы кезеңде қазба алаңы екі бөлікке бөлініп қарастырылды. Қазба 1 қақпадан қала ішіне бағытталған көшенің шығыс жағынан орналасты. Оның жалпы көлемі шамамен 9,5×13 метрді құрап, қазу тереңдігі 1–2 метр аралығында болды. Қазбаның шығыс шетінен 6,5 метр қашықтықта стратиграфиялық қима жүргізілді. Бастапқыда 6×7 метр көлемінде белгіленген бұл қима зерттеу барысында 7×11,5 метрге дейін кеңейтілді. Қиманың максималды тереңдігі 2,7 метрге жетті. Зерттеу жұмыстарының сипатына сәйкес, екі қазбаның солтүстік-шығыс бөліктері ені 2–3 метр болатын стратиграфиялық тазарту траншеясы арқылы өзара біріктірілді. Нәтижесінде Қазы қақпадан басталатын қорғаныс қабырғасының 23 метрге жуық бөлігі ашылып, оның құрылымдық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік туды.

Қазба 2 алғашқы қазбаның оңтүстік-шығыс бағытынан 6,5 метр қашықтықта, қорғаныс қабырғасының үстіңгі бөлігінде стратиграфиялық қима ретінде орналастырылды. Алғашқы өлшемі 5×7 метр болған бұл зерттеу алаңы кейінгі қазу жұмыстары барысында нақты жағдайға байланысты кеңейтіліп отырды. Қазба барысында жер бетінен шамамен 15–20 см тереңдікте жеке тұрғын үйге тиесілі орташа көлемдегі бөлменің едені анықталды. Құрылыстың қабырғалары негізінен бұзылған күйде сақталғанымен, шығыс жақ шетінде қам кесектен қаланған қабырғаның белгілі бір бөлігі ғана жақсырақ жеткен. Осы жағдайды ескере отырып, нысанды толық зерттеу мақсатында қазба алаңы шығыс бағытта 7 метрге дейін ұлғайтылды. Сақталған қабырғаның қалыңдығы 65–70 см шамасында. Құрылыс материалы ретінде пайдаланылған шикі кірпіштердің өлшемдері 36×18×10 см және 36×20×10 см болып келеді. Бөлменің еденінен күйдірілген кірпішпен төселген жабынның бір бөлігі анықталды. Еденге қолданылған кірпіштердің басым бөлігі ортағасырлық дәстүрлі форматқа сай – 24×24×5 см көлемінде. Бұл материалдар маңайдағы көне құрылыстардан қайта пайдаланылған болуы ықтимал. Сонымен қатар қабат арасынан 26×13×6 см өлшеміндегі, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына тән кірпіштер де ұшырасты. Бөлме ішінен нақты мерзімдеуге мүмкіндік беретін археологиялық заттай деректер табылған жоқ. Сондықтан қабаттың уақытын анықтауда жергілікті тұрғындардың ауызша мәліметтері назарға алынды. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, қазба жүргізілген аумақта XX ғасырдың 1952 жылына дейін Жақсылық есімді дәулетті азаматтың үйі орналасқан. Осы деректерге сүйене отырып, ашылған құрылым сол тұрғын үйдің бір бөлмесіне тиесілі болуы ықтимал деген тұжырым жасалды.

Екінші құрылыс қабаты алғашқы қабаттың астынан шамамен 10–15 см тереңдікте анықталды. Бұл деңгейден екі бөлменің жартылай сақталған бөліктері аршылды. Құрылымның оңтүстік қабырғасының тек төменгі қатарлары ғана жеткен, олар күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғаның жоғарғы бөлігі жойылғанымен, сақталған төменгі бөлігінің орналасуына қарағанда, ол іргетас қызметін атқарған болуы ықтимал. Қолданылған кірпіштердің өлшемі ортағасырлық дәстүрге тән 24×24×5 см көлемінде. Қалау тәсіліне назар аударсақ, қабырғаның шеттеріне бүтін кірпіштер, ал ортасына сынған бөліктер пайдаланылған. Бұл материалдардың бұрынғы құрылыстардан бұзылып алынып, қайта қолданылғанын көрсетеді. Қабырғаның жалпы қалыңдығы шамамен 75 см. Қазба барысында алынған кірпіштерді сындырмай жинап қойған едік, алайда кейін жергілікті тұрғындар оларды қазіргі құрылыс жұмыстарына пайдалану үшін алып кеткен. Осылайша, кем дегенде бірнеше ғасыр бұрын күйдірілген сапалы кірпіштердің XXI ғасырда да құрылыс материалы ретінде қайта қолданылғанын байқауға болады. Солтүстік шеттегі бөлме құлатылған қабырға қалдықтарының қыш сынықтарымен толтырылған. Еден деңгейіне жақын тұста аздап ойыс байқалды, бұл бөлменің кейінгі кезеңде бұзылғанын немесе шөгу процесіне ұшырағанын аңғартады. Ал

оңтүстік-шығыс бөліктегі негізгі бөлменің едені ақ түсті алебастр сылағымен өңделген. Сылақ қабатының қалыңдығы шамамен 0,5 см. Бұл құрылыс қабатының мерзімін нақтылауға еденнен табылған нумизматикалық деректер мүмкіндік берді. Бөлменің бір бұрышынан 1924 және 1929 жылдары соғылған кеңестік кезеңге жататын екі дана бес тиын табылды. Сонымен қатар оңтүстік қабырғаның ішкі жағынан тәтті тағамдар сақтауға арналған қою көгілдір түсті шыны ыдыстардың сынықтары кездесті. Олардың сыртқы беті бедерлі, пішіні бокал тәріздес. Осы археологиялық және заттай деректерге сүйене отырып, аталған құрылыс қабаты XX ғасырдың алғашқы жартысына жататыны анықталды.

Үшінші құрылыс қабатын зерттеу барысында стратиграфиялық қиманың көлемі 7×7 метрге дейін ұлғайтылды. Осы деңгейден қабырғалары қам кесектен тұрғызылған екі бөлме анықталды. Бөлмелердің еден деңгейі қазіргі жер бетінен шамамен 1,5 метр тереңдікте орналасқан. Құрылымдық белгілеріне қарай бұл жайлар тұрғын немес, шаруашылық мақсатта пайдаланылған деген болжам жасалады. Себебі олардың ішінен жылыту жүйесіне тән элементтер тандыр, ошақ, ташнау немесе сыпа секілді тұрмыстық нысандар табылған жоқ. Бұл жағдай бөлмелердің қойма немесе өндірістік қызмет атқарғанын көрсетеді. Оңтүстік шетте орналасқан бірінші бөлменің өлшемі 4,4×2,9 метр. Қабырғаларының қалыңдығы шамамен 65 см, ал сақталған биіктігі 50–60 см аралығында. Қабырға беттерінің ішкі және сыртқы жағынан сылақ іздері байқалады, бұл олардың белгілі бір дәрежеде өңделгенін көрсетеді. Бөлмеге кіретін есік оңтүстік қабырғаның орта тұсында орналасқан, ені шамамен 1,1 метр. Аталған есіктің батыс жағынан бөлме ішін кесіп өтетін астық сақтауға арналған қамбаның қалдығы аршылды. Қамба құрылымы екі бөлікке бөлінген: шағын бөлігінің көлемі 1×1,3 м, ал үлкен бөлігінің өлшемі 1,3×1,7 м. Оның қабырғалары жарты кірпіш қалау тәсілімен тұрғызылған, сақталған биіктігі шамамен 50 см. Жалпы алғанда, анықталған құрылымдар үшінші құрылыс қабатының шаруашылық бағыттағы нысандардан тұрғанын және азық-түлік сақтауға бейімделген кеңістіктер болғанын айғақтайды. Қамба орналасқан бөлменің қапталындағы екінші бөлмеден қандай да бір ішкі құрылыс элементтері анықталған жоқ. Бұл кеңістіктің жалпы өлшемі 4,3×2,7 метрді құрайды. Қабырғаларының қалыңдығы мен құрылыс техникасы бірінші бөлмемен сәйкес келеді. Құрылыста 36×18×10 см және 30×20×10 см көлеміндегі қам кесектер пайдаланылған. Аталған қабаттың мерзімін айқындауда табылған заттай деректер маңызды рөл атқарды. Бөлмелердің бірінің еден деңгейінен 1891 жылы соғылған бір тиын табылды. Нумизматикалық материал бұл құрылыс кезеңін XIX ғасырдың соңына жатқызуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар археологиялық материалдар қатарынан түбінде «Кузнецовтың фабрикасы» деген таңбасы бар фарфор ыдыстардың сынықтары анықталды. Олар жұқа, ақ түсті үш табақтың бөліктері. Бұдан бөлек, шыныдан жасалған пілтелі майшамның қалдықтары кездесті. Майшамның пілте бекітілетін жоғарғы бөлігі темірден жасалғанымен, коррозияға ұшырап, қатты бүлінген. Ал май құятын және ұстауға арналған бөліктері толықтай жұқа шыныдан жасалған. Шыны ыдыстың сыртқы беті көк түспен боялған, алайда бояу қабаты ылғал әсерінен еріп, сақталмаған. Аталған деректер үшінші құрылыс қабатының XIX ғасырдың соңына тән екендігін, сондай-ақ бұл кезеңде тұрмыстық бұйымдардың фабрикалық өндіріс өнімдерімен толыққанын көрсетеді.

Төртінші құрылыс қабаты алдыңғы деңгейден шамамен 35 см төменде анықталды. Бұл стратиграфиялық қабаттан қам кесектен тұрғызылған екі бөлменің қалдықтары аршылды. Оңтүстік-шығыс бөлікте орналасқан бөлменің көлемі 3,8×3,5 метрді құрайды. Оның солтүстік-шығыс қабырғалары салыстырмалы түрде жақсы сақталған, ал басқа тұстарында қабырғалардың тек ізі ғана байқалады. Сақталған бөлігінің биіктігі 25–30 см шамасында. Оңтүстік-батыс қабырғаның қазба шекарасына тірелетін тұсында тағы екі бөлменің жобалық іздері аңғарылады, алайда олар қазба алаңынан тыс орналасқандықтан толық зерттелмеді. Аталған қабатты аршу барысында сырлы керамика сынықтарының едәуір саны табылды. Үлкен бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышына жақын маңнан бұзылған ташнаудың орны анықталды. Осы жерден ташнау құрамында пайдаланылған ернеуі сынған, бірақ денесі бүтін құмыра және оның сыртына орнатылған қос тұтқалы құты табылды. Екі керамикалық бұйым да археологиялық тұрғыдан бүтін сақталған, реставрация жасауға мүмкіндік

бар. Заттардың технологиялық ерекшеліктері, пішіні мен сәндік сипаттамалары оларды XVIII ғасыр керамикасына жатқызуға негіз береді. Бұл деректер төртінші құрылыс қабатының мерзімін анықтауда маңызды көрсеткіш болып табылады.

Бесінші құрылыс қабатының еден деңгейі қазбаның қазіргі бетінен шамамен 2,5 метр тереңдікте анықталды. Бұл стратиграфиялық деңгейде бөлмелердің толық жоспарлық өлшемдерін белгілеу мүмкін болмады, себебі құрылымдардың бір бөлігі ғана ашылды. Қазба алаңының оңтүстік-батыс бұрышынан ұзындығы 2,5 метр, қалыңдығы 65 см және сақталған биіктігі 40 см болатын қабырғаның бір бөлігі аршылды. Осы қабырғаға қарама-қарсы, солтүстік бұрышта өлшемі 1×0,8×0,2 метр болатын төртбұрышты сыпа анықталды. Сыпаның жиегі қырынан қаланған қам кесектермен шектелген, бұл оның арнайы тұрмыстық мақсатта салынғанын көрсетеді. Сыпадан шығыс бағытта шамамен 1 метр қашықтықта ернеуінің диаметрі 50 см болатын жер тандыр жақсы сақталған күйде табылды. Тандырдың бір шетіне жалпақ тастар қойылған. Оның аузы шығыс жаққа бағытталған, ені 70 см, тереңдігі 40–45 см болатын қуыс арқылы еден деңгейіне ашылған. Аталған қуыс толықтай күйген керамика сынықтарымен толтырылған. Мұнда сырлы және сырланбаған ыдыстардың қалдықтары көптеп кездесті. Ыдыстардың басым бөлігі бастапқыда бүтін болғаны байқалады, алайда күшті өрттің әсері мен кейінгі топырақ қабаттарының қысымы салдарынан сынған. Қуыс ішіндегі сынықтар тазартылған соң, оның түбінде еден бетіне тас төселгені анықталды. Тандыр аузына қарсы орналасқан шағын көлемдегі ташнау да аршылды. Құрылымдық белгілер мен табылған керамикалық материалдардың технологиялық және стильдік ерекшеліктеріне сүйене отырып, бұл қабаттан шыққан ыдыстар XVI–XVII ғасырларға жатқызылды. Жалпы алғанда, бесінші құрылыс қабаты тұрғын үй кешенінің айқын белгілерін көрсетеді және оның от жағу, тамақ дайындау, тұрмыстық қажеттіліктерді өтеу мақсатында пайдаланылғанын айғақтайды.

Қорытындылай келе, 2012 жылғы археологиялық зерттеулер уақыт пен қаржы шектеулеріне байланысты толық аяқталмаса да, қаланың мерзімін нақтылауға және тарихи даму кезеңдерін айқындауға мүмкіндік беретін маңызды деректер мен қыш бұйымдар, тұрмыстық заттар, теңгелер сияқты құнды археологиялық материалдар жинақталды; қазіргі таңда олар зертханалық талдаудан өтіп, мәдени-хронологиялық жіктемені нақтылауға негіз болды.

Қорытынды

Қазақстан аумағында қалалық орталықтар қола дәуірінен бастап дамып, Сырдария мен Арал өңіріндегі ежелгі қоныстардан бастап ортағасырлық Созақ қалашығына дейін үздіксіз өркендеген. Археологиялық және жазба деректер Созақтың стратегиялық және мәдени маңызын, сондай-ақ оның бірнеше ғасыр бойы отырықшылық, сауда және қорғаныс қызметін атқарғанын дәлелдейді. Қалашықтың қазіргі географиялық орны мен сақталған қалдықтары оның Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи рөлін айқын көрсетеді.

Жазба деректер Созақ қаласының XIII ғасырдан бастап саяси және экономикалық маңызды орталық ретінде қалыптасқанын және оның сауда жолдары мен дипломатиялық байланыстарда рөл атқарғанын көрсетеді. Қала Қазақ хандығының құрылу кезеңінде стратегиялық және сауда тұрғысынан негізгі қалалардың бірі болып, XVI–XVII ғасырларда да мемлекеттік және әскери маңызын сақтаған. Сонымен қатар, Созақтың тарихы оның жан-жақты дамыған қалалық өмірі мен әскери бекініс ретіндегі рөлін әр кезеңде көрсететін деректермен дәлелденген.

Мақалада қолданылған жазба деректер, археологиялық қазба материалдары мен ауызша мәліметтерді тарихи-топографиялық, стратиграфиялық, хронологиялық және салыстырмалы әдістер арқылы талдау Созақ қаласының материалдық мәдениетін, құрылыс технологиясын және X–XVIII ғасырлар аралығындағы тарихи рөлін нақты бағалауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген археологиялық және топографиялық зерттеулер Созақ қалашығының көпқабатты стратиграфиялық құрылымын және оның ежелгі дәуірден орта ғасырға дейін үздіксіз дамыған ірі орталық болғанын дәлелдеді. Тарсатөбе мен кейінгі Созақ орындарының деректері қаланың саяси, экономикалық және мәдени маңызы әр кезеңде сақталғанын көрсетеді. Соңғы жылдардағы

заманауи барлау мен қазба жұмыстары ескерткіштің тарихи-топографиялық құрылымын нақтылап, оның цитадель, шаһристан және рабад бөліктерінен тұратын классикалық ортағасырлық қала жүйесіне сәйкес келгенін айқындады.

2012 жылғы археологиялық зерттеулер нәтижесінде Созақ қалашығының стратиграфиялық құрылымы айқындалып, оның XVI–XVII ғасырлардан XX ғасырға дейінгі бірнеше құрылыс кезеңдері анықталды. Қазба барысында табылған керамика, нумизматикалық деректер және тұрмыстық бұйымдар қаланың тарихи даму эволюциясын кезең-кезеңімен қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Зерттеу толық аяқталмағанымен, жиналған материалдар қалашықтың мәдени-хронологиялық жүйесін нақтылауға берік ғылыми негіз қалады.

Мақала AP32322397 «Ортағасырлық Есейтөбе қалашығын археологиялық және пәнаралық тұрғыда кешенді зерттеу» атты гранттық жоба аясында жазылды.

Әдебиет

1. Агеева Е.И., Пацевич Г.И., 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. V: Археология. Алма-Ата. С. 3–215.

2. Акишев К.А., 2013. Древние и средневековые государства на территории Казахстана (Этюды исследования). Алматы. 192 с.

3. Археологическая карта Казахстана. 1960. Алма-Ата. 449 с.

4. Байпаков К.М., 2014. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга III: Урбанизация Казахского ханства во второй половине XV-XVIII в. Алматы. 534 с.

5. Большой Библейский словарь. 2005. Санкт-Петербург. С. 1522.

6. Бичурин Н.Я. (ИАКИНФ)., 1997. Средняя Азия и Восточный Туркестан. Алматы. 352 с.

7. Білім және ғылым министрлігінің 2006-2008 жылдарға арналған іргелі зерттеулер гранты бойынша орындалған «Қаратаудың археологиялық ескерткіштері» ғылыми жобаның 2007 жылғы (аралық) есебі. 2008. Түркістан / Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Археология ғылыми-зерттеу орталығының архиві. 10-кітап. 97-98 бб.

8. Варфоломеев В.В., 2011. Кент – город бронзового века // Свидетели тысячелетий: археологическая наука Казахстана за 20 лет (1991-2011): Сборник научных статей. Алматы. С. 85-96.

9. Гандакеци К., 1976. История Армении. Москва. 356 с.

10. Древнетюркский словарь. 1969. Л. 676 с.

11. Ерзакович Л.Б., 1971. Древние города Казахстана. Алма-Ата. 211 с.

12. Елеуов М., 2009. Тұран археологиялық экспедициясының 2007-2008 жылдарда Созақ ауданында жүргізген археологиялық зерттеулері // III халықаралық Түркология конгресі. Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе). Түркістан. 447-453 бб.

13. Елеуов М., 2008. Қарақұр ескерткіштері. Алматы: АБДИ Компани АҚ. 49-57 бб.

14. Елеуов М., 2010. Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың ортағасырлық қалалары мен елді мекендерінің 1960 жылдан кейінгі ашылу тарихы // Вестник КазНУ. Серия историческая, № 2 (57). 179-191 бб.

15. Жанұзақов Т.Ж., 2008. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс. 968 б.

16. Зданович Г.Б., Батанина И.М., 2007. Аркаим – страна городов. Пространства и образ. Челябинск. С. 40-55.

17. Извлечение из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыганак. 2005. Туркестан: Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави. 96 с.

18. История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. 2007. Алматы. Т.VI. 516 с.

19. Курышжанов А.К., 1970. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. – «тюркско-арабского словаря». Алма-Ата. 220 с.

20. Қашқари М., 1997. Түрік тілінің сөздігі: Диуани лұғат-ат-түрік. Алматы: Хант. Т. 3. 595 б.

21. Маргулан А.Х., 1950. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата. 122 с.

22. Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII века (извлечения из персидских и тюркских сочинений). 1969. Алма-Ата. 652 с.

23. Оңдасынов Н.Д., 1974. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы. «Қазақстан». 384 б.

24. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. 1994. Алматы. № 542. С. 248-249.

25. Тәбірізұлы С., 2007. Созақ өңірі. Алматы. 432 б.

References

1. Ageeva E.I., Patsevich G.I., 1958. Iz istorii osedlykh poseleniy i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan] // Trudy Instituta istorii, arkheologii i etnografii AN KazSSR. T. V: Arkheologiya. Alma-Ata. P. 3–215. [in Russian]

2. Akishev K.A., 2013. Drevnie i srednevekovye gosudarstva na territorii Kazakhstana (Etyudy issledovaniya) [Ancient and medieval states on the territory of Kazakhstan (Research studies)]. Almaty. 192 p. [in Russian]

3. Arkheologicheskaya karta Kazakhstana [Archaeological map of Kazakhstan]. 1960. Alma-Ata. 449 p. [in Russian]

анализ позволил выявить ключевые темы и концепты, связанные с именем Зайберта В.Ф. в медийном пространстве. Систематизация данных помогла объединить разрозненные факты в целостную картину его работы. С помощью историко-биографического метода был восстановлен его жизненный путь и становление научного мировоззрения. Кроме того, сравнительно-исторический метод позволил проанализировать эволюцию его взглядов и оценить значение его открытий для мировой археологии.

В представленных материалах газеты «Акмолинская правда» личность и научное наследие В.Ф. Зайберта освещаются с исключительной полнотой и глубиной. Газета выступает не просто как пассивный регистратор событий, но как активный участник процесса популяризации его идей. Тема раскрыта многогранно: через призму его главного открытия – Ботайской культуры, ее характеристики и мирового значения; через его роль как педагога и наставника, воспитавшего новое поколение археологов; через его общественную позицию как гражданина, глубоко переживающего за историческое будущее страны. Материалы газеты показывают, что интерес к личности и работам ученого сохранялся на высоком уровне на протяжении всего исследуемого периода, что указывает на постоянную научную и общественную значимость его наследия. Публикации свидетельствуют о признании его заслуг как в Казахстане, так и за рубежом. В частности, он был избран членом-корреспондентом Германского археологического института в Берлине, а также выступал с лекциями в таких авторитетных научных центрах, как университеты Оксфорда и Эдинбурга.

Анализ

Публикации позволяют проследить истоки становления Виктора Федоровича Зайберта как личности и ученого. Он родился в 1947 году в селе Николаевка Есильского района Северо-Казахстанской области в семье депортированных немцев. В интервью он подчеркивал, что родители, несмотря на пережитые тяготы, сумели воспитать в детях «доброту, уважение к труду и, конечно, немецкий порядок», а также «доскональность, скрупулезность, преданность своему делу» (Митчинова, 2013). Эти качества стали залогом его будущих научных успехов. Его судьба была неразрывно связана с казахской землей, о чем он говорил: «Я благодарен судьбе, что живу здесь. По-настоящему изучить историю страны можно только, родившись на этой земле, будучи частью народа» (Митчинова, 2017б). Его знаменитая фраза, произнесенная в Каире: «Я немец, но немец казахского народа», – стала его жизненным кредо, отражающим глубокую интеграцию и преданность своей Родине (Митчинова, 2013). Его профессиональная деятельность была тесно связана с городом Кокшетау: работа в КГУ им. Ш. Уалиханова, руководство научным центром «Кокше», руководство Кокшетаускими археологическими экспедициями (Маржикпаев, 2022).

Центральное место в материалах газеты занимает открытие и исследование ученым Ботайской археологической культуры. В 1980 году В.Ф. Зайберт обнаружил поселение Ботай на берегу реки Иман-Бурлук, что положило начало изучению нового пласта древней истории степной Евразии Как отмечают авторы статей, это открытие стало «матрицей степной цивилизации», «точкой притяжения для историков и туристов» (Шинтимирова, 2014; Шакшаков, 2023).

Анализ публикаций позволяет выделить несколько фундаментальных аспектов значения Ботайской культуры, обоснованных В.Ф. Зайбертом:

Первичная доместикация лошади. Это ключевое открытие, неоднократно подчеркиваемое в статьях. Виктор Федорович и его команда предоставили комплекс доказательств того, что именно в степях Северного Казахстана в IV-III тыс. до н.э. впервые в мире была одомашнена лошадь (Митчинова, 2023, Чайка, 2015). Среди доказательств: патологии на зубах лошадей от удил, обнаружение костяных элементов уздечки, огромное количество костей лошадей на поселениях, до 99% от всех остеологических находок (Яковлева, 2022, Шакшаков, 2023). Эти доказательства, по словам ученого, опровергают существовавшую европоцентристскую теорию одомашнивания лошади.

Древнейшее кумысоделие. Сенсацией стало обнаружение на стенках глиняных сосудов жировых молекул кобыльего молока (Митчинова, 2023; Бейсенбайкызы, 2023). В 2000-х годах исследования, проведенные совместно

с британскими учеными, окончательно подтвердили этот факт. Это свидетельствовало о сложившейся производящей экономике (Шакшаков, 2023).

Высокий уровень материальной и духовной культуры. Ботайцы были искусными мастерами. Они изготавливали орудия из камня и кости, такие как наконечники стрел, ножи, скребки, проколки, также керамическую посуду с геометрическим орнаментом (Митчинова, 2023). Особое внимание в статьях уделяется находке черепа со следами трепанации, что говорит о наличии хирургических знаний (Шакшаков, 2023; Митчинова, 2023). Обряд кремации, обнаруженный на поселении Красный Яр, указывает на сложные мировоззренческие представления, связанные с культом огня и коня (Шакшаков, 2023).

Инновации в домостроительстве. Ботайцы строили капитальные полуземляночные жилища многоугольной формы площадью до 120 кв. м, с куполообразной крышей из бревен, которые по мнению ученого, стали прообразом казахской юрты (Смагулов, 2018; Шакшаков, 2019). Реконструкция таких жилищ легла в основу музея под открытым небом «Ботай-Бурабай».

Научная деятельность В.Ф. Зайберта не ограничивалась сугубо теоретическими изысканиями. Значительная часть его работы была сопряжена с непосредственной полевой практикой и педагогическим процессом. На протяжении многих лет он осуществлял руководство кафедрами и научно-исследовательскими археологическими центрами в высших учебных заведениях Северного Казахстана, сочетая академическую науку с подготовкой молодых специалистов-археологов. «У самого профессора Зайберта – множество учеников», – констатирует газета (Митчина, 2017б). Он организовывал масштабные экспедиции, в которые вовлекал студентов и школьников, считая это важнейшим элементом патриотического воспитания (Яковлева, 2022). По словам ученого «Если в молодежь ничего не вложили, то и спрашивать с нее нечего» (Митчинова, 2013).

В публикациях «Акмолинской правды» отмечается, что в рамках реализации государственной программы «Рухани жаңғыру» («Модернизация общественного сознания») деятельность В.Ф. Зайберта и его экспедиции приобрела новое, важное просветительское измерение (Яковлева, 2022; Ахмет, 2018). Полевые археологические школы, которые ученый организовывал на базе ключевых памятников, таких как Ботай, Красный Яр, Кошкарбай, стали регулярными и массовыми форматами вовлечения молодежи.

В.Ф. Зайберт был активным проводником идей, заложенных в программных статьях Первого Президента Республики Казахстан. В публикациях газеты особо подчеркивается активная позиция В.Ф. Зайберта как эксперта в рамках общенационального проекта «Сакральная география Казахстана». Ученый настаивал на включении в проект памятников Ботайской культуры, обосновывал, что данные памятники – это не периферия древних обществ, а колыбель одной из первых степных цивилизаций, основанной на инновационной производящей экономике. Включение Ботая в сакральную карту означало признание глубоких, автохтонных истоков степной культуры Казахстана, уходящих в энеолит (IV-III тыс. до н.э.). Виктор Федорович подчеркивал: «Сакральные объекты не имеют национальной принадлежности... они выступают в качестве символа национального единства и возрождения» (Нурсеитов, 2017).

В публикациях «Акмолинской правды» последовательно раскрывается, как теоретические концепции В.Ф. Зайберта материализовались в конкретные проекты национального и международного масштаба, выходящие далеко за рамки чистой археологии.

Разработанная ученым идея «культурно-патриотического туризма» имела не столько экономическое, сколько мировоззренческое измерение. Это была стратегия «оживления» археологического наследия, превращения его в ресурс для образования, формирования идентичности и регионального развития. Идеи В.Ф. Зайберта нашли воплощение в создании Государственного историко-культурного музея-заповедника «Ботай» и археолого-этнографического комплекса «Ботай-Бурабай» (Смагулов, 2018; Шакшаков, 2023, Салык, 2024).

Помимо фундаментальных научных открытий и многолетней полевой работы, Виктор Федорович Зайберт активно участвовал в популяризации археологического наследия и интеграции научного знания в широкий культурный и образовательный контекст.

Одним из наиболее значимых проектов в этой сфере стало его участие в качестве научного консультанта международной документальной кинотрилогии «EQUUS», посвященной истории доместикации лошади и ее роли в становлении человеческой цивилизации (Утеулина, 2017).

Материалы газеты рисуют портрет человека огромной внутренней культуры, целеустремленности и преданности науке. Его глубокая гражданская позиция проявлялась в рассуждениях о единстве казахстанского народа, основанном на общности исторической судьбы и взаимодополняющих культур. Он говорил о «евразийской сущности» казахстанского общества и необходимости разумного сочетания традиций и инноваций (Митчинова, 2017а; Митчинова, 2013).

Заслуги В.Ф. Зайберта в развитии гуманитарного знания были отмечены присвоением ему звания Члена-корреспондента Академии социальных наук Республики Казахстан. Данный статус присваивается ученым, внесшим существенный вклад в разработку фундаментальных проблем социально-гуманитарного направления и способствующим интеграции отечественной науки в мировое академическое пространство.

Закономерным итогом многолетних исследований ботайской культуры стало избрание ученого членом-корреспондентом Германского археологического института (Deutsches Archäologisches Institut, DAI) в 1997 году. Данный институт, основанный в 1829 году, является одной из старейших и престижных научно-исследовательских организаций в области археологии. Членство в нем предоставляется ученым, чьи открытия имеют фундаментальное значение для мировой науки и признаются международным академическим сообществом.

Особое место в научной биографии В.Ф. Зайберта занимает его лекционная деятельность в ведущих университетах Европы. В 1994 году по приглашению британских коллег он организовал в Кембриджском университете двухмесячную выставку «Истоки степной цивилизации», в рамках которой прочитал цикл лекций, посвященных ботайской культуре и проблемам доместикации лошади. Также, В.Ф. Зайберт выступал с научными докладами и лекционными курсами в Оксфордском университете (New College), Королевском университете Белфаста, Университете Ньюкасла и Эдинбургском университете (Актанов, 2016; Митчина, 2017б).

Результаты

Проведенный анализ статей областной общественно-политической газеты Казахстана «Акмолинская правда» позволяет сделать следующие выводы о результатах деятельности В.Ф. Зайберта:

1. Научная революция в археологии. Его работы привели к кардинальному пересмотру роли Казахстана в древней истории. Ботайская культура была признана самостоятельным очагом доместикации лошади, что поставило ее в один ряд с древнейшими центрами цивилизации.

2. Создание мощной источниковой базы. За годы раскопок на поселениях Ботай, Красный Яр и других было собрано более 300 тысяч артефактов, изучено более 100 жилищ. Этот материал является неисчерпаемым источником для дальнейших исследований.

3. Формирование научной школы. Благодаря его педагогической работе в Северном Казахстане сформировалась устойчивая школа археологов, продолжающая его дело.

4. Музеефикация и популяризация наследия. Его идеи напрямую способствовали созданию музея-заповедника «Ботай» и комплекса «Ботай-Бурабай», сделавших древнее наследие доступным для широкой публики и превратив его в туристический актив.

5. Интеграция в национальную идею. Труды Зайберта стали важной составляющей таких государственных программ, как «Рухани жаңғыру» и «Сакральная география Казахстана», обеспечив историческую глубину и научную обоснованность формирующейся концепции национальной истории.

Заключение

Публикации газеты «Акмолинская правда» представляют собой ценный и репрезентативный источник, всесторонне освещающий жизнь и многогранную деятельность Виктора Федоровича Зайберта. Его роль для истории и археологии Северного Казахстана имеет фундаментальное, определяющее значение. Он не просто открыл и исследовал древнюю культуру, но и сумел вписать ее в глобальный контекст истории человечества, доказав, что

казахская степь была одним из ключевых центров неолитической революции, связанной с одомашниванием лошади. Это открытие дало мощный импульс для развития национального самосознания.

Зайберт Виктор Федорович предстает в материалах газеты как ученый-новатор, талантливый организатор науки, мудрый педагог и гражданин с активной жизненной позицией. Его научное наследие, воплощенное в монографиях, статьях, тысячах артефактов и созданных музеях, продолжает активно работать на благо Казахстана. Оно заложило прочный фундамент для будущих изысканий и продолжает вдохновлять новые поколения исследователей на изучение бесконечного пространства истории родной земли. Его фигура по праву стоит в одном ряду с крупнейшими археологами Евразии, а его открытие Ботая стало неотъемлемой частью мирового культурного наследия.

Исследование выполнено в рамках реализации научного проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP26102637 «Исследование социально-экологической системы поселения бронзового века Карсак I с применением естественнонаучных методов»

Литература

1. Актанов А., 2016. Уроки истории от Виктора Зайберта // Акмолинская правда. 24 августа.
2. Ахмет К., 2018. Находки старины // Акмолинская правда. 20 июня.
3. Бейсенбайкызы Б., 2023. Сакральный напиток // Акмолинская правда. 24 марта.
4. Ботайская культура. Совместный проект в Бурабае. 2017. // Акмолинская правда. 25 сентября.
5. Вклад в копилку истории. 2021. // Акмолинская правда. 30 июля.
6. Даутов С., 2013. Обращаясь к истокам // Акмолинская правда. 25 декабря.
7. Для духовного потенциала нации. 2019. // Акмолинская правда. 23 октября.
8. Жандос А., 2014. Как рождается чудо // Акмолинская правда. 19 мая.
9. Зайберт В.Ф., 2009. Ботайская культура. Алматы: ҚазАқпарат. 576 с.
10. Зайберт В.Ф., 2011. Ботай. У истоков степной цивилизации. Книга-альбом. Алматы: Балауса. 480 с.
11. Маржикпаев Е., 2022. Виктор Федорович Зайберт [Некролог] // Акмолинская правда. 21 апреля.
12. Митчинова Н.И., 2013. Смысл жизни профессора Зайберта // Акмолинская правда. 26 ноября.
13. Митчинова Н.И., 2017а. Для любой цивилизации важно... // Акмолинская правда. 3 августа.
14. Митчинова Н.И.,2017б. Феномен профессора Зайберта // Акмолинская правда. 2 ноября.
15. Митчинова Н.И., 2023. Ботай. Какими они были? // Акмолинская правда. 8 сентября.
16. Нурсеитов М., 2017. О ценностях без сроков давности // Акмолинская правда. 14 июня.
17. Салык Г., 2024. Ботай: пространство истории // Акмолинская правда. 31 января.
18. Салык Г., 2024. Посланья старины глубокой // Акмолинская правда. 16 октября.
19. Смагулов С., 2018. Свет Ботая – сквозь тысячелетия // Акмолинская правда. 9 июля.
20. Таева А.,2017. Находки урочища Кошкарбай // Акмолинская правда. 5 июля.
21. Утеулина Р., 2017. Кинотрилогия покажет, где начинались великие новации // Акмолинская правда. 14 августа.
22. Чайка А., 2015. Ботай. Где родилась степная цивилизация // Акмолинская правда. 20 ноября.
23. Шакшаков К., 2023. Ботай – точка притяжения для историков и туристов // Акмолинская правда. 24 июля.
24. Шакшаков К., 2019. Семь граней великой степи: Историко-культурный феномен... // Акмолинская правда. 30 января.
25. Шинтимирова Б.,2014. Приоткрывая завесу тайны // Акмолинская правда. 15 августа.
26. Яковлева Н.,2022. Свидетели ушедшей эпохи // Акмолинская правда. 6 августа.

Reference

1. Aktanov A., 2016. Uroki istorii ot Viktora Zaiberta [History lessons from Viktor Zaibert] // Akmolinskaya pravda. 24 August. [in Russian]

2. Akhmet K., 2018. Nakhodki stariny [Finds of antiquity] // Akmolinskaya pravda. 20 June. [in Russian]

3. Beisenbaikyzy B., 2023. Sakral'nyy napitok [Sacred drink] // Akmolinskaya pravda. 24 March. [in Russian]

4. Botaiskaya kultura. Sovmestnyy proekt v Burabae. [Botai culture. Joint project in Burabay]. 2017. // Akmolinskaya pravda. 25 September. [in Russian]

5. Vklad v kopilku istorii [Contribution to the piggy bank of history]. 2021. // Akmolinskaya pravda. 30 July. [in Russian]

6. Dautov S., 2013.Obrashchayas k istokam [Appealing to the origins] // Akmolinskaya pravda. 25 December. [in Russian]

7. Dlya dukhovnogo potentsiala nacii [For the spiritual potential of the nation]. 2019.// Akmolinskaya pravda. 23 October. [in Russian]

8. Zhandos A., 2014. Kak rozhdaetsya chudo [How a miracle is born] // Akmolinskaya pravda. 19 May. [in Russian]

9 .Zaibert V.F., 2009.Botaiskaya kultura [Botai culture]. Almaty: KazAkparat. 576 p. [in Russian]

10. Zaibert V.F., 2011. Botai. U istokov stepnoy civilizatsii. Kniga-albom [Botai. At the origins of steppe civilization. Book-album]. Almaty: Balausa. 480 p. [in Russian]

11. Marzhikpaev E., 2022. Viktor Fedorovich Zaibert [Nekrolog] [Viktor Fedorovich Zaibert (Obituary)] // Akmolinskaya pravda. 21 April. [in Russian]

12. Mitchinova N.I., 2013. Smysl zhizni professora Zaiberta [The meaning of life of Professor Zaibert] // Akmolinskaya pravda. 26 November. [in Russian]

13. Mitchinova N.I., 2017a.Dlya lyuboy tsivilizatsii vazhno... [For any civilization it is important...] // Akmolinskaya pravda. 3 August. [in Russian]

14. Mitchinova N.I., 2017b.Fenomen professora Zaiberta [The phenomenon of Professor Zaibert] // Akmolinskaya pravda. 2 November. [in Russian]

15. Mitchinova N.I., 2023. Botai. Kakimi oni byli? [Botai. What were they like?] // Akmolinskaya pravda. 8 September. [in Russian]

16. Nurseitov M., 2017. O tsennostyakh bez srokov davnosti [On timeless values] // Akmolinskaya pravda. 14 June. [in Russian]

17. Salyk G., 2024. Botai: prostranstvo istorii [Botai: space of history] // Akmolinskaya pravda. 31 January. [in Russian]

18. Salyk G., 2024. Poslaya stariny glubokoy [Messages of deep antiquity] // Akmolinskaya pravda. 16 October. [in Russian]

19. Smagulov S., 2018.Svet Botaya – skvoz tysyacheletiya [The light of Botai – through millennia] // Akmolinskaya pravda. 9 July. [in Russian]

20. Taeva A., 2017. Nakhodki urochishcha Koshkarbai [Finds of the Koshkarbai tract] // Akmolinskaya pravda. 5 July. [in Russian]

21. Uteulina R., 2017. Kinotrilogiya pokazhet, gde nachinalis velikie novacii [The film trilogy will show where great innovations began] // Akmolinskaya pravda. 14 August. [in Russian]

22. Chaika A.,2015. Botai. Gde rodilas stepnaya tsivilizatsiya [Botai. Where steppe civilization was born] // Akmolinskaya pravda. 20 November. [in Russian]

23. Shakshakov K., 2023. Botai – tochka prityazheniya dlya istorikov i turistov [Botai – attraction point for historians and tourists] // Akmolinskaya pravda. 24 July. [in Russian]

24. Shakshakov K., 2019. Sem granei velikoy stepi: Istoriko-kulturnyy fenomen... [Seven facets of the Great Steppe: Historical and cultural phenomenon...] // Akmolinskaya pravda. 30 January. [in Russian]

25. Shintimirova B., 2014. Priotkryvaya zavesu tayny [Lifting the veil of mystery] // Akmolinskaya pravda. 15 August. [in Russian]

26. Yakovleva N., 2022. Svideteli ushedshey epokhi [Witnesses of a bygone era] // Akmolinskaya pravda. 6 August. [in Russian]

Брынза Т. В.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
e-mail: tanechka83-83@mail.ru

В. Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ ОНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МЕН АРХЕОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ РӨЛІ («АКМОЛИНСКАЯ ПРАВДА» ГАЗЕТІ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Андатпа. Мақалада Қазақстанның облыстық қоғамдық-саяси газеті «Акмолинская правда» 2013-2024 жылдар аралығындағы жарияланымдарына кешенді талдау жасау арқылы көрнекті қазақстандық археолог Виктор Федорович Зайберттің өмір жолы, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі қайта жаңғыртылады. Зерттеудің негізгі мәселесі – оның көпқырлы қызметін саралау қажеттілігі. Автор зерттеу барысында мақалаларды жан-жақты талдап, материал ретінде ғалыммен жүргізілген сұхбаттар, қазбалардан репортаждар, әріптестердің аналитикалық шолулары және ресми хабарламалар қолданылды. Жарияланымдар жиынтығын талдау «Акмолинская правда» газеті В.Ф. Зайберт бейнесін қалыптастыру барысында басты тақырыптарды жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік берді. Соның ішінде басты тақырыптардың бірі – энеолит дәуіріндегі Ботай археологиялық мәдениеті ескерткіштерінің ашылуы мен жан-жақты зерттелуі. Газет бұл жаңалықтың төңкерістік маңызын бірізді түрде ашып көрсетеді, өйткені ол археологиялық картаға жаңа ескерткішті қосып қана қоймай, даланың ежелгі тарихы туралы ғылыми түсініктерді түбегейлі өзгертті. Тағы бір маңызды тақырып – оның ғылыми жаңалықтарының мемлекеттік бағдарламаларға интеграциялануы. Ғалымның идеялары «Рухани жаңғыру» және «Қасиетті география» бағдарламаларын нақты тарихи мазмұнмен, терең хронологиялық перспективамен және материалдық негізбен қамтамасыз етті. Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, Виктор Федорович – терең ойлы археолог, оның өткенге қатысты идеялары тікелей еліміздің қазіргі және болашақ өмірімен байланысты болды.

Кілт сөздер: «Акмолинская правда», Зайберт В.Ф., археология, Солтүстік Қазақстан, Ботай мәдениеті, жылқының қолға үйретілуі, дала өркениеті.

Дәйексөз үшін: Брынза Т. В. В. Ф. Зайберт және оның Солтүстік Қазақстан тарихы мен археологиясын зерттеудегі рөлі («Акмолинская правда» газеті материалдары бойынша)// Мәдени мұра. 2026. №1 (112). бб. 92-100 (рус.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.08

Brynza T. V.
L.N. Gumilyov Eurasian national university
Astana, Kazakhstan
e-mail: tanechka83-83@mail.ru

V.F. ZAIBERT AND HIS ROLE IN THE STUDY OF THE HISTORY AND ARCHAEOLOGY OF NORTHERN KAZAKHSTAN (BASED ON MATERIALS FROM THE NEWSPAPER “AKMOLINSKAYA PRAVDA”)

Abstract. This article, based on an analysis of publications in the newspaper “Akmolinskaya pravda” from 2013 to 2024, reconstructs the life, scientific, pedagogical and social activities of the outstanding Kazakh archaeologist Viktor Fedorovich Zaibert. The main problem is the need to comprehend his multifaceted activities. The author analyzed articles, interviews with the scientist, excavation reports, analytical reviews of colleagues and official messages. The

analysis of publications revealed the key topics around which the newspaper built the image of V.F. Zaibert. The main topic is the discovery and comprehensive study of the sites of the Botai archaeological culture of the Eneolithic era. The newspaper reveals the revolutionary nature of this discovery, which radically changed the scientific understanding of the ancient history of the steppes. Another important topic is the integration of his discoveries into state programs. The scientist's ideas provided the programs "Rukhani Zhangyru" and "Sacral Geography" with concrete historical content, deep chronological perspective and material foundation. The study shows that Viktor Fedorovich was an archaeologist with deep thinking, whose ideas about the past directly related to the present and future of the country.

Keywords: "Akmolinskaya pravda", Zaibert V.F., archaeology, Northern Kazakhstan, Botai culture, horse domestication, steppe civilization.

For citation: Brynza T. V. V.F. Zaibert and his role in the study of the history and archaeology of Northern Kazakhstan (based on materials from the newspaper "Akmolinskaya pravda")// Madeni mura. 2026. №1 (112). pp. 92-100 (in Rus.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.08

Сведения об авторе:

Брынза Татьяна Васильевна, магистр гуманитарных наук, докторант кафедры археологии и этнологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, старший научный сотрудник НИИ археологии им. К.А. Акишева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-7921-6642

Scopus ID: 58104953700

Автор туралы мәлімет:

Брынза Татьяна Васильевна, гуманитарлық ғылымдар магистры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Археология және этнология кафедрасының докторанты, К.А. Ақышев атындағы Археология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-7921-6642

Scopus ID: 58104953700

Information about author:

Brynza Tatyana Vasilievna, Master of Arts in the Humanities, Doctoral student at the Department of Archaeology and Ethnology of L.N. Gumilyov Eurasian National university, Senior Researcher at the Research Institute of Archaeology named after K.A. Akishev, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-7921-6642

Scopus ID: 58104953700

Этнология/ Ethnology/ Этнология

ҒТАМР: 16.21.51 https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.09

Балтабай Д.Ә.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
e-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru

ӘБІЛҒАЗЫ БАһАДҮР ХАН ШЕЖІРЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН БІРҚАТАР ЭТНОНИМДЕРДІҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін бірқатар түркі этнонимдерінің шығу тарихы мен семантикалық дамуы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – шежірелік мәтінде берілген этнонимдерге қатысты халықтық этимология үлгілерін анықтап, оларды қазіргі түркологиядағы ғылыми тұжырымдармен салыстыру арқылы этнонимдердің тарихи-этнолингвистикалық табиғатын ашу. Зерттеу материалы ретінде XVII ғасырда жазылған Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі алынып, қарлық/қарлұқ, қыпшақ, ұйғыр, татар, қытай сияқты этнонимдер талдау нысаны ретінде қарастырылды. Аталған жәдігер – түркі халықтарының тарихынан, мәдениетінен, этнографиясынан құнды мәліметтер беретін орта ғасырлық жазба ескерткіш. Бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Зерттеу барысында сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық және этимологиялық талдау әдістері қолданылды. Талдау нәтижесінде шежіреде кездесетін этнонимдердің басым бөлігі нақты лингвистикалық этимологиядан гөрі халықтық-мифологиялық түсіндірулерге негізделетіні анықталды. Сонымен қатар, этнонимдердің қалыптасуында табиғи-географиялық, әлеуметтік және саяси факторлардың маңызды рөл атқарғаны көрсетілді. Мақалада шежірелік деректердің этнонимдерді ғылыми тұрғыдан тікелей дәлелдеуден гөрі, түркі халықтарының тарихи жады мен этникалық өзін-өзі тану жүйесін сипаттаудағы маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижелері түркі этнонимдерін кешенді тұрғыдан қарастыруға және шежірелік деректерді этнолингвистикалық талдауда тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: этноним, этимология, шежіре, тарих, семантика, этника, түркі жазба мұралары.

Дәйексөз үшін: Балтабай Д.Ә. Әбілғазы Баһадүр хан шежіресінде кездесетін бірқатар этнонимдердің шығу тегі // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). бб. 101-112 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.09

Кіріспе

Тіл білімінде этнонимдердің лексика-семантикалық табиғатын айқындау, олардың шығу тегін, тарихи-этнографиялық мазмұнын зерделеу маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Жалқы есімдерді лингвистикалық тұрғыдан талдау барысында оларды белгілі бір халықтың дүниетанымы, рухани мәдениеті, салт-дәстүрі мен тарихи тәжірибесімен өзара байланыста қарастыру қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, этнонимдер тек тілдік бірлік ретінде ғана емес, этностың тарихи жады мен өзіндік болмысын бейнелейтін маңызды дереккөз қызметін атқарады.

Этимологиялық зерттеулерде жалпы тіл білімінде қалыптасқан әдіс-тәсілдер жалқы есімдердің шығу тегін анықтауда да кеңінен қолданылады. Лексикалық бірліктердің этимологиясын айқындауда пайдаланылатын сипаттамалы, салғастырмалы, тарихи-салыстырмалы, фонетикалық және морфологиялық әдістер ономастикалық

атаулардың табиғатын талдауда да негізгі ғылыми құралдар болып табылады. Бұл әдістер этнонимдердің бастапқы мағынасын, құрылымдық ерекшелігін және тарихи даму жолын анықтауға мүмкіндік береді.

Жекелеген лексикалық бірліктердің, соның ішінде этнонимдердің этимологиясын зерттеу түркітану ғылымында XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі сипат алды. Алғашқы кезеңде бұл мәселе орыс шығыстанушылары мен түркітанушыларының еңбектерінде салыстырмалы-тарихи бағытта қарастырылды. В.В. Радлов, Л.З. Будагов, А.Н. Кононов,

Н.А. Баскаков еңбектерінде түркі тілдеріндегі этнонимдер мен ономастикалық атаулардың шығу тегі мен тарихи қалыптасуы ғылыми тұрғыдан талданды (Радлов, 1893; Будагов, 1869; Кононов, 1958; Баскаков, 1960).

Кеңестік кезеңде этнонимдер тарихи-этнологиялық бағытта да қарастырыла бастады. Л.Н. Гумилев этнонимдерді этностардың тарихи тағдырымен және геосаяси кеңістікпен байланыстыра түсіндірді (Гумилев, 1967). Қазіргі кезеңде этнонимдер тіл мен мәдениеттің, тарихи жад пен этникалық сананың көрінісі ретінде қарастырылып келеді. Ә. Қайдар,

Қ. Сартқожаұлы, Т. Қайыркен еңбектерінде этнонимдердің семантикалық құрылымы мен этномәдени мазмұнына арнайы талдау жасалған (Қайдар, 1998; Сартқожаұлы, 2003; Қайыркен, 2010). Сонымен қатар, этнонимдерге қатысты деректер «Древнетюркский словарь» еңбегінде (ДТС, 1969), сондай-ақ Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» (Қашғари, 1997) шығармасында жүйеленген.

Ономастикалық атаулардың, соның ішінде этнонимдердің этимологиясын анықтау бірқатар объективті қиындықтармен байланысты. Мұндай атаулардың қалыптасуы көбіне ұзақ тарихи кезеңдерді қамтып, тілдік өзгерістермен қатар этникалық, географиялық және әлеуметтік факторлардың ықпалына ұшырайды. Сондықтан этнонимдердің шығу тегін зерттеу барысында тілдік деректерді тарихи, географиялық және этнографиялық мәліметтермен ұштастыра отырып, кешенді талдау жүргізу қажеттілігі туындайды.

Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресі түркі халықтарының этникалық тарихын, тайпалық құрылымын және этнонимдерінің шығу тегін зерделеуде маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Аталған еңбекте кездесетін этнонимдердің тарихи және этимологиялық ерекшеліктері бірқатар зерттеушілердің назарын аударған. Атап айтқанда, орыс ғалымы А.Н. Кононовтың «Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского» (Кононов, 1958: 56) және түрік ғалымы З.К. Өлмездің «Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütügü)» (Ölmez, 1996: 273) атты монографиялық еңбектерінде Әбілғазы шежіресіндегі этнонимдерге қатысты бірқатар құнды ғылыми тұжырымдар берілген. Бұл еңбектер зерттеліп отырған тақырыптың деректік және теориялық негізін құрайды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында «Шежіре-и теракиме» шығармасының Ташкент нұсқасы негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Бұл қолжазба Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Шығыстану институтының қорында (қолжазба №171, инв. №1522/V) сақтаулы (Ölmez, 1996: 25). Аталған мәтінді ғылыми айналымға енгізіп, транскрипциялаған түрік ғалымы З.К. Өлмез еңбегі зерттеуге өзек болды.

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» атты тарихи-шежірелік еңбегінің мәтіні алынды. Бұл еңбек түркі халықтарының шығу тегі, тайпалық құрылымы және этнонимдердің қалыптасуы жөнінде мол дерек қамтитын маңызды жазба ескерткіш болып табылады. Зерттеу барысында шежіреде кездесетін этнонимдер іріктеліп, олардың мәтіндік қолданысы, семантикалық жүктемесі және түсіндіру тәсілдері арнайы талданды.

Материал ретінде шежіренің ғылыми айналымда кеңінен қолданылып жүрген басылымдары пайдаланылды. А.Н. Кононовтың «Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского» (1958), З.К. Өлмездің «Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütügü)» (1996) атты негізгі дереккөздері шежіре мәтінін салыстыра қарастыруға, этнонимдердің әртүрлі нұсқаларын анықтауға және мәтіндік контекстті нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Әбілғазы шежіресінде кездесетін *Қарлық/Қарлұқ, Татар, Қытай (Кидан), Ұйғыр, Қыпшақ* сияқты этнонимдер нысан ретінде таңдалып, олардың шығу тегіне қатысты берілген аңыздық және түсіндірмелік деректер

жүйелі түрде қарастырылды. Сонымен қатар, шежірелік мәліметтер қазіргі түркологиядағы ғылыми тұжырымдармен салыстырылып, халықтық этимология мен ғылыми этимология арасындағы айырмашылықтар айқындалды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы тіл білімі мен ономастикада қолданылатын кешенді талдау тәсілдері құрайды. Атап айтқанда, сипаттамалы әдіс этнонимдердің шежіре мәтініндегі қолданысын, мағыналық реңкін және баяндау тәсілін анықтау үшін пайдаланылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс этнонимдердің әртүрлі дереккөздерде берілуін салыстырып, олардың тарихи дамуын айқындауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы шежірелік түсіндірулер М. Қашқари, В.В. Радлов, Б.А. Баскаков, П. Голден, С.Г. Кляшторный, В.В. Бартольд сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі деректермен салыстырылды.

Лексика-семантикалық талдау әдісі этнонимдердің түбірлік мағынасы мен семантикалық өрісін анықтауда қолданылды. Бұл тәсіл арқылы этнонимдердің табиғи ортаға, әлеуметтік қатынастарға немесе этникалық бірлестікке қатысты мағыналық негіздері айқындалды. Сонымен қатар, этимологиялық талдау әдісі халықтық және ғылыми этимология үлгілерін салыстырып, олардың қалыптасу себептерін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеуде контекстуалдық талдау әдісі де маңызды рөл атқарды. Әрбір этноним шежіре мәтініндегі нақты контекст аясында қарастырылып, оның қолданылу мақсаты мен семантикалық қызметі анықталды. Бұл тәсіл этнонимдерді дербес тілдік бірлік ретінде ғана емес, тұтас мәтіндік және тарихи жүйенің құрамдас бөлігі ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Осылайша, зерттеу барысында қолданылған материалдар мен әдістер этнонимдерді біржақты тілдік тұрғыдан емес, тарихи, этнографиялық және мәдени контексті ескере отырып кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Мұндай әдістемелік ұстаным Әбілғазы Баһадүр хан шежіресіндегі этнонимдердің ғылыми маңызын тереңірек ашуға және олардың түркі халықтарының этникалық тарихындағы орнын айқындауға жағдай жасайды.

Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі дереккөз ретінде XX ғасырдың ортасынан бастап арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналды. Бұл бағыттағы іргелі жұмыстардың бірі – А.Н. Кононовтың «Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского» атты еңбегі. Зерттеуші шежіре мәтінін ғылыми айналымға енгізіп, оның тілдік, тарихи және деректік ерекшеліктеріне жан-жақты сипаттама берді. Сонымен қатар,

А.Н. Кононов еңбегінде шежіреде кездесетін этнонимдерге қатысты бірқатар түсіндірмелер ұсынылғанымен, олар арнайы жүйелі этимологиялық талдау деңгейінде қарастырылмаған.

Түркиядағы тарихи тіл білімінде Әбілғазы шежіресін зерттеу З.К. Өлмездің еңбектерінде жалғасын тапты. Оның «Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütügü)» атты монографиясында шежіре мәтіні тілдік және текстологиялық тұрғыдан талданып, этнонимдер мен этнотопонимдерге қатысты маңызды мәліметтер берілген. Алайда бұл зерттеулерде этнонимдердің шығу тегі көбіне мәтіндік түсіндіру шеңберінде қалып, олардың халықтық және ғылыми этимологиясы арнайы салыстырмалы түрде қарастырылмаған.

Жекелеген этнонимдерге қатысты ғылыми пікірлер П. Голден, С.Г. Кляшторный, В.В. Бартольд еңбектерінде кеңінен қамтылған. Бұл ғалымдар қыпшақ, қарлұқ, татар сияқты этнонимдердің шығу тегін тарихи-деректік және салыстырмалы-этимологиялық тұрғыдан талдай отырып, ортағасырлық шежірелердегі аңыздық түсіндірулерді халықтық этимология ретінде бағалайды. Дегенмен, аталған зерттеулерде Әбілғазы шежіресіндегі этнонимдер кешенді түрде, бір жүйе аясында қарастырылмайды.

Осыған байланысты Әбілғазы Баһадүр хан шежіресінде кездесетін этнонимдердің шығу тарихын арнайы зерттеу қажеттілігі туындайды. Атап айтқанда, шежірелік мәтіндегі этнонимдерді халықтық этимология үлгілері ретінде талдап, оларды қазіргі түркологиядағы ғылыми тұжырымдармен салыстыру мәселесі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Бұл жағдай зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін айқындап, оның ғылыми жаңалығын негіздейді.

Осы зерттеу алдыңғы еңбектерде жинақталған деректерді жүйелей отырып, Әбілғазы шежіресіндегі этнонимдерді лексика-семантикалық, этимологиялық және этномәдени тұрғыдан кешенді талдауды мақсат етеді. Мұндай тәсіл этнонимдердің

тарихи қалыптасуын ғана емес, олардың түркі халықтарының этникалық санасындағы орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Талдау

Шежіре мәтінінде кездесетін этнонимдердің бірі – *Қарлық/Қарлұқ*. Аталмыш атаудың шығу тегі мен семантикасына байланысты түркітану ғылымында бірнеше тұжырым бар. Бірінші көзқарасқа сәйкес, Қарлық атауы көне аңыздық сипаттағы этнолингвистикалық түсіндірумен байланыстырылады. И.Н.Березин мен А.Н. Кононовтың жазбаларында қалың қарлы аймақта Оғыз қағаннан бөлініп қалған бірқатар тайпалар «қар адамдары» аталып, кейіннен Қарлықтар деп аталғаны айтылады (Махпиров, 1997: 105). М. Қашғари де өз еңбегінде қарлұқтарды «оғыздар секілді түркімендердің бір тармағы» деп сипаттайды (Қашғари, 1997: 533). Бұл дерек этнонимнің этномәдени негізін айқындап, оның оғыздық дәстүрмен байланысын көрсетеді. Екінші көзқарас – герман және түркі тілдері арасындағы тарихи параллельдерді зерттеген Г. Дёрфердің пікіріне негізделеді. Ғалымның пайымдауынша, қарлұқ сөзі көне түркі тіліндегі қар – «қосу, біріктіру, араластыру» түбірінен шыққан. Осылайша, қарлұқ атауының бастапқы мағынасы «біріккендер» немесе «араласқан тайпалар» болған (ДТС, 1969: 428). Бұл тұжырым тарихи-этникалық тұрғыдан қисынды, өйткені қарлұқтар үш тайпадан – чисы, ташылы және моула – құралғаны белгілі, сондықтан оларды ортағасырлық деректерде «үш оғыз» деп атаған (Қашғари, 1997: 534). Қарлық этнонимі этимологиясына қатысты үшінші көзқарас ғалым Б.Н. Бияровтың «Өр Алтайдың жер-су аттары» атты еңбегінде берілген: В.И. Иллич-Свитычтың ностратикалық реконструкцияларына сүйене отырып, қарр/кер/кр түбірлерінің ертедегі тілдерде «тау», «тас», «шың» мағыналарын білдіргенін көрсетеді. Осыдан ол қарлық этнонимін «таулық» немесе «тау тұрғындары» мағынасында түсіндіреді (Бияров, 2019: 14). Сонымен қатар, ғалым

Б.Н. Бияров Ибн-Калдунның мәліметін мысалға келтіре отырып, оның жазбаларында Мұзтау атауы Мұзқар түрінде тіркелген, қарлық атауы «таулық» деген мағынаны білдіреді деп көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, Қарлық атауы Тянь-Шань жотасының шығыс сілемдеріндегі Баркөлтаг және Қарлықтаг сияқты оронимдермен тығыз байланысты. Бұл жорамал географиялық-этникалық тұрғыдан негізді, өйткені қарлұқ тайпаларының тарихи қонысы дәл осы таулы аймақтар мен Моңғол Алтайының батыс бөлігіне дейін созылып жатқан (Бияров т.б., 2023: 295). Жалпы тарихи-лингвистикалық талдаулар нәтижесінде, Қарлық/Қарлұқ этнонимін «таулықтар», «Қарлықтаг тауының адамдары» немесе «таудан шыққандар» деген семантикалық өріспен байланыстыру қисынды.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде қарлық этнониміне қатысты мынадай дерек берілген: *Qış irdi, künler yaman savuq irdi. Gurniŋ taglarıga qar köp tüşüp irdi. Leşker xalqı yörmekke qınaldılar. Xan hükm qıldı-kim hiç kim mendin qalmasun tip barıp Gurnı aldı irse yel kelip yaz boldı. Leşkerniŋ sanın aldı, bir niçe kişi kem keldi, anlarnı sordı, hiç kim bilmediler. Bir niçe kündin soŋ ol kişiler xan xizmetiga keldiler. Xan anlarniŋ axvalin sordı irse aytdılar kim, bir niçe kişi leşkerniŋ soŋındın kele turur irdük. Tag içinde bir kiçe ulug qar yagdı. Andın soŋ yöriy bilmey uşol yerde yattuq. Atlarımız ve tivelerimiz barçası öldi. Bahar bolgandın soŋ piyade kele turur miz tidiler. Xan hükm qıldı, ol cemagatke Qarlıq disünler tip. Barça Qarlıq ili anlarniŋ nesilindin turur* (Қыс еді, күн қатты суық еді. Гурдың тауларына қар көп түсті. Әскерлер жүруге қиналды. Хан «ешкім менен қалмасын» деп әмір қылды. Барып Гурды алғанда жел есіп, көктем болды. Хан әскерінің санын алғанда бірнеше адам аз келді. Оларды сұрап еді, ешкім білмеді. Бірнеше күннен соң ол адамдар ханға көмекке келді. Хан олардың хал-ахуалын сұрағанда олар айтты: «Бірнеше адам әскердің артынан келе жатыр едік. Тау ішінде бір түнде көп қар жауды. Содан соң жүре алмай сол жерде жаттық. Аттарымыз бен түйелеріміздің барлығы өлді. Көктем кіргеннен бері жаяу келе жатырмыз». Хан ол жамағатқа «Қарлық болсын» деп әмір қылды. Бүкіл Қарлық елі солардың ұрпағынан болды) (Ölmez, 1996: 138).

Сонымен қатар, шежіре мәтінінде кездесетін этнонимдердің бірі – *Tamap*. Мысалы: *Tatar xalqı ol vaqtda Cürcetga yaqın oltururlar irdi* (Татар халқы ол уақытта Шүршітке жақын отыратын еді) (Ölmez, 1996: 131). Ғалым Б.А. Баскаков татар этнонимін көне түркілік тат (жат, бөтен) сөзімен байланыстырады. Ал татар сөзіндегі +ар компонентін көптік мәнді қосымша деп қарастырады (ДТС, 1969: 541). М. Қашғаридің сөздігінде тат сөзіне мынадай түсіндірмелер берілген: «бүкіл түріктер арасында парсыша

сөйлесетін адам», «мұсылмандыққа кірмеген ұйғырлар» (Қашғари, 1997: 409). Сондай-ақ аталмыш сөздікте «Татар – түрік халықтарының бірі» деп көрсетілген (Қашғари, 1997: 471).

Ғалым Б.Н. Бияров татар этнониміне қатысты мынадай болжам ұсынады: татар қытай тіліндегі *дади/дада* «көп жау» деген сөзден шығуы мүмкін. Татарлар Қытайдың солтүстігін мекендеген көшпелі тайпалардың ең жақыны, саны, байлығы жағынан күштісі болған. Түркілер қытайдың *дади/даду/дада* сөзіне - р көне көптік жалғауын қосуы мүмкін: татар/дадар. Яғни татар сөзі нақты бір тайпаның атауы болған, кейіннен түркі, моңғол халықтарына «көп жау», «мықты жау» мағыналарымен танылған (Бияров т.б., 2023: 298).

Тарихи шежіре мәтінінде кездесетін этнонимдердің тағы бірі – *Қытай*. Мысалы: *Barça illerdin Türkmenga yaqınraq olturgan Xıtay men Qanqlı ve Nayman irdiler* (Барша елдерден Түркіменге жақын отқандары Қытай мен Қаңлы және Найман еді) (Ölmez, 1996: 169). Қытай – X-XI ғғ. Солтүстік Қытайда *Ляо* мемлекетін құрған қидан тайпасының атауынан шыққан этноним. Қытай атауының Еуропа, Ресей аймағына кең таралуына ықпал еткен факторлардың бірі – саудагерлер мен көпестердің Қытан (Қидан) мемлекетімен сауда қарым-қатынасын жүргізуі еді. Олар қидандарды катай/қытай/китай/хытай деп атаған. Қытайлықтар өздерін чжунго, жұңго деп атайды. Қытай тілінде чжун «орталық», +го «мемлекет» мағынасын білдіреді. Парсы тілдес елдер Қытайды Шың/Чин, көне түріктер табғач деп атаған (Бияров т.б., 2023: 296).

Әбілғазы шежіресінде *Ұйғыр* этнониміне қатысты мынадай деректер кездеседі: *Ilniŋ köpi Qara Xanga bardı. Azraqı Oguz Xan qatıga bardılar. Qara Xanniŋ inilerініŋ köp oglanları bar irdi. Anlarnı Qara Xandin ayrılur tip, hiç kimniŋ koŋline kelmes irdi. Anlarniŋ barçaları Oguz Xan qatıga keldiler. Oguz Xan anlarga Uygur at qoydılar. Uygur Türk tili turur. Magnasi barçaga maglum turur yapışgur magnasına turur. Ayturlar süt uydı, süt irgeninde biri birindin ayrılur irdi. Qatıq bolgandın soŋ bir birige yapışa turur ve taqı ayturlar kim imamga uydum. İmam oltursa oltura turur, tursa tura turur. Pes yapışqanı bolmas mu. Anlar kelip Oguz Xannıŋ itekine ikki qolları birlen muhkem yapışdılar irse xan anlarga Uygur tidi. Yapışgur timek bolur* (Елдің көбі Қара ханға қосылды. Азырағы Оғыз ханның қасына барды. Қара ханның інілерінің бірнеше ұлы бар еді. Оларды Қара ханнан бөлінер деп ешкім ойламады. Олардың баршасы Оғыз ханның қасына келді. Оғыз хан оларға Ұйғыр атын берді. Ұйғыр – түрік сөзі. «Жабысатын, ұйыйтын» деген мағыналары баршаға мәлім. Сүт ұйыйды, сүт ірігенде бір бірінен бөлінеді, қатық болғаннан соң бір біріне жабысып бірігеді деп айтатын. Және имамға ұйыдым деп айтады. Имам отырса, отырады, тұрса, тұрады. Сондықтан мұның мағынасы «жабысқан, ұйыған» болмай ма? Олар келіп Оғыз ханның етегіне екі қолдарымен қатты жабысқанда хан оларға Ұйғыр деді. «Жабысқыр, жабысқан» демек болар) (Ölmez, 1996: 129).

«Ұйғыр» атауының мәні туралы алғашқы түсініктер халық жадында мифологиялық және аңыздық сипатта қалыптасқан. Бұл түсіндірмелер этнонимнің шынайы мағынасы ұмытылғаннан кейін пайда болып, рулық-тайпалық шежірелердің негізгі бөлігіне айналған. Осыған байланысты «ұйғыр» атауының ертедегі түсіндірмелері көбіне халықтық этимология шеңберінде қарастырылады.

Махмұд Қашқари сөздігінде: «Ұйғыр – бес шахарлы бір елдің аты, Зұлқарнайын түрік хақанымен бітім жасасқаннан соң құрылған» деп келеді (Қашғари, 1997: 142).

Аталған этнонимнің Александр Македонский есімімен байланыстырылуы – халықтық этимологияның жазбаша түрде алғаш рет тіркелуі болып табылады. Бұл түсіндірме ғылыми емес, мифологиялық сипатқа ие және этнонимнің нақты тілдік негізін ашпайды.

В.В. Радлов өз зерттеулерінде «ұйғыр» сөзін *уюнды* түбірімен байланыстырады және оның мағынасын «біріккен», «ынтымақтасқан» деген ұғыммен түсіндіреді (Радлов, 1893: 130).

*Л.*Будаговтың салыстырмалы сөздігінде: روعيا *уйгур* сөзі түркі тілдері контексінде «жұмылу», «топтасу» ұғымдарын білдірген (Будагов, 1869: 162).

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, «ұйғыр» атауының түбірі түркі тілдеріндегі уй- (бірігу, бейімделу, сәйкестену) және ғұр/ғур (топ, қауым) элементтерімен байланысты деген пікір басымырақ. Осылайша, ұйғыр – «біріккендер», «одақтасқандар», «топтасқандар» мағынасында қолданылған этноним болуы ықтимал. Бұл көзқарас тілдік талдауға және тарихи контекске көбірек сәйкес келеді. «Ұйғыр» атауының халықтық және ғылыми түсіндірмелері этностың өзіндік тарихи жадын бейнелейді. Халықтық этимология этнонимнің мифологиялық түсіндірмесін сақтаса, ғылыми

этимология тарихи-тілдік деректер негізінде этникалық топтың саяси және әлеуметтік құрылымын айқындайды.

Xitaynıñ narı yüzinde teñiz yaqasında berk tağlarnıñ içinde köp il bar irdi. Anıñ pādişāhınıñ atı İt Baraq Xān dirler irdi, anıñ üstine atlanıp bardı. Uruşdılar. İt Baraq Xān gālib keldi Oğuz Xān qaçtı. Uluğ pādişāhlarnıñ adetleri turur, uzaq seferğa barğanda köçlerin alıp barmaq. Nöker xalqınıñ hem ba'zıları alıp barurlar. Oğuz xānnıñ bir bigi köçin alıp barıp irdi. Özi uruşda öldi. Xātunı qurtulup ikki sunıñ arasında xān kiyinidin yetdi, yükli irdi. Tolğağı tutdı. Kün savuq irdi. Kirmekke iv yoq, bir çirik ağaç içine oğlan tuğurdı. Munı xānğa ma'lum qıldılar irse xān aytdı: Muniñ atası bizniñ aldımızda öldi. Ğamxorı yoq tip oğıl oqundı. Atını qıpçaq qoydı. Qadim Türk tilinde içi qovuş ağaçnı Qıpçaq dirler irgendürler. Anıñ üçün ol oğlan ağaç içinde tuğdı tip atın Qıpçaq qoydılar. Bu vaqtda içi qovuş ağaçnı çıpçaq diy tururlar. Qara xalqnıñ tili kelmeslikindin qafnı cim oquy turur. Şol qıpçaq turur, çıpçaq diy tururlar (Қытайдың арғы теңіз жағасында берік, биік таулардың ішінде көп ел бар еді. Оның падишасын Ит Барақ деп атайтын. Оғыз Хан атқа мініп сол жаққа барды. Соғысты. Ит Барақ Хан соғыста жеңді. Оғыз Хан қашты. Ұзақ сапарға шыққанда ханымдарын жанына алып баратын падишалардың дәстүрі бар еді. Кейбір нөкерлері де ханымдарын алып баратын. Оғыз Ханның бір бегі әйелін алып барған екен. Өзі соғыста қаза тапты. Әйелі құтылып, екі өзеннің арасынан өтіп, ханның артынан жетті. Жүкті еді, толғағы ұстады. Күн суық еді. Кіруге үй де жоқ. Бір шіріген ағаштың ішінде ұлды босанды. Мұны ханға барып айтқанда хан «бұның әкесі біздің алдымызда қайтыс болды» деді. Ол ешкімі жоқ ұл болды. Атын Қыпшақ қойды. Ескі түрік тілінде іші бос ағашты «қыпшақ» деген. Бұл ұл да ағаш ішінде туғандықтан атын Қыпшақ қойды. Қазіргі уақытта іші бос ағашты «чыпчак» дейді. Қара халықтың тілі келмегендіктен қафты жим деп оқитын. Сол қыпшақты «чыпчак» дейтін) (Ölmez, 1996: 134). Әбілғазының шежіресіндегі мұндай аңыздық сипаттағы деректер этнонимдердің шығу тегін айқындауда маңызды, әрі халықтық этимологияның қалыптасуына біршама оң ықпалын тигізеді.

Қыпшақ этнонимінің шығу тегі мен алғашқы тарихи атталуы мәселесі түркітануда дербес әрі күрделі проблема ретінде қарастырылады. Бұл күрделілік, бір жағынан, этнонимге қатысты ерте деректердің мардымсыздығымен, екінші жағынан, ортағасырлық авторлардың атауды түсіндіруде мифологиялық және танымдық тәсілдерге сүйенуімен байланысты. Осыған орай, қыпшақ этнонимін түсіндіруде қазіргі зерттеушілер дереккөздердің сипатын, олардың пайда болу контекстін және кейінгі интерпретацияларын қатаң ажырата қарастыруға тырысады.

Американдық түркітанушы Питер Голден қыпшақ этнонимінің этимологиясын арнайы талдай отырып, бұл атаудың ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан сенімді түсіндірмесі әлі қалыптаспағанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, Рашид ад-Дин мен Әбілғазы еңбектерінде берілетін «qobuq/qovuq» ('қуыс, іші бос, өзегі шіріген ағаш') арқылы жасалған түсіндіру этимологиядан гөрі этникалық аңыздың көрінісі болып табылады (Golden, 2009: 2). П. Голден бұл нұсқаны түбегейлі жоққа шығармайды, бірақ оны folk etymology, яғни этнонимді кейіннен мағыналандыруға бағытталған дәстүрлі таным ретінде бағалайды. Демек, П. Голденнің тұжырымы қыпшақ атауының мағынасын анықтаудан гөрі, ортағасырлық авторлардың этникалық шығу тегін түсіндіру тәсілін сипаттауға бағытталған.

Қыпшақ этнонимінің ерте атталуы мәселесі этимологиядан да даулы сипатқа ие. Ғылымда қыпшақ атауын VIII ғасырдағы түркі руникалық жазбалармен байланыстыруға талпыныстар жасалғаны белгілі. Бұл бағыттағы негізгі тірек – Шине-Усу (Селенга) ескерткішіндегі мәтіннің даулы оқылымы. Аталған мәтінде «Türk-Qïbčaq» тәрізді реконструкция ұсынылғанымен, оның нақты мәтіндік негізі толық дәлелденбеген. Бұл мәселені арнайы қарастырған С.Г. Кляшторный руникалық деректерді тарихи-мәтіндік талдау арқылы қыпшақ этнонимінің VIII ғасырда пайда болуы мүмкін деген болжамды ұсынады. Алайда С.Г. Кляшторный бұл реконструкцияны түпкілікті ақиқат ретінде емес, ықтимал ғылыми нұсқа ретінде қарастырады. Кейінгі зерттеулерде, соның ішінде А.Н. Гаркавецтің шолуларында, С.Г. Кляшторный бағытының басты әлсіз тұсы ретінде мәтіннің конъектуралық жолмен толықтырылуы көрсетіледі (Кляшторный, 1986: 153); (Гаркавец, 2003: 316). Осыған байланысты қыпшақ этнонимінің VIII ғасырдағы атталуын дәлелденген факт емес, зерттеушілік гипотеза ретінде бағалау ғылыми тұрғыдан орынды.

Қыпшақ атауына қатысты аңыздық түсіндірулерге сын көзбен қарау дәстүрі

шығыстану ғылымында ерте қалыптасқан. Белгілі ғалым В.В. Бартольд қыпшақ этнонимінің шығуын баяндайтын аңыздар мен түсіндірмелерді тарихи дерек ретінде емес, кейінгі кезеңдерде қалыптасқан этникалық өзін-өзі тану формасы ретінде қарастырған. Оның пікірінше, этнонимге мағына телуге ұмтылатын мұндай әңгімелер нақты тарихи оқиғаларды емес, өткенді жүйелеуге бағытталған интеллектуалдық әрекетті бейнелейді (Бартольд, 1968: 316); (Гаркавец, 2003: 350).

Заключая, следует подчеркнуть, что проведённый анализ позволил описать традиционные астрагальные игры тюрко-монгольского ареала как устойчивый культурно-языковой комплекс, в котором терминосистема выполняет роль механизма нормативной регуляции и коллективной памяти. На уровне сопоставления казахского, кыргызского и монгольского материала установлено, что общность комплекса обеспечивается единым принципом «позиция – оценка – действие – признание», где результат становится социальным фактом только после языковой фиксации и согласования. Различия между традициями касаются прежде всего способов репрезентации нормы: казахская традиция демонстрирует предметно-иерархическую модель и выраженную социально-нормативную проекцию через категорию функционального «веса» ведущего предмета; кыргызская традиция выявляет особую устойчивость позиционной лексики и её фразеологизацию как модели удачи и успеха; монгольская традиция выделяется зооморфной концептуализацией исходов и институциональной разверткой практик шагай в соревновательном режиме, что усиливает видимость регламента и роль стандартизации (Потанин, 1881; Zhamsranzhav, 2022; Цэвэл, 1966; Bulag, Fuerwa, 2022). Тем самым подтверждается, что язык в данном комплексе выполняет не описательную, а нормативно-кодирующую функцию: он закрепляет допустимость действия и легитимность результата, обеспечивает воспроизводимость практики и её культурную устойчивость.

Практическая значимость полученных результатов состоит в том, что этнолингвистическое описание терминосистемы позволяет корректнее понимать современные процессы «возрождения» и институционализации традиционных игр. При включении асық/шагай-практик в образовательные и культурные программы сохраняется риск упрощения комплекса до набора бросков и технических правил, тогда как культурная устойчивость традиции обеспечивается именно языковыми механизмами регламентации и признания. Следовательно, сохранение и передача игры требуют сохранения её терминологического ядра, включая позиционные шкалы, статусные различия инвентаря, процессуальные названия приёмов и устойчивые оценочные формулы. Теоретически результаты расширяют представление о том, как в традиционных практиках язык формирует «социальную технологию» контроля случайности, распределения преимущества и воспроизводства справедливости, а также подтверждают, что косточные игры представляют собой общеевразийский феномен, в котором лексика выступает ключевым носителем нормы и культурной памяти (Монраев, 2022; Zhamsranzhav, 2022).

Заключение

Проведённый анализ подтверждает, что традиционный косточно-игровой комплекс асық / ашык(чүкө) / шагай представляет собой не «набор слов о детской игре», а устойчиво организованную лексико-семантическую систему, где язык выполняет функцию внутреннего регламента. Термины здесь работают как инструмент коллективного согласования: они не просто называют предметы и действия, а задают, что считается правильным ходом, каким образом фиксируется результат, по каким признакам распределяется преимущество и почему исход признаётся легитимным. Именно поэтому комплекс воспроизводим без внешнего судейства: нормативность встроена в терминосистему и поддерживается привычными формулами, оппозициями и оценочными моделями, закреплёнными в речи (Құралұлы, 2002;

Тайжанов, Қасымбекова, 2004; Уақбаев, 2000).

Сопоставительное рассмотрение казахского, кыргызского и монгольского материала позволило выявить общее семантическое ядро комплекса и одновременно показать, что «общность» проявляется прежде всего как функциональная эквивалентность. Базовые соответствия типа асық – ашык/чүкө – шагай и алшы – алчы – алц важны не только как историко-контактные параллели, но как показатель единого принципа: положение кости, статус предмета и результат игры осмысляются через языково оформленную шкалу исходов, которая превращает физическое событие (как упало) в социально признанный факт (что это значит и что теперь делать). В этом смысле позиционная лексика выступает центральным механизмом «производства результата» и объясняет устойчивость метафорических переносов: формулы удачи и успеха возникают не случайно, а потому что в игре положение кости уже является языковой моделью успеха, закреплённой процедурой оценки и распределения преимущества (Нурмаханов, 1998; Цэвэл, 1966; Сагайдачная, 2017).

Внутри общей модели выявлены различающиеся акценты трёх традиций, и эти различия не разрушительны, а объяснимы через способы языковой репрезентации нормы. Казахская линия демонстрирует наиболее выраженную предметно-иерархическую организацию, где оппозиция сақа – кеней задаёт модель «инструмент воздействия – объект/ставка», а категория функционального «веса» (салмақ) связывает телесную технологию владения предметом с социальными смыслами авторитета и компетентности. Кыргызская линия особенно показательна прагматикой исхода: позиционные термины и связанные с ними формулы выступают как готовые матрицы оценки, легко выходящие за пределы игры и становящиеся средствами описания жизненного везения, успеха, правильного момента. Монгольская традиция сохраняет ту же базовую логику, но выделяется зооморфной концептуализацией положений шагай и высокой степенью институционализации в соревновательных форматах, где нормативность комплексно фиксируется и стандартизируется, не отменяя культурной основы (Потанин, 1881; Zhamsranzhav, 2022; Bulag, Fuerwa, 2022).

Отдельно значимо, что лексика действий и приёмов фиксирует игру как телесно-технологическую практику, а не как спонтанный досуг. Термины обозначают не «движение вообще», а нормативно различимые сценарии выполнения, позволяющие традиции передавать навыки как культурный капитал: точность, контроль силы, управление случайностью, ответственность за результат. Регулятивные единицы (очередность, границы, зоны, порядок признания) оформляют игровую коммуникацию как форму «обычного права», в котором справедливость обеспечивается не авторитетом внешнего арбитра, а стабильными языковыми процедурами. Паремиологический и фразеологический пласт, в свою очередь, демонстрирует, что терминология не замкнута в игре: она работает как ресурс социальной оценки, переводя игровые категории в модели описания лидерства, статуса, мастерства и авторитета, что подтверждает этнолингвистическую значимость комплекса как механизма передачи ценностей (Монраев, 2022; Құралұлы, 2002; Уақбаев, 2000).

Тем самым исследование показывает, что устойчивость и «живучесть» асық/ашык/шагай-традиций обеспечиваются не только культурной памятью и практикой, но и внутренней структурой языка, который удерживает норму, делает её узнаваемой и воспроизводимой. Практическая значимость результата состоит в том, что при современной популяризации и включении таких игр в образовательные и культурные проекты ключевым условием сохранения традиции становится сохранение её терминологического ядра: без него игра неизбежно редуцируется до набора бросков и технических инструкций, теряя собственную культурную логику признания исхода и распределения статуса. Следовательно, корректное описание и трансляция традиционных астрагальных игр должны опираться на терминосистему как на центральный объект фиксации, поскольку именно в ней «свернута» норма, а вместе с нормой – культурные смыслы и ценности, которые делают комплекс частью устойчивой тюрко-монгольской языковой картины мира (Тайжанов, Қасымбекова, 2004; Bukeshova, Kerimbayeva, 2020).

Литература

1. Bulag, U. E., & Fuerwa, D. 2022. SHAGAI: Traditional Games and Fortune-Telling with Ankle Bone. Kalmyk Cultural Heritage Documentation Project, University of Cambridge. https://doi.org/10.17863/CAM.110085
2. Bukeshova S., Kerimbayeva R., 2020. Using the game asyk as a means against gadgets in children // Pedagogy and Psychology (Abai University). No. 2(43). P. 243–249. DOI: 10.51889/2020-2.2077-6861.33.
3. Rysmendeeva N., 2016. Kırgız elinin çükö oyundarı: etnografiyalık iliktöö. Бишкек: Кыргызская земля. 176 с.
4. Zhamsranzhav B., 2022. «Asyk» in Nomad Culture // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series. Vol. 139. No. 2. P. 185–192.
5. Wenger I., Lynch H., Prellwitz M., Schulze C., 2024. Children's experiences of playground characteristics that contribute to play value and inclusion: Insights from a meta-ethnography // Journal of Occupational Science. Vol. 31. No. 3. P. 405–432. DOI: 10.1080/14427591.2023.2248135.
6. Базылхан Б., 1984. Моңғолша-қазақша сөздік. БНМАУ-ын Шинжлэх Ухааны Академи. Хэл зохиолын хүрээлэн. Улаанбаатар-Өлгий қ., 890 х.
7. Базылхан Б., 1977. Қазақша-моңғолша сөздік. БНМАУ-ын Шинжлэх Ухааны Академи. Хэл зохиолын хүрээлэн. Улаанбаатар қ., 395 х.
8. Құралұлы А. 2002. Ұлттық Дүниетаным. Алматы: Өнер, 64 б.
9. Монголын нууц товчоо, 2004. Улаанбаатар. 140 х.
10. Монраев М.У., 2022. Лексика игры в альчики у калмыков: этнолингвистический аспект // Калмыцкий филологический журнал. № 4. С. 45–52.
11. Нурмаханов А. 1998. Түркі фразеологиясы. Алматы: «Ғылым» баспасы. 95 б.
12. Потанин Г.Н. 1881. Очерки Северо-Западной Монголии. СПб.: Типография Императорской Академии наук. 412 с.
13. Сагайдачная А.А., 2017. Лексика традиционных игр монгольских народов. Томский журнал ЛИНГ и АНТР. Tomsk Journal LING & ANTHRO. 3 (17). С.42-49.
14. Тайжанов С., Қасымбекова С., 2004. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: ЖШС «Казстатинформ». 116 б.
15. Уақбаев Е., 2000. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. Алматы: Санат. 95 б.
16. Цэвэл Я., 1966. Монгол хэлний товч тайлбар толь. Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн хэрэг эрхлэх хороо. 36 х.

Reference

1. Bulag, U. E., & Fuerwa, D. 2022. SHAGAI: Traditional Games and Fortune-Telling with Ankle Bone. Kalmyk Cultural Heritage Documentation Project. University of Cambridge. DOI: https://doi.org/10.17863/CAM.110085
2. Bukeshova S., Kerimbayeva R., 2020. Using the game asyk as a means against gadgets in children. Pedagogy and Psychology (Abai University). No. 2(43). P. 243–249. DOI: 10.51889/2020-2.2077-6861.33.
3. Rysmendeeva N., 2016. Kırgız elinin çükö oyundarı: etnografiyalık iliktöö [Knucklebone Games of the Kyrgyz People: An Ethnographic Study]. Bishkek: Kyrgyzskaya zemlya. 176 p. [in Kyrgyz]
4. Zhamsranzhav B., 2022. «Asyk» in Nomad Culture // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series. Vol. 139. No. 2. P. 185–192.
5. Wenger I., Lynch H., Prellwitz M., Schulze C., 2024. Children's experiences of playground characteristics that contribute to play value and inclusion: Insights from a meta-ethnography // Journal of Occupational Science. Vol. 31. No. 3. P. 405–432. DOI: 10.1080/14427591.2023.2248135.
6. Bazylhan B., 1984. Mongolsha-qazaqsha sozdik [Mongolian–Kazakh dictionary]. BNMAU-yn Shinzhlekh Uhaany Akademi. Hel zohiolyn hүreelen [Institute of Language and Literature, Academy of Sciences of the Mongolian People's Republic]. Ulaanbaatar-Olgij h., 890 p. [in Mongolian-Kazakh]

7. Bazylhan B., 1977. Qazaqsha-mongolsha sozdik [Kazakh– Mongolian dictionary]. BNMAU-yn Shinzhlekh Uhaany Akademi, Hel zohiolyn hyreelen [Institute of Language and Literature, Academy of Sciences of the Mongolian People's Republic]. Ulaanbaatar h., 395 p. [in Kazakh and Mongolian]

8. Quraluly A. 2002. Ulttyq Dunietanym [National worldview]. Almaty: Oner. 64 p. [in Kazakh]

9. Mongolyn nuuc tovchoo [The Secret History of the Mongols], 2004. Ulaanbaatar. 140 p. [in Mongolian]

10. Monraev M.U., 2022. Leksika igry v al'chiki u kalmykov: etnolingvisticheskij aspekt [The Vocabulary of the Knucklebone Game among the Kalmyks: An Ethnolinguistic Perspective"]. Kalmyckij filologicheskij zhurnal [Kalmyk Philological Journal]. № 4. P. 45–52. [in Russian]

11. Nurmahanov A. 1998. Turki frazeologiyasy [Turkic Phraseology]. Almaty: «Gylym» baspasy. 95 p. [in Kazakh]

12. Potanin G.N. 1881. Ocherki Severo-Zapadnoj Mongolii [Essays on Northwestern Mongolia]. SPb.: Tipografiya Imperatorskoj Akademii nauk [St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences]. 412 p. [in Russian]

13. Sagajdachnaya A.A., 2017. Leksika tradicionnyh igr mongol'skih narodov [The Vocabulary of Traditional Games of the Mongolic Peoples]. Tomskij zhurnal LING i ANTR. [Tomsk Journal LING & ANTHRO]. 3 (17). P. 42-49. [in Russian]

14. Tajzhanov S., Qasymbekova S., 2004. Qazaqtyng ulttyk ojyndary [Kazakh National Games]. Almaty: ZhShS «Kazstatinform». 116 p. [in Kazakh]

15. Uaqbaev E., 2000. Qazaqstanda dene tarbiesi zhujesining damuy [The Development of the System of Physical Education in Kazakhstan]. Almaty: Sanat. 95 p. [in Kazakh]

16. Cevel Ya., 1966. Mongol helnij tovch tajlbar tol [Concise Explanatory Dictionary of the Mongolian Language]. Ulaanbaatar: Ulsyn hevlelijn hereg erhlekh horoo [Ulaanbaatar: State Publishing Committee]. 36 p. [in Mongolian]

Байгаж А. [1], *Нурбаева А.М. [2], Рустемова А. Е. [1]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
*e-mail: nurbaeva.aida@bk.ru

ТҮРКІ-МОҢҒОЛ АРЕАЛЫНДАҒЫ АСЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫНДАР: ТІЛ, НОРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЖАДЫ

Аңдатпа. Мақала түркі-моңғол ареалындағы дәстүрлі асық ойындарын (қаз. *асық*, қырғ. *ашык/чүкө*, моңғ. *шагай*) салыстырмалы этнолингвистикалық тұрғыда талдап, сипаттауға арналған. Зерттеуде ойынның терминологиялық жүйесінің лексика-семантикалық ұйымдасуына ерекше назар аударылады. Зерттеуіміздің бастапқы ұстанымы – тіл бұл кешенде практикаға қосалқы сипаттама ретінде емес, нормативтік реттеу механизмі ретінде қызмет етеді. Атап айтқанда, ойын құралдарының және олардың мәртебелік түрлерінің атаулары, нәтижелердің позициялық белгіленуі, әрекеттер терминологиясы мен реттеуші лексика арқылы рұқсат етілген іс-әрекеттің өлшемдері, нәтижені тану рәсімдері және ойындық басымдықты бөлу қағидаттары бекітіледі. Қазақ, қырғыз және моңғол дәстүрлері материалының негізінде кешеннің ортақтығы, функционалдық эквиваленттілік ретінде көрсетіледі: тек формалды сәйкестіктерді ғана емес (асық – ашык/чүкө – шагай, алшы – алчы – алц), ең алдымен бірліктің ойын механизміндегі атқаратын рөлі салыстырылады. Зерттеу нәтижесінде қазақ материалы заттық-иерархиялық модельдің айқындылығын көрсететіні (әсіресе *сақа – кеней* оппозициясы және зат мәртебесінің функционалдық «салмақпен» байланысы), қырғыз

дәстүрі позициялық лексиканың прагматикалық тұрақтылығын және оны тұрақты тіркестерден-ақ көруге болады. Ал, моңғол материалы қалыптардың бейнелі-символдық концептуалдануын және ойын практикаларын институционалдық стандарттауға ұмтылысын танытатыны анықталды. Паремиологиялық және фразеологиялық қабат ойын категорияларының әлеуметтік семантикаға (сәттілік, құзыреттілік, бедел) ауысуын дәлелдейді, бұл асық/ашық/шағайды әлеуметтендірудің және ұжымдық жадты сақтаудың мәдени тетігі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Түркі-моңғол ареалы, асық–ашық/чүкө–шағай, этнолингвистика, терминологиялық жүйе, кірме сөздер, мәдени жады, позициялық лексика, нормативтілік, салыстырмалы талдау.

Дәйексөз үшін: Байгаж А., Нурбаева А.М., Рустемова А. Е. Түркі-моңғол ареалындағы асыққа байланысты дәстүрлі ойындар: тіл, норма және мәдени жады // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). бб. 125-139 (орыс.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.11

Baigazh A. [1], *Nurbayeva A.M. [2], Rustemova A. Ye. [3]
[1] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: nurbaeva.aida@bk.ru

TRADITIONAL GAMES WITH ASTRAGAL IN THE TURKIC-MONGOLIAN REGION: LANGUAGE, NORMS AND CULTURAL MEMORY

Abstract. This article explores traditional astragal games in the Turkic–Mongolian region (Kazakh: *asyq*; Kyrgyz: *ashyk/chuko;* Mongolian: *shagai*), focusing on the words and meanings people use to describe these games. The article treats language not only as a means of describing practice, but also as a tool that regulates it, defining which actions are permitted, how results are recognized, and how advantages are distributed by naming equipment, positions, statuses, and actions. Drawing on Kazakh, Kyrgyz and Mongolian sources, the study demonstrates that despite local variations, the games exhibit functional similarities. These similarities can be seen in formal correspondences (*asyq, ashyk/chukö, shagai; alchy, alts*) as well as in the roles that each unit plays in the game. Kazakh and Kyrgyz sources reveal clear hierarchical models, evident in the *Sakha – kenei* and saky – keney oppositions, as well as in the relationship between status and functional 'weight'. Mongolian materials emphasize the stability and standardization of positional vocabulary. Evidence from proverbs and phrases shows that game concepts extend into broader social meanings such as luck, skill, and authority. This suggests that asyk/ashyk/shagay function as cultural tools for socialization and preserving collective memory.

Keywords: Turkic-Mongolian region, asyk-ashyk/chuko-shagay, ethnolinguistic, terminology system, borrowed words, cultural memory, positional vocabulary, normativity, comparative analysis.

For citation: Baigazh A., Nurbayeva A.M., Rustemova A. Ye. Traditional games with astragal in the turkic-mongolian region: language, norms and cultural memory // Madeni mura. 2026. №1 (112). pp. 125-139 (in Eng.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.11

Сведения об авторах:

Байгаж Айжан, докторант кафедры Тюркологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-2939-9292

Scopus ID: 57194520412

Нурбаева Аида Мухтаровна, PhD, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-1653-0383

Scopus ID: 56646603500

Рустемова Айгуль Ерболаткызы, докторант кафедры Тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-7091-6327

Авторлар туралы мәлімет:

Байгаж Айжан, түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-2939-9292

Scopus ID: 57194520412

Нурбаева Аида Мухтарқызы, PhD, қауымдастырылған профессордың міндетін атқарушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-1653-0383

Scopus ID: 56646603500

Рустемова Айгуль Ерболатқызы, түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-7091-6327

Information about the authors:

Baigazh Aizhan, Doctoral student of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-2939-9292

Scopus ID: 57194520412

Nurbayeva Aida Mukhtarovna, PhD, Acting Associate Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-1653-0383

Scopus ID: 56646603500

Rustemova Aigul Yerbolatqyzy, Doctoral student of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-7091-6327

Тарих/ History/ История

ҒТАМР 03.20 https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.12

***Бисенова Г.А.[1], Өтепова Г.Е.[2], Болдыков Ж.Б.[1]**
[1]Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы, Астана, Қазақстан
[2]Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
*e-mail: bisenova.1966@inbox.ru

ГИМАЛАЙ АСҚАН КӨШ ТАРИХЫ: ҮНДІСТАН ҰЛТТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада 1930-1950 жылдар аралығында Алтай өңірінен басталып, Гималай мен Тибет арқылы Үндістан аумағына жеткен қазақ көшінің тарихы Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған құжаттар негізінде талданады. XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы Алтайдан басталған қазақ көшінің тарихына қатысты құнды дереккөздері болып табылатын Үндістан ұлттық архив құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Атап айтар болсақ, Үндістанның әкімшілік құрылымдарының қазақ босқындарына қатысты саясатын айқындай түсетін аталмыш көшке қатысты ресми жазбалары, әкімшілік есептері, хат алмасулары қарастырылады. Мақаланы жазу барысында тарихи ақпаратты ғылыми талдау, оларды жүйелеу және салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері қазақ диаспорасының тарихын кеңістіктік және деректік тұрғыдан толықтырып, Үндістан ұлттық архив құжаттарының қазақ көші мәселесін зерттеудегі деректік әлеуетін айқындайды. Үндістан ұлттық архив құжаттары Алтайдан басталып, Тибет, Үндістан, Пәкістан арқылы Түркияға жеткен қазақ көшін зерттеудің деректік аясын кеңейтіп, орталық Азия мен оңтүстік Азия арасындағы тарихи байланыстарды жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында анықталған архивтік деректер қазақ босқындарының көшу бағыттары, орналасу аймақтары мен қабылдаушы тараптардың әкімшілік шешімдері туралы мәліметтер беріп, көші-қон үдерісінің себептері мен салдарын тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Кілт сөздер: Үндістан ұлттық архиві, қазақ көші, Гималай, Тибет, Үндістан, ресми жазбалар, әкімшілік есептер, хат алмасулар.

Дәйексөз үшін: Бисенова Г.А., Өтепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. Гималай асқан көш тарихы: Үндістан ұлттық архив құжаттары негізінде // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). бб. 140-154 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.12

Кіріспе

Қазіргі таңдағы ғаламдану заманында егемен еліміздің тарихын жан-жақты және кешенді түрде зерттеудің мәні мен маңызы жоғары. Әсіресе саяси идеологиялық тұрғыдан зерттеуге мүмкін болмай келген халқымыздың XX ғасырдағы ұлт-азаттық күресі мен әлемнің әр түпкіріне тарыдай шашылған шетелдегі қандастарымыздың тарихын зерттеу өте маңызды.

Әлемдік қауымдастықтың белді мүшесіне айналған Қазақстан Республикасында іске асырылып отырған «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасының» бір бағыты ретінде шетелдегі отандастардың тыныс-тіршілігіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, құқықтық хал-ахуалына, демографиялық үрдістеріне жан-жақты зерттеулер жүргізу мәселелері нысандалған.

Осы тұрғыдан алғанда, шетелдегі қазақтардың тарихи дамуы мен олардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өмірінің өткені мен бүгініне ғылыми тұрғыдан талдау жүргізу – тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін отандық тарих ғылымының дамуында жаңа кезең басталды. Мемлекет тарапынан қабылданған

«Архив-2025» жобасы дүниежүзі қазақтарының тарихына қатысты деректерді анықтап, зерттеп-зерделеуге жаңа мүмкіндіктер ашты. Аталмыш жоба аясында Үндістан ұлттық архив қорларында жүргізілген ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесінде қазақтардың көш тарихына қатысты алғашқы архив құжаттары анықталған болатын. Атап айтар болсақ, бұл XX ғасырдың 40–50 жылдар арасында Шығыс Түркістаннан Гималай асып, Тибет арқылы Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты архив құжаттары сол тарихи көші-қон үдерісінің себептері мен бағыттарын, сондай-ақ көш барысында кездескен саяси-әлеуметтік жағдайларды айқындайтын құнды дереккөздер болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау барысында негізгі дереккөздер ретінде Үндістан ұлттық архиві қорларынан алынған құжаттық материалдар пайдаланылды. Атап айтар болсақ, Саяси департамент бөлімі бойынша Үндістан ұлттық архив қорынан анықталған F. №239 – W/1941ж. іс құжаттары негізге алынды. «Кашмирге келген қазақтарға қатысты қабылданған шешімдер, Орталық Азиядан келген 3000-ға жуық иммигранттар тобы», F. №203 – W/1942ж. «Үндістанның Бхопал штатына қазақтарды орналастыру мәселесі, Хайдарабадқа жіберілген сұраныс хаттары», F. №7 – W/1943ж. «Солтүстік-Батыс шекара провинциясынан Бхопалға қазақтардың қоныс аударуы» туралы құпия архивтік материалдар ғылыми дереккөз ретінде пайдаланылды. Үндістанға жеткен көш тарихына қатысты архив құжаттарымен қатар Үндістанның мерзімді басылымдарында қазақ көшіне байланысты жарияланған деректері де келтірілген. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпқа байланысты жарық көрген зерттеулер мен осы көштің тікелей куәгері болған кісілердің ауызша деректері негізінде жазылған еңбектеріндегі мәліметтер салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы қарастырылады.

Талдау

Еуразияның жазиралы кең даласы қазақтың әр заманда бастан кешкен небір қилы тарихының куәсі болды. Ұлт тағдыры сынға түскен тұстар, зобалаң мен сүргінге толы оқиғалар, XX ғасырдағы қазақтың саяси тарихы объективті және субъективті себептерге байланысты әлі де болса толыққанды әрі шынайы зерттелді деп айту қиын. XX ғасырдың бірінші жартысы Шығыс Түркістан аумағындағы қазақтар үшін күрделі тарихи кезең болды. Аймақтағы билік үшін күрес, Қытайдағы ішкі саяси дағдарыстар жергілікті қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер етіп, жаппай көші-қон үдерісінің туындауына себеп болды. Аталмыш тарихи үдерістің ең күрделі кезеңдерінің бірі – Алтай өңірінен басталып, Гималай мен Тибет асуларын кесіп өтіп, Үндістан мен Пәкістан арқылы 1954 жылы Түркияға жеткен қазақ көшінің тарихы болып табылады. Аталған көші-қон үдерісі кеңістіктік ауқымы мен уақыттық ұзақтығы жағынан ғана емес, сонымен қатар адам шығынының көптігімен және әлеуметтік-мәдени салдарымен де маңызды. Мыңдаған шақырымға созылған көш барысында халық табиғи-климаттық қиындықтарға, жұқпалы ауруларға, азық-түлік тапшылығына және әскери қақтығыстарға ұшырады. Зерттеушілер мен куәгерлік деректерде көшке шыққан қазақтардың елеулі бөлігінің жол үстінде қаза тапқаны айтылады. Бұл жағдай көштің тек миграциялық емес, гуманитарлық апат сипатында да болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл көші-қон XX ғасырдың 30-50 жылдарында жүзеге асып, орталық және оңтүстік Азияны қамтыған трансшекаралық сипатымен ерекшеленеді. Көштің аман қалған бөлігі ұлттық бірегейлікті, діни сенімді және ұлттық тұтастықты сақтай отырып, жаңа мекенге жетуге ұмтылды. Осы орайда, бұл тақырыпты жан-жақты зерттеп-зерделеу – тек өткенді тану ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының төзімділігі мен өміршең рухын ұғынудың маңызды кілті болып табылады.

Орталық Азия территорияларының ішінде, қазақтар «Шыңжаң» деп атап жүрген, немесе қытайшадан аударғанда «жаңа жер», «жаңа шекара» деген мағынаберетінөлкегеографиялық орналасуы жағынан аймақтың *дәл* ортасында тұрғандықтан, әдетте, тарихи әдебиеттерде оны Азияның «жүрегі», «тоғысу нүктесі», Азияның «қақпасы» деп атау кеңінен орын алған. Міне осы Азияның «жүрегі» саналған Шыңжаң жерін мекендеген халықтардың өткен тарихы, сырт мемлекеттердің бұл өлкедегі жүргізген саясаты әлем тарихшыларының назарын аударып келеді (Алдабек, 2003: 3).

Мәнжі-Чин (Цин) династиясы XIX

ғасырдың екінші жартысында тарихи Шығыс Түркістан деп аталатын аумақта, яғни 1884 жылы Шыңжаң деген атпен провинция құрды. Өлкенің жер көлемі – 1,700000 шаршы шақырым. Өлкенің солтүстік, солтүстік-батысы Ресеймен, солтүстік-шығысы Моңғолиямен (Қобда, Баян-Өлгий, Говь-Алтай), батысы Қазақстанмен, оңтүстік-батысы Қырғызстан, Тәжікстан және Ауғанстанмен, оңтүстігі Үндістан мен Пәкістанмен шекараласады. Шығысында Ганьсу өлкесі жатыр. Өлкенің солтүстігі мен шығыс солтүстігін ежелден қазақтар мекендейді. Ондағы қазақтар аумақтық әкімшілік жағынан 1940 жылдың соңынан бастап, Іле, Алтай, Тарбағатай деп үш аймаққа орналасқан. Өлкенің оңтүстік-шығысында Үрімжі, Құмыл аймақтарына қарайтын Баркөл, Мори аудандарындағы халықтардың көпшілігі қазақ халқы. Қытайдың батысындағы Ганьсу, Чинхай өлкелерінде Алтыншоқы, Ақсай қазақ автономиялық қазақ ауданы бар. XX ғасырдың алғашқы жартысында Шыңжаңдағы қытайлар саяси, экономикалық, әскери биліктің тізгінін ұстады. Армия әмірлері мен әкімшілік шенеуніктері солардың өкілдерінен құрылды. Сауда-саттық, қаржы саласы банк және айырбас қызметтерін түгелдей қытай ұлтының өкілдері жүргізді (Рахметұлы, 2017: 35-36).

Тарих ғылымдарының докторы, ғалым Г.М. Меңдіқұлова қазақ диаспорасы тарихына арналған монографиялық еңбегінде 1930 және 1940-1950 жылдардағы Шыңжаңдағы қазақтардың Зұқа батыр Сәбитұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі мен оның кейінгі тағдыр-талайы, Үндістан мен Пәкістан арқылы Түркия мен батыс елдеріне босу тарихы, көтерілістің елеулі тұлғалары, оның тарихи мән-маңызы туралы құнды пайымдаулар мен тың ғылыми қорытындылар жасайды (Меңдіқұлова, 1997: 264).

Алтай өңірінен басталып, Гималай мен Тибет арқылы Оңтүстік Азияға, одан әрі Түркияға бағытталған қазақ көшіне қатысты еңбектерді мазмұны мен әдіснамасына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа көшке тікелей қатысқан немесе куәгер болған тұлғалардың естелік сипаттағы еңбектері жатады. Бұл қатарда Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір», Халифа Алтайдың «Ата жұрттан Анадолыға», «Алтайдан ауған ел», «Естеліктерім», Дәлелхан Жаналтайдың «Қилы заман, қиын күндер», Абдуррахман Четиннің «Өмір жолымдағы соңғы көш» еңбектері жатады. Авторлар аталмыш еңбектерінде көштің басталу себептерін, жол бойындағы қиындықтарды, Үндістан мен Пәкістандағы босқындық кезеңдерді және Түркияға қоныстану үдерісін жеке тәжірибелері негізінде баяндайды. Мұндай деректер көштің ішкі динамикасын, адамдардың күнделікті өмір тәжірибесін қайта қорытуға мүмкіндік береді. 1950 жылдардың басында Тибет асып, Анадолыға ауған қандастардың көші әлі де ғылыми зерттеулерді қажет ететін тарихи оқиға. Әйгілі Зұқа батырдың немересі, осы көштің көзі тірі куәгері Абдуррахман ақсақалдың хикаясы Шыңжаңнан шыққан қазақтардың Түркия еліне жеткенше көрген тауқыметін көз алдыңызға әкеледі. Атамекенге деген сартап сағыныштың символындай болған осынау жұрттың жанкештілігіне еріксіз бас иесің. Өйткені олар қылау түсірместен сақтап қалған қазақы діл мен тілде әр қандастың маңдай тері жатыр (Четин, 2022: 560).

1929 жылы Сұлтаншәріп бастаған алғашқы көш Баркөлге қарай үдере көшеді. Олар Баркөлдің Сөрлік жайлауын жайлап, Сауысқанды деген жерді қыстайды. Күзеулік, көктеулік жерлері Баркөлдегі көл жағасы болған. Сол жерде 7-8 жыл қоныстанғаннан кейін, 1938 жылға қарай Шиңхайға бет алады. Олармен бірге Елісханның елі, Зайып тәйжінің елі де бірге көшеді. Мен сол үдере көшкен аумалы-төкпелі заманда дүниеге келіппін. Біздің көш Қытайдың Гансу деген жеріне қоныстанып қалды да, Елісхан елі Тибет асып, Үндістанға көшті. Біз сол жерде 6-7 жылдай отырып, 1946-1947 жылдары қайтадан Баркөлге қайттық. 1948 жылдың соңы мен 1949 жылдың басында Гансуға қайта оралдық. Бірақ ол жерде пана болмаған соң, Үндістанға жол алдық. Бізбен бірге Құсайын тәйжінің елі, Дәлелхан Жаналтай және Қалибек әкімнің елі де бірге көшіп Гималай, Тибет асып, Үндістанға бардық», – деп жазады Зұқа батырдың немересі Абдуррахман Четин Жәлелұлы «Өмір жолымдағы соңғы көш» атты еңбегінде (Четин, 2016: 6).

Екінші топты көркем-тарихи және деректік сипаттағы еңбектер құрайды. Жәди Шәкенұлының «Оспан батыр және Шығыс Түркістан мәселелері», «Қаралы көш» романы тарихи деректер мен ауызша естеліктерге сүйене отырып, қазақ босқындарының Алтайдан бастап Оңтүстік Азияға дейінгі күрделі жолын жан-

жақты суреттейді. Аталмыш еңбектер ғылыми зерттеу болмағанымен, тарихи фактілерді жүйелеу мен оқиғалардың хронологиясын нақтылау тұрғысынан құнды деректер болып табылады. Сонымен қатар, аталмыш тақырыпқа қатысты тарихи-танымдық және шежірелік сипаттағы еңбектер де баршылық. Келесі топқа заманауи академиялық зерттеулер кіреді. Түркия Республикасының Ыстанбұл қаласындағы Мимар Синан университетінің профессоры, Әбдіуақап Қараның еңбектерінде осыкөштіңнәтижесіндеТүркияғақонысаударған қазақтардың құқықтық мәртебесі, қоныстану саясаты және диаспора ретінде қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, көш тарихы естелік және көркем-тарихи деректік деңгейде зерттелгенімен, көшке қатысты деректерді кешенді салыстырмалы талдау және көштің ұзақ мерзімді тарихи салдарын жүйелі түрде қарастыру әлі де терең зерттеуді талап етеді. Осы орайда, мақалада пайдаланылған Үндістан ұлттық архив құжаттары көш тарихын зерттеуде жоғарыда аталған еңбектерді толықтыра түседі. Архив құжаттарын аталмыш еңбектермен салыстыра талдау – қазақ көшінің халықаралық сипаттағы құбылыс екенін дәлелдеуге, сондай-ақ оны Орталық және Оңтүстік Азия тарихының тоғысындағы маңызды миграциялық үдеріс ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер

Аталмыш көш тарихын зерттеудің деректік негізін Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған ресми құжаттар құрайды. «Архив-2025» мемлекеттік жобасы аясында Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған F. №239 – W/1941ж. «Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты қабылданған шаралар, Орта Азиядан келген 3000 қазақ мәселесі», F. №203 – W/1942ж. «Үндістанның Бхопал штатына қазақтарды орналастыру мәселесі, Хайдарабадқа жіберілген сұраныс хаттары», F. №7 – W/1943ж. «Солтүстік-Батыс шекара провинциясынан Бхопалға қазақтардың қоныс аударуы» атты құпия құжаттар қазақ тарихындағы осынау бір қиын-қыстау кезеңдердің дәлелі болып табылатын аса құнды тың архив құжаттары болып табылады. Аталған архив құжаттары негізінен Британ Үндістаны әкімшілігінің сыртқы және шекаралық саясатқа қатысты есептері, дипломатиялық хат-хабарлар, барлау мәліметтері, босқындар қозғалысына қатысты әкімшілік баяндамалар мен ресми жазбалардан тұрады. Сонымен қатар, аталмыш құжаттар қазақ босқындарының Үндістан аумағына өтуі мен орналасуын және қозғалысын аймақтық қауіпсіздік пен халықаралық қатынастар контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді. Құжаттарда қазақтардың этникалық сипаты, қозғалыс бағыттары, саны мен әлеуметтік жағдайы, сондай-ақ босқындарға қатысты әкімшілік шешімдер жүйелі түрде тіркелген. Осы тұрғыдан алғанда Үндістан ұлттық архив құжаттары аталмыш көш тарихын зерттеуде құнды әрі нақты салыстырмалы дереккөз болып табылады.

Үндістан ұлттық архивінің Саяси департамент бөлімі бойынша анықталған «Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты қабылданған шаралар, Орта Азиядан келген 3000 қазақ мәселесі» атты құжат 1941 жылдың мамыр айынан 1942 жылдың қаңтар айлары аралығындағы қазақ көшінің Батыс Тибет, Кашмир арқылы Үндістанға енуіне қатысты архив деректерін қамтиды. Атап айтар болсақ, Кашмирге келген қазақтарды орналастыру мәселесіне қатысты қабылданған шаралар, Үндістан үкіметінің Кашмирге келген қазақтар үшін уақытша *лагерь* құру жөніндегі шешімі, қазақтар үшін жұмсалатын шығындар мәселесі қамтылады.

Башар штатының басшысы 1941 жылғы 9-мамырда Пенджаб-Хилл штатының саяси агентіне жолдаған құпия хатында батыс Тибет аумағында ұлты белгісіз, қарулы босқындар тобының пайда болғандығы жөнінде хабарлайды. Жіберілген мәліметтер бойынша, Батыс Тибеттегі Санкор атты жерде ұлты белгісіз, шамамен 8 мың адамнан тұратын әскери күш бар екендігі туралы қауесет тараған. Санкор шамамен Гартоққа жақын орналасқан және *Лхаса*, Непал, Яркенд, *Лахор* және Башарға баратын бағыттарды бақылайды. Бұл қарулы адамдардың пайда болуы Батыс Тибеттің тыныштығын бұзып, бұл оқиғаға алаңдаған Тибет шенеуніктерін айтарлықтай алаңдатты. Осыған байланысты жалпы жұмылдыру туралы бұйрық берілді. Растау жоқ. Сондықтан мен бұл қауесеттердің неге негізделгенін анықтауға тырысамын. Жоғарыда аталған босқындар жөнінде нақты ештеңе білмегендіктен, олардың азаматтығын, баратын жерін және қоныс аудару себептерін нақтылауды және мүмкіндігінше

жылдам хабарлауды сұраймын делінген (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 76).

1941 жылы 25 қыркүйекте Кашмир үкіметі тарапынан да батыс Тибет аумағындағы қазақ лагері жөнінде ақпараттар жіберілген. Кашмир үкіметі бұл ақпараттарда қытайлық қазақтардың батыс Тибетке жеткені жөнінде хабардар екенін білдірген. Егер олар Кашмир аумағына қарай бет алатын болса, қажетті сақтық шараларын жасауға әзірлігін білдірген. Шекара аумағының ұзақтығы оны бақылауда қиындықтар туғызатын болғандықтан, алдын-ала тамыз айының басында мемлекеттік әскерлер бөлімі Демчук пен Шушал арасындағы шекараны күзетуге жіберілді. Сонымен қатар, Үндістан үкіметінің бұл қазақ босқындарына қатысты ой-пікірлерін білгіміз келеді делінген. Егер олар штат аумағына кірген жағдайда, Ладахтағы әскердің көмегімен оларды дереу қарусыздандыру қажет. Оларды Ладахтағы мемлекеттік күштердің көмегімен қарусыздандырғаннан кейін, босқындарды штат аумағына орналастыру және оларды қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі туындайтынын жеткізген (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 93).

Кашмир үкіметінің 1941 жылы 20 қазанда Үндістан үкіметіне қазақ босқындарының бет алысы жөнінде жолдаған жедел хатында, Кашмир әскерлерімен босқындар арасында қақтығыс орын алып, 6 қазақ өлтірілді, 1-уі жараланды деген ақпаратты хабарлайды. Қазіргі мәліметтерге сәйкес, бұл адамдардың саны шамамен 4000-ға жуық, олардың иелігінде 1000 шатыр, 5000 қой, 2000 түйе, 4000 жылқы және басқа да мал болған. Жалпы мал саны шамамен 11 000-дайды құраған. Қолбасшы офицер қазақтардың бір топ өкілі оларға Британдық Үндістанға өтуге рұқсат берілген жағдайда, қаруларын тапсыру туралы ұсынысты қабылдайтындығын жеткізді. Мәселе өте күрделі, Кашмир үкіметі, әрине, босқындардың Ладахқа қарай бет алуын құптамайды, өйткені онда көп мөлшерде азық-түлік тасымалдауды қажет етеді. Қар асуды жауып тастаса, олар ешқашан 400 мильдік Зоджи-Лаға жете алмайды. Қарақорым арқылы өтетін бағыт тек қыста ғана мүмкін болады, бірақ бұл босқындар тобын мәжбүрлеу мүмкін емес. Британдық Үндістанға қысқа жол Шипки-Ла асуы мен Үнді-Тибет жолын кесіп өтеді. Шешім қабылдауға уақыт өте аз, өйткені әскерлер Демчуктың 14000 футтан жоғары биіктігінде қыстай алмайды. Лехке телеграф арқылы жіберілген кез-келген бұйрық 9 күннен кейін ғана Демчукке жетеді. Жағдайды егжей-тегжейлі бағалау тек қана пошта арқылы жүзеге асырылады делінген (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 102).

Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» атты еңбегіндегі мәліметтерде: «Бізді Үндістан әскері Кашмир облысының Ладах аймағына алып келді. Тізімімізді ресми түрде тіркеді. Кашмир Үндістанның жеке аймағы екен. Біздерді Лех қаласынан Гималайдың аңғарындағы екінші қала Кәргіл дейтін қалаға апарды. Жолда 8 күн жүрдік. Кашмир ханы Харисин Maharaja мұсылмандарды онша ұнатпайтын адам екен. Онымен қоймай, тибеттер біздің үстіміздің арыз-шағым айтып, хат жолдаған көрінеді. Сондықтан Харисин оң қабақ таныта қоймады. Босқындарды бұл қалаға да тоқтатпай, Гималайдың атақты асуы Зұлжила (Зоджи-Ла) арқылы тағы бір қалаға апармақ болды. Зұлжила өте қиын асу. Көп адамдардың аяқ-қолы үсіді. Тіпті шөккен түйе, жатқан қойлары қар басып қалды. Адамнан да малдан да шығын көп болды», – деп еске алады (Алтай, 2014: 59-60).


Кашмир үкіметінің 1941 жылы 3 қарашада Үндістан үкіметіне жолдаған шұғыл хатында қазақ босқындарының қозғалыс бағыты туралы мәлімет берілген. Қазақтардың қозғалысы туралы соңғы жаңалықтар осындай: 120-ға жуық ерлер, әйелдер мен балалардан тұратын алдыңғы қатарлы отряд 27-де Зоджи-Лаңы кесіп өтті, қазір Синдаға дейінгі жарты жолда Гундада орналасқан. Орданың қалған бөлігі Зоджи-Ла асуына жақын маңдағы Каргил мен Мачеенің арасында орналасқан Лех маңында және алдағы аптада Синд алқабына келеді деп күтілуде. Лехтен алынған ақпарат 200-ге жуық қазақтан тұратын тағы бір топ Ладахқа Демчук жағынан кіріп, 28-ші күні Лехтен оңтүстік-шығысқа қарай 70 мильге жетті деп мәлімдейді. Мүмкіндігінше шұғыл түрде адам саны мен атыжөндеріне қатысты нақты және сенімді ақпарат қажет (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 152).

Үндістанның Сыртқы байланыстар департаментінің 1941 жылғы 11 қарашадағы жазбасында қазақтарға Британдық Үндістан аумағына кез келген бағыт бойынша кіруге рұқсат беру мүмкін емес. Сондықтан резиденттің балама ұсынысына қатысты, яғни Үндістан үкіметі Кашмир алқабына мал

азығын жеткізіп, қазақтарды қыс бойы уақытша ұстау жөнінде ұсынысын жолдады. Сонымен қатар, бұл мәселенің әлі де болса жан-жақты талқыланып жатқандығын хабарлаған (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 25-26).

1941 жылы 6 желтоқсанда Үндістан үкіметі тарапынан Кашмир басшыларына қазақ босқындары үшін уақытша лагерь құру мәселесі бойынша жедел хат жолданған болатын. Кашмир үкіметі қазақтардың Британдық Үндістанға енуіне жол бермеу үшін Муззафарабад маңында олар үшін уақытша босқындар лагерін құруды ұсынып, оған қатысты барлық шығындарды Үндістан үкіметі өз мойнына алуы қажет деп санайды. Қазіргі уақытта Кашмир үкіметі қазақтарды Ладахтан болжамды лагерьге жеткізуге қатысты қомақты шығындары үшін өтемақы талап етпейді. Қазақтар Үндістан үкіметінің бұйрығымен өз мүдделері үшін уақытша тұрақта болуы тиіс. Сондықтан Үндістан үкіметі осы мақсатқа қажетті іс-шараларды қаржыландыруға жауапкершілікті өз мойнына алуы керек. Егер сұралған көмектен бас тартылса, Кашмир үкіметі босқындарды өз еркімен қалдыру керек деп мәлімдейді, бұл жағдайда олардың Британдық Үндістанға ену мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Бұл, сайып келгенде, қазіргі уақытта Кашмир үкіметі мен Үндістан үкіметіне де бірдей шығын әкелуі мүмкін. Қазіргі жағдайда, Кашмир үкіметі шығындардың едәуір бөлігін жабуға келіскендіктен, бұл ұсынысты Үндістан үкіметі де қолдауы мүмкін делінген. Сонымен қатар, осы кезеңдерде Кашмирге жеткен қазақ көші жөнінде Үндістан қоғамдық ақпарат орталығының мерзімді басылымдары да жариялаған еді. Нью-Делидегі «Қоғам қайраткері» атты мерзімді басылымда «Қазақтар Кашмирде» атты Кашмирге жеткен қазақ көшіне қатысты шешім қабылдау жөнінде мақала жарық көрді. (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 32).

Кашмирге жеткен қазақ көшінің Мұзаффарабад маңындағы уақытша тұраққа орналасу жағдайы Әбдіуақап Қараның «Қазақтардың Түркияға көші» (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері) атты еңбегінде жан-жақты баяндалады. Үндістанда Кәшмір деген уәлаят бар екен. Кәшмір уәлаятының әкімі үндінің ішінде синг дейтін бір халық бар екен. Мына сақал-мұртына, бетіне шыққан жүн атаулының еш біреуіне қол тигізбейді


Bureau of Public Information,
Government of India.

1. Name of Paper .. Statesman.
2. Published at .. New Delhi.
3. Dated .. ..

KAZAKS IN KASHMIR


STATE GOVERNMENT ASKED TO ISSUE STATEMENT

Сур. 1. Мерзімді басылым: «Қоғам қайраткері» Кашмирге жеткен қазақ көші жөнінде ақпарат. 22 желтоқсан 1941 жыл. Нью-Дели (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 32).
Fig. 1. Periodical: "Kogham Kayratker" Information about the Kazakh migration that reached Kashmir. December 22, 1941. New Delhi (UR NA.F. №239 – W/1941: 32).

екен. Олардың діни сенімі солай екен. Әлгі Кәшмірдің уәлиі содан екен. Мылтықты беріп, Үндістанға өткеннен кейін бізді көшіріп отырып, Мұзаффарабад деген жерге алып келді. Алып келсе Мұзаффарабадтың бір жағы тау, бір жағы үлкен өзен. Өзеннің жағасына әкеліп қазақты иірді. Шыр айналдырып әскер бізді қоршап алды. Не сыртқа базарға, қалаға жібермейді, не қырға шығармайды. Әскер жан-жақтан қамап алды. Сөйтіп алты ай тұрдық. Алты ай тұрғанда, сол жерде адам аурудан қырыла бастады (Қара, 2016: 88).

Үндістан мен Кашмир үкіметі Мұзаффарабад маңындағы қазақтардың уақытша тұрағы үшін жұмсалатын шығындар мәселесін жан-жақты талқылаған болатын. 1941 жылы 11 желтоқсанда Кашмир үкіметі басшыларының Тәж өкілінің хатшысы Кеннет Фитце мырзаға жолдаған хаты аталмыш мәселеге қатысты мәліметтер береді. Хатта қазақтардың уақытша тұрағына қатысты жұмсалатын шығындар мәселесі талқыланады. Премьер-министр, қазақтардың өздерімен бірге жеткен малдарын сырттан жем-шөп тасымай, жергілікті жайылымдарға жаюды дұрыс деп санайды. Сонымен қатар, азын-аулақ мал бөлігін

сатып, азық-түлік шығынын жабуды ұсынады. Осылайша, қазақтардың өздерімен бірге жеткен малдың бір бөлігін сату, екінші бөлігін азық-түлік ретінде пайдалану арқылы олардың уақытша тұрақтағы шығындарының бір бөлігі жабылады деген ойдамыз делінген. Мұзаффарабад маңындағы уақытша тұраққа қазақ көшінің бет алуы жөніндегі ақпарат «Мемлекет қайраткері» атты мерзімді басылымда жарияланды (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 231).



Сур. 2. Мерзімді басылым: «Қоғам қайраткері» Қазақ көшінің Мұзаффарабад маңындағы уақытша тұраққа бет алуы. 4 қаңтар 1942 жыл. Нью-Дели (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 231).
Fig. 2. Periodical: "Kogham Kayratker" The Kazakh migration heading toward a temporary settlement near Muzaffarabad. January 4, 1942. New Delhi (UR NA.F. №239 – W/1941: 231).

Үндістанға жеткен қазақ көшіне қатысты 1941 жылы 12 желтоқсанда Кашмирде өткен кеңес жазбаларындағы мәліметтерде, Үндістан үкіметі Кашмирдегі уақытша шаралар үшін де толық жауапкершілікті өз мойнына ала ма деген мәселені шешу қажеттілігінің туындайтынын жеткізген. Жауапкершілік қабылданғанға дейін Кашмир үкіметі қазақтарды шамамен төрт ай бойы бақылауда ұстау үшін шаралар қабылдауы керек деген болжам туындайды. Қаржы мәселесі бойынша шешім мүмкіндігінше тезірек қабылданады, бірақ егер бұл мәселе Калькуттадағы Тәж өкілдерінің келісіміне қатысты болса, біршама кейінге қалдырылуы мүмкін. Жеделхат Кашмир резиденті полковник Дж. Бартонға шешім қабылданғаннан кейін ғана жіберіледі деп күтілуде. Тәж өкілі хатшысы Кеннет Фитце Үндістан үкіметінің өкілі ретінде Ладдлоу мырзаға шамамен төрт айға қазақтардың уақытша тұрағы мәселесі бойынша ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс бойынша:

а) Үндістан үкіметі қаржыландыратын уақытша лагерьге қатысты қаржылық және әкімшілік іс-шараларды қадағалау;

б) Британдық Үндістанда бейбіт азаматтар ретінде олардың отырықшы болуының қандай да бір болашағы бар-жоғын бағалау мақсатында қазақтардың әдеттері мен қабілеттерін зерделеу;

в) оларға кездесетін климаттық және басқа да жағдайлардың сипаты туралы хабарлау және олардың мұндай шешімге деген көзқарасын анықтау. Егер бұл мәселелерге қатысты олардың тарапынан қиындықтар туындамайтын болса, қазақтарды Үндістанның әртүрлі бөліктеріне қоныстандыру мақсатында бірнеше жүз адамнан тұратын топтарға бөліп орналастыру. Аталмыш мәселелер бойынша Ладдлоу мырза бір айдың ішінде есеп бере алады деген үміттеміз. Алдағы уақытта, Кашмир үкіметінің алдына қоюға тура келетін тағы бір мәселе тұр. Атап айтқанда, қазақтарды топтарға бөліп, Британдық Үндістан провинцияларына бөлген жағдайда, Кашмир үкіметі де осы жауапкершіліктің әділ үлесін ала ма деген мәселе еді (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 41-42).

Пенджабтың мұсылман басшылары жоғары мәртебелі Тәж өкілдеріне Үндістанға жеткен қазақ көшіне көмек беру жөнінде, 1942 жылы 12 қаңтарда жеделхат жолдаған. Аталған жеделхатта былай деп көрсетілген: «Мен, жеке өзім, барша мұсылмандар атынан, жазықсыз мұсылман халқының босқын ретінде, Музаффарабад маңындағы уақытша тұрақта ауыр жағдайда тұрып жатқандарынан хабардар

болдым. Осы орайда, Кашмир басшыларынан оларды суықтан қорғайтын баспанамен, азық-түлікпен қамтамасыз етуін сұраймыз. Егер қазақ босқындарының Пенджабқа өтуіне рұқсат берсеңіздер мұсылман бауырлары ретінде оларға қамқорлық жасар едік», – делінген (ҮР ҰА.F. №239 – W/1941: 318).

Үндістанға жеткен қазақ көшіне мұсылмандар тарапынан көрсетілген көмек жөнінде Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел», Абдуррахман Четиннің «Өмір жолымдағы соңғы көш» атты еңбектерінде жан-жақты баяндалады. Шейх Мұхаммед Абдуллах деген адамның жақсылығын әлі ұмытпаймыз. Біздің қамымызды ойлаған абзал азаматтың әрбір ісі есімізде мәңгі қалып қойыпты. Ол Кашмир мұсылмандарының басшысы. Халық оның атын атамай Шейх Сахиб деп атап кеткен. Бұл ол адамға көрсетілген құрмет еді. Ауылға бірнеше дүркін келіп, жағдайымызбен таныстық. Бір күні Шейх Мұхаммед Абдуллах Елісхан мырзаға хабар жіберіп: 1. Отаннан шығу себептері; 2. Қанша кісімен жолға шыққандығы; 3. Қандай жолдарменен, қалайша Кашмирге жеткендігі; 4. Жол бойында қандай тауқыметтер көргендігі; 5. Кашмир өлкесіне келгеннен кейін қандай оқиғаны басынан кешіргендігі туралы; 6. Бүгінгі лагерьдегі жағдайлары; 7. Болашақтағы мақсаттарының не екендігі туралы мәліметтердің жазып беруін сұрайды. Бұл сұрақтардың жауаптарын білгенімше араб тілінде Елісхан мырзаның шатырында жазып бергенім есімде. Бұдан кейін Абдуллах босқындарға жақсы тамақ берілмей, емін-еркін жүріп-тұруға рұқсат етілмегенін, дәрігерлік көмектің де ойдағыдай болмағандығын айтып, газеттерге мақала жариялады. Жергілікті газеттер арқылы біздің тыныс-тіршілігімізді бүкіл елге жайып, әрі өкімет басшыларына жеткізді. Қысқасы, біздің жоғымызды жоқтап, мұңымызды мұңдады. Жоғарыдағы мәліметтерге қосымша бұдан былай Кашмирде тұру қиын, сондықтан Пәнжап (Пенджаб) өлкесіне өтсек деп өтініш білдірген едік. Өйткені Пәнжаптың тұрғындарының көпшілігі мұсылмандар екен. Ең болмаса, солармен бірге өмір өткізсек деген ойда болдық (Алтай, 2014: 62-63).

«Үндістанның Бхопал штатына қазақтарды орналастыру мәселесі. 1942 жылы Хайдарабадқа жіберілген сұраныс хаттары» атты Үндістан ұлттық архив қорынан анықталған бұл құжатта Үндістан үкіметі тарапынан қазақтарға берілген қаржылай несиелерге қатысты мәселелер қамтылады. Үндістанға жеткен қазақ босқындарын орналастыру мәселесіне қатысты түрлі департаменттер арасындағы өзара хат алмасуларда, Үндістанның кейбір мұсылман штаттарына Үндістанға жеткен қазақ босқындарын қабылдауды сұрамас бұрын, солтүстік-батыс шекара провинциясы үкіметінің аталмыш мәселеге қатысты көзқарасын күту туралы шешім қабылданған болатын. Біздің қазақтарды қоныстандыру мәселелеріне қатысты өткізілген ведомствоаралық конференцияда таулы жерлерге Низам мен Пенджаб үкіметінің провинцияларынан қазақ босқындарын қоныстандыруға болатын аймақтарды ұсынуды сұрау керек деп шешілді. Мемлекеттік хатшының жазбасының 1-тармағында көрсетілген себептерге байланысты біз солтүстік-батыс шекара провинциясына назар аударуымыз керек деп шешілді. Қазақтардың 400 отбасы Хавеляннан Мансехра мен Баффаға, яғни оларды діттеген жерге жеткізу үшін топтарға бөлу қажет, ал 140 отбасы қолөнершілер мен тоқымашылар есебінде, қазақтардың мал-мүлкі жоқ бөлігі және ешқандай қолөнерді меңгермеген тобы жалға алушылар есебінде қоныстануы керек еді. Қазақ босқындарына қатысты мәліметтерден, бұл қазақтардың руластар мен тайпалар ретінде қоныстануға бейім екендігі белгілі болды. Сонымен қатар оларды жалпы құрлықта, жайылымды жерлерде орналастырғанды дұрыс деп санаймыз, бірақ бәрін солтүстік-батыс шекара провинциясында қоныстандыру мүмкін емес. Осы өзгерген жағдайды шешу үшін солтүстік-батыс шекара провинциясы бізге, мысалы, Хайдарабад пен Бхопал сияқты мұсылман штаттарына қазақтарды қабылдауды және Үндістан үкіметінің алғашқы егіні жиналғанға дейін оларға қаржылық көмек көрсетуін сұрайды. Сонымен қатар, оларды Равалпинди, Пешавар және Кэмпбеллпурда қабылдауға күш салу керек. Кейбір босқындарға көрші штаттармен келісім бойынша Хазар ауданына қоныстануға рұқсат етілген сияқты. Егер солтүстік-батыс шекара провинциясының штаттары немесе Үндістанның басқа бөліктеріндегі штаттар қазақтарды қабылдауға дайын болса, біз оларға осы жерлерге қоныстану үшін тиісті көмек көрсетуге қарсы болмауымыз керек. Біз 170 отбасын қоныстандырудың бастапқы шығындарын жабу үшін бір

отбасына 300 рупий несие беруге келіскенімізді көруге болады. Солтүстік-батыс шекара провинциясының ұсыныстары, егер бұл жоспар жүзеге асырылатын болса, осы бөлімге сөзсіз қосымша шығындар әкелуі мүмкін. Сондай-ақ олардың топтарға немесе рулас тайпаларына бөлінуіне қарсылық білдірудің қажеті жоқ. Біздің № 37 хаттың 4-тармағында оларды өздеріне қолайлы топтармен орналастыру қарастырылған.

Бүгінгі таңда, біз, мұсылман штаттарында, нақтыласақ, Үндістанның Пенджаб, Хайдарабад, Бхопал штаттарына қазақтарды қоныстандыру үшін қолайлы орынды табуға көмектесуін сұрай аламыз. Бізге келіп түскен мәліметтерге қарағанда, қазақтардың саны шамамен 710 отбасына бөлінген 2.800 адамды құрайды. Сондай-ақ, оларды шопандардан, тоқымашылардан, қолөнершілерден және т.б. топтардан тұратын жеке қауымдастық ретінде орналастыруға болады. Баспана салу және басқа да бастапқы шығыстар үшін отбасына 300 рупийден аспайтын сомаға қарыздар және қажет болған жағдайда бір жылға ең аз мерзімге ересек адамға күніне 15 рупий және балаға күніне 7/8 рупий мөлшерінде қосымша қарыздар беріледі делінген (ҮР ҰА.F. №203 – W/1942: 2-5).

Архив құжаттарындағы деректерге сәйкес, Бхопал штатының басшысы Хамидуллах Орталық Үндістан үкіметінің басшыларына Үндістан аумағына жеткен қазақ босқындарын қабылдау мүмкіндігіне қатысты хат жолдаған. Аталған хатта былай деп көрсетілген: «Үндістан үкіметі біраз уақыт бұрын ел аумағына келген қазақ босқындарының бір бөлігін жекелеген үнді штаттарына қоныстандыру мәселесін қарастыруда. Осыған байланысты, Бхопал штаты бұл ұсынысқа қызығушылық танытады, өйткені бізде аталған мақсатқа сәйкес келетін кең жер учаскелері бар. Осы мәселе бойынша толық ақпарат беріліп, қазақ босқындарын штат аумағына қоныстандыру туралы шешім қабылданған жағдайда, Бхопалға көшірілуі мүмкін қазақ отбасыларының нақты саны туралы мәлімет жіберуіңізді сұраймын», – делінген. (ҮР ҰА.F. №203 – W/1942: 98).

Аталмыш көштің куәгері ретінде Халифа Алтай «Алтайдан ауған ел» атты еңбегінде Үндістанға жеткен қазақ көшін мұсылман штаттарына орналастыру мәселесін де баяндайды. Хайдарабад – Үндістанның оңтүстігіндегі мұсылман өлкесі. Осы Хайдарабад өлкесінің басшысы Осман Али мен Орталық Үндістандағы Бопал өлкесінің басшысы Хамидуллах біздер жайлы газеттерден оқып білген соң «сол адамдарды қарауымызға алып, бағамыз» деп өкіметке арыз беріпті. Осы адамдар басқарып отырған өлкелерді көріп қайту үшін Құсман, Хамза, Шақпақбай бастаған бірнеше адам пойызбен жүріп кетті. Көп кешікпей барған адамдар екі өлкені де көріп қайта оралды. Бопалдың (Бхопал) жері салқындау және орманды, таулы, аң-құсы көп екен, тіршілікке қолайлы болуы мүмкін деп келді. Сонымен біраз ауыл Бопалға көшетін болдық. Төрт жүзден астам адам Бопалға көшіп, ал жеті жүзден астамы осы жақта қалатын болды. Құсман тәйжі, Хамза залың, Сауытбай, Қожан, Шақпақбай, Мүтәліп, Сүлеймен, Құсман молда, Қабылбектер ақылдаса келіп, Бопалды жөн көрді. Екінші бір топ Елісхан, Беги, Сәдей, Мардан, Дәуітбай, Қали, Ахмет Қали молда, Қари Хайдарлар бастаған ауылдар Пәкістанның солтүстігіндегі Пішәуір, (Пешавар), Шатрал секілді күні салқындау, таулы жерлерді сағаламақ болды (Алтай, 2014: 67).

Үндістан ұлттық архив қорларынан анықталған «Қазақтардың солтүстік – батыс шекара провинциясынан Бхопалға қоныс аударуы» атты құжатта қазақ босқындарын Үндістан штаттарына, атап айтқанда Бхопал мен Хайдарабад штатындағы қолайлы жер учаскелерімен және қажетті жағдайлармен қоныстандыру мәселесіне қатысты құжаттар берілген. Құжаттағы деректер бойынша, сондай-ақ Үндістан үкіметі тарапынан қазақтардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту, мал-мүлкін тасымалдауға қатысты қаржыландыру мәселесі бойынша хаттары және оларды Бхопал штатына орналастыру туралы ресми меморандумы бар. 1943 жылғы 20 қаңтарда арнайы тапсырмалар жөніндегі офицер Хуршид Мұхаммедтің қазақтарды қоныстандыру және олар үшін өзге штаттардан қолайлы орын таңдау мәселесіне қатысты жолдаған хатында бірқатар маңызды мәліметтер келтірілген. Құжатта Солтүстік-Батыс шекара провинциясындағы қазақ лагерінен бес-алты беделді қазақ өкілін Бхопал штатына және басқа да аудандарға апарып, қоныстандыруға ұсынылған жерлермен таныстыру, сондай-ақ олардың аталған аумақтарға қоныстануға дайын екендігін анықтау ұсынылған.

Сонымен қатар, хатта қазақтардың дәстүрлі түрде көшпелі өмір салтын ұстанатын, негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып табылатын этнос екендігі атап көрсетілген. Олардың ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибесінің шектеулі екендігі және осы уақытқа дейін егіншілікпен жүйелі түрде айналыспағаны да ескертілген. Дегенмен, қазақтардың жаңа шаруашылық түрлерін меңгеруге бейімділігі жоғары екендігіне байланысты, олардың ауыл шаруашылығы дағдыларын салыстырмалы түрде қысқа мерзімде игере алатыны туралы болжам жасалған.

Құжатта қазақтардың негізгі күнкөріс көзі қой, түйе және жылқы шаруашылығы болғаны көрсетіледі. Алайда көші-қон барысында олар өздерімен бірге алып келген малдарының басым бөлігінен айырылып, қазіргі уақытта шамамен 500-ге жуық мал ғана қалғаны туралы мәлімет берілген, – делінген. (ҮР ҰА.F. №7 – W/1943: 4-5).

1943 жылғы 27 қаңтарда Бхопалдағы саяси агент, подполковник Г.А. Фальконер Орталық Үндістан агенттігіне Үндістан аумағына қазақтарды қоныстандыру мәселесін үйлестіру мақсатында арнайы комитет құру жөнінде хат жолдаған. Аталған хатта былай деп көрсетілген: «1943 жылғы 19 қаңтардағы Орталық Үндістан агенттігінің №317-W жартылай ресми хатына сілтеме жасай отырып хабарлаймын: Орталық үкімет Үндістандағы қазақтарды қоныстандыру мәселесін шешу үшін арнайы ұйым құруды жоспарлап отыр. Бұл ұйым «Қазақтар ісі жөніндегі комитет» деп аталады. Комитет төрағасы ретінде Қорғаныс мәселелері жөніндегі генерал-губернатордың Атқарушы кеңесінің мүшесі тағайындалады. Комитет құрамына: 1) Лакхнаудағы заңгер, заң шығарушы жиналыстың мүшесі; 2) Үндістан үкіметінің Қорғаныс министрлігінің хатшысы; 3) қадағалаушы арнайы офицер кіретін болады», – делінген. (ҮР ҰА.F. №7 – W/1943: 9).

Қазақтардың Бхопалға көшу кезінде өздерімен бірге малдарын да тасымалдау мәселесі туындады. Алайда Үндістан үкіметі қазақтардың қолындағы мал басын түгел тасымалдауға рұқсат бермеді. Сондықтан шамамен жиырмаға жуық малды іріктеп, үкімет есебінен теміржол арқылы жеткізетін болды, ал малдың қалған бөлігін қазақтардың келісімімен Тарнавадағы аукционда сататын болды. Есеп бойынша, аукционда сатылған мал саны – 42, одан барлығы 1611 рупий көлемінде қаражат түскен. Қазақтар Бхопалға жеткен кезде малдарының орнын толықтыру жөнінде шарт қойып, қолда бар малдарын сатуға келісім берді. Аурангабадтағы қазақтарға көмек комитеті белгілеген 2150 рупий көлеміндегі соманы ескере отырып, қазақтардың бұл шарты қабылданды (ҮР ҰА.F. №7 – W/1943: 30).

1943 жылғы 9 сәуірдегі Үндістан үкіметінің қазақтардың шығындары үшін Бхопал штатына алғашқы кезеңде аударған 76,000 рупий сомасына қатысты түсіндірме жазбасында, Үндістан үкіметі Бхопалға қоныстанған қазақтарға келесі несиелерді беруге келісім жасағандығын хабарлайды. 1. Баспана салуға және басқа да бастапқы шығындарға арналған жәрдемақы, 100 отбасы үшін - 30,000 рупий, 2. 100 отбасы үшін мал сатып алуға, оның ішінде қой және басқа мал үшін - 20,000 рупий, 3. 100 отбасына бір жылға дейінгі мерзімге, ересек адамға 15 рупий, балаларға 7/8 рупий белгіленді. Үндістан үкіметі несиенің жалпы сомасы екі кезеңмен берілетіні жөнінде шешім қабылдады: бірінші жартысы қазір, ал екінші жартысы алғашқы қаражат жұмсалғаннан кейін беріледі. Сол себепті қазіргі уақытта олар 76,000 рупий сомасын аударды делінген (ҮР ҰА.F. №7 - W/1943: 32).

Арнайы тапсырмалар бойынша офицер Хуршаид Мұхаммедтің 1943 жылғы 25 наурызда қазақтарды Хайдарабад пен Бхопалға көшіруді ұйымдастыру жөніндегі хатында аталмыш мәселеге қатысты деректер бар. Атап айтар болсақ, темір жол әкімшілігі арнайы поезд ұйымдастырып, оның бір бөлігі Хайдарабад ауданына бөлінген қазақтарға, ал екінші бөлігі Бхопал ауданына бөлінген қазақтарға арналады. Поездың соңғы бөлігін Бхопалда ажыратып, бірінші бөлігін Хайдарабадқа қарай жіберу ұсынылады. Поездағы қазақтар үнді офицерлерінің бақылауында болады. Бхопал және Хайдарабад штаттары осы мақсатта алдын-ала арнайы офицерлер тағайындауы қажет. Арнайы поезд шамамен 1 сәуірдің екінші жартысында жолға шығады деп күтілуде делінген (ҮР ҰА.F. №7 - W/1943: 42).

Орталық Үндістанның хатшысы тарапынан қазақтарды Бхопалға қоныстандыру мәселесі бойынша жасалған жобадағы мәліметтер бойынша, қазіргі уақытта қазақтар Бхопалдан шамамен 7 миль қашықтықта орналасқан Исламнагарда тұрып жатыр делінген. Олардың тұрақты қоныстану орны үшін салынып

жатқан тұрақтары дайын болғанша, олар осы жерде уақытша орналастырылады. Муссондық жауын-шашындар басталғанға дейін олардың жаңа қонысқа көшуіне мүмкіндік туады деген үміт бар. Сол уақытқа дейін оларға күнделікті азық-түлік беріліп отырады, ал олардың құны кейінірек отбасыларға берілетін несиелер есебінен өтелетін болады. Бхопал штатынан алынған ақпараттар бойынша, қазіргі жағдайда қазақтарды несиелерге қатысты мемлекеттік ережелерді қолдану үшін «ауылшаруашылық өндірушілері санатына жатқызуға болмайды. Әдетте ауылшаруашылық өндірушісіне берілетін несие үшін қамтамасыз ету құралы ретінде оның жерінен алынатын өнім немесе оның меншігі саналады. Қазіргі таңда, қазақтар мұндай кепілдік түрін ұсына алмайды. Сондықтан әрбір отбасы басшысынан қоныстандыру кезеңі аяқталғаннан кейін олардың материалдық жағдайы белгілі болған соң айқындалатын мерзімдерге сәйкес барлық берілген несиелерді өтеуге қатысты жеке міндеттеме алу ұсынылады. Қазақтардың бір бөлігі ғана ауыл шаруашылығымен айналысуы мүмкін (көпшілігін осы бағытқа ынталандыруға үміт бар), басқа бөлігі қой және жылқы шаруашылығымен шұғылдануы ықтимал, ал қалғандарына қандай да бір қолөнерді меңгеру немесе уақытша жұмысшы күші ретінде еңбек ету ұсынылатын болады. Қалыптасқан жағдайда, қазақтарға берілетін несиелердің тек сақтықпен берілуі ғана емес, сонымен қатар кезең-кезеңімен, яғни оларды қоныстандыру үрдісінің дамуына байланысты ұсынылуы қажет деген шешім қабылданды. Ауыл шаруашылығымен айналысатындардан несиені өндіру едәуір жеңіл болады, өйткені оны олардың өнімінен өтеуге мүмкіндік бар. Алайда өзге топтар үшін несиені қайтару сөзсіз ұзақ мерзімді талап етеді. Несиелер бойынша пайыздар мәселесіне қатысты Бхопал үкіметі қазақтардың орналасу жағдайында несиелерді пайызсыз беру жөнінде шешім қабылдады (YP ҰA.F. №7 – W/1943: 53-55).

1943 жылы желтоқсанның 18-де қазақтардың Бхопалда қоныстану мәселесіне қатысты Кірістер департаментінің хатшысының Бхопал штатының Саяси департаменті хатшысына жолдаған жазбасында Бхопалға жету үшін 500 рупий жол ақы төлемдерін алу үшін өтініш білдірген 49 қазақтың ішінен Ыдырыс бастаған 31 қазақтан тұратын топ Бхопалдағы қазақ лагеріне келіп жетті делінген. Төменде көрсетілген кестеде Бхопал штатына қоныстану

№	Отбасы басшысының аты-жөні	Отбасы мүшелерінің саны			
		Ер адам	Әйел	Бала	Барлығы
1	Ыдырыс	1	1	4	6
2	Кешбай	3	2	1	6
3	Саидман	2	1	1	4
4	Саудалхан	2	1	-	3
5	Рақыш	1	1	-	2
6	Қайранхан	2	2	-	4
7	Бадас-Жаппар	1	-	-	1
8	Қонысбай	1	-	-	1
9	Үзәлжан	2	3	-	5
10	Шілік Бапай	3	1	-	4
11	Аталбай	3	1	-	4
12	Тоқтан	3	-	-	3
13	Әлпатан	1	1	-	2
14	Нәрижан	2	1	-	3
15	Адам	1	-	-	1
		28	15	6	49

Кесте 1. Бхопал штатына қоныстану мақсатында жол ақы төлемдерін алу туралы өтініш білдірген қазақ отбасыларының тізімі (YP ҰA.F. №7 – W/1943: 82).

Table 1. List of Kazakh families who applied for travel allowance for settlement in the state of Bhopal (UR NA.F. №7-W/1943: 82).

мақсатында жол ақы төлемдерін алу туралы өтініш білдірген қазақ отбасыларының тізімдері берілген. Осы орайда, төменде аталмыш архив құжаттарынан алынған Бхопал штатына қоныстану мақсатында жол ақы төлемдерін алу туралы өтініш білдірген қазақ отбасыларының тізім кестесі берілген (ҮР ҰА.F. №7 – W/1943: 82).

Архив құжаттары бойынша, Бхопал басшылары тарапынан қазақтардың егіншілік және мал шаруашылығымен айналысуына жағдай жасау мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылған. Осыған орай, Бхопал үкіметі Бхопал аумағында қазақтар осындай кәсіппен айналыса алатын қолайлы елді мекен табуы керек еді. Матар ауылы таңдалды, онда оларды көшіру жұмыстары толық байсалдылықпен басталды. Әрбір қазақ отбасы үшін күріш және жүгері алқаптары, көкөніс өсіруге арналған учаскелер ұйымдастырылды, сондай-ақ өсіру үшін мал берілді.

Бірақ бірнеше күннен кейін қазақтар егістікке ешқашан қол тигізбегені, ауыл шаруашылығы туралы мүлдем ештеңе білмейтіні және оған тіпті немқұрайлы қарайтыны белгілі болды. Біз әр қазақ отбасына бөлек бөлінген күріш және жүгері алқаптары мен көкөніс учаскелерін қоршадық. Түнде қазақтар қоршауды алып тастап, өсіп келе жатқан егінге малдарын жайылымға шығарды. Біз қазақтарға аптасына үш рет ет жеткізуге келіскенімізбен, қазақтар біз өсіруге берген малды жасырын түрде сойып тастады. Біздің барлық талпыныстарымызға қарамастан, қазақтар егіншілер емес екендігі және оларды аталмыш кәсіппен байыпты айналысуға мәжбүрлеу мүмкін еместігі анықталды. Оларды Бхопалға қайтаруға тура келді, онда олар қолөнермен айналысты, бірнеше қазақтар шатыр фабрикасында және былғары бұйымдарын шығаратын әртүрлі зауыттарда жұмысқа орналасты, ал қазақтар үшін Путлигарда оларды әртүрлі қолөнер түрлеріне үйрету үшін өнеркәсіптік орталық ашылды. Олар бір жерде отыру арқылы жасай алатын әрекеттерде пайдалырақ екені анықталды (ҮР ҰА.F. №7 – W/1943: 123-125).

Қорытынды

1947 жылы бірнеше жылғы ұлт-азаттық күрестің нәтижесінде ағылшындардың қол астында болып келген Үндістан және Пәкістан азат болды. Аталмыш саяси оқиғадан кейін Пәкістан мен Үндістан бөлініп, Пәкістан үкіметі құрылды. Бхопалда және Үндістанның қайсыбір жерлеріне шашырай қоныстанып кеткен қазақтардың бәрі Пәкістанға жиналды. 1947 жылдан 1953 жылға дейін қазақтар Пәкістанда тұрды. Қазақтар Пәкістанның 1-ші Лахор, 2-ші Пешавар, Равалпинди, Мардан секілді қалаларына орналасты. Аталған көштің куәгерлерінің естелік еңбектерінде келтірілген мәліметтерге сәйкес, 1951 жылы Түркия мемлекетінің шетелдегі қазақ босқындарын қабылдауға дайын екендігі туралы хабар тарай бастаған. Осыған байланысты көш ақсақалдары бас қосып, ақылдаса отырып, Түркия үкіметіне ресми түрде өтініш білдірген. Нәтижесінде, олардың арыз-өтініштері қабылданып, 1953 жылдан бастап қазақ босқындары Түркия аумағына қоныс аудара бастаған. Гималайдан соң Үндістан, Пәкістан және мұхит-теңіздерден өтіп, араб елдерін де артқа тастап келіп, табан тіреген ең соңғы мемлекетіміз – Түркия Республикасы болды деп жазады Абдуррахман Четин (Четин, 2016: 87).

Зерттеу нәтижелері XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы қазақтардың Гималай, Тибет арқылы Үндістан бағытымен жүзеге асқан көші кездейсоқ немесе оқшау құбылыс емес, аймақтық және халықаралық деңгейдегі саяси үдерістермен тікелей байланысты болғанын көрсетеді. Архив құжаттары қазақ көшінің ауыр әлеуметтік-демографиялық салдарын, жол бойындағы шығындар мен гуманитарлық дағдарысты, сондай-ақ босқындардың Үндістан аумағына жеткеннен кейінгі құқықтық және әкімшілік мәртебесінің күрделілігін айқындай түседі. Аталмыш архив деректері көші-қон тарихын ұлттық шеңберден шығарып, кең аймақтық деңгейде қарастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, Үндістан ұлттық архив құжаттары қазақтардың XX ғасырдың ортасындағы трансшекаралық көші-қонын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Бұл зерттеу бұрын ғылыми айналымда болмаған тың құжаттарды енгізу арқылы қазақ тарихының көші-қон мәселесін жаңа деректік және методологиялық деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, орталық және оңтүстік Азия тарихының тоғысындағы қазақ диаспорасының қалыптасу үдерістерін терең түсінуге жол ашады.

Дереккөз

ҮР ҰА – Үндістан Республикасының Ұлттық архиві

Әдебиет

1. Алтай Х., 2014. Алтайдан ауған ел. Алматы. 272 б.
2. Алдабек Н.Ә., 2003. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. 432 б.
3. Қара Ә., 2016. Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері). Алматы: Орхон. 136 б.
4. Мендикулова Г.М., 1997. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алма-Ата: Ғылым. 265 с.
5. Рахметұлы С., 2017. XX ғасыр. Оспан – Чойбалсан (1912-1949 жж.). Астана: Фолиант. 300 б.
6. Четин А., 2022. Өмір жолымдағы соңғы көш. Алматы: AmalBooks баспасы. 560 б.

Sources

UR UA – Undistan Respublikasynyn Ulttyq arkhivy [National Archives of the Republic of India]

References

1. Altay H. 2014. Altaydan Augan el [People came from Altay]. Almaty. 272 p. [in Kazakh]
2. Aldabek N.A., 2003. Tarikhy talqıga toly Sınjan [History Full of Controversies of Xinjiang]. Almaty: Al-Farabi atyndagı Qazaq Ulttyq universiteti. 431 p. [in Kazakh]
3. Qara A., 2016. Qazaqtardyn Turkiyaga koshi (Qozan wazir aqsaqaldyn auyzsha derekterı) [Migration of Kazakhs to Turkey (Oral Sources of Khojan Vazir Aksakal)]. Almaty: Orkhon. 136 p. [in Kazakh]
4. Mendikulova G.M., 1997. Istoricheskie sud'by kazahskoj diaspory. Proiskhozhdenie i razvitie [Historical Fate of the Kazakh Diaspora. Origin and Development]. Alma-Ata: Gylym, 265 p. [in Russian]
5. Rahmetuly S., 2017. XX gasyr. Ospan – Chojbalsan (1912–1949 zhzh.) [20th Century. Ospan – Choibalsan (1912–1949)]. Astana: Foliant. 300 p. [in Kazakh]
6. Chetin A., 2022. Omir jolymdagı songy kosh. [My Last Migration in Life]. Almaty: AmalBooks baspasy. 560 p. [in Kazakh]

***Бисенова Г.А.[1], Отепова Г.Е.[2], Болдыков Ж.Б.[1]**
[1]Национальный центр рукописей и редких книг, Астана, Казахстан
[2]Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан
*e-mail: bisenova.1966@inbox.ru

ИСТОРИЯ МИГРАЦИИ КАЗАХОВ ЧЕРЕЗ ГИМАЛАИ: НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО АРХИВА ИНДИИ

Аннотация. В статье анализируется история казахского переселения, начавшегося в регионе Алтая в 1930-1950-е годы и прошедшего через Гималаи и Тибет до территории Индии на основе документов, выявленных в фондах Национального архива Индии. Документы Национального архива Индии, представляющие ценные источники по истории казахской миграции из Алтая в 1930–1950-х годах, введены в научный оборот. В частности, это официальные записи, административные отчеты и переписки, касающиеся данного переселения и позволяющие более четко определить политику административных структур Индии в отношении казахских беженцев. В статье были использованы методы научного анализа исторической информации,

их систематизации и сравнительного анализа. Результаты исследования дополняют историю казахской диаспоры в пространственном и источниковедческом аспектах и выявляют источниковый потенциал документов Национального архива Индии в изучении проблемы переселения казахов. Документы Национального архива Индии расширяют источниковую базу изучения переселения казахов, начавшегося с Алтая и прошедшего через Тибет, Индию и Пакистан до Турции, а также позволяют по-новому рассмотреть исторические связи между центральной и южной Азией. Кроме того, выявленные в ходе исследования архивные материалы содержат сведения о маршрутах миграции казахских беженцев, районах их расселения и административных решениях принимающей стороны, что способствует более глубокому пониманию причин и последствий данного миграционного процесса.

Ключевые слова: Национальный архив Индии, переселения казахов, Гималаи,Тибет, Индия, официальные записи, отчеты, переписки.

Для цитирования: Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б. История миграции казахов через Гималаи: на основе документов Национального архива Индии // Мәдени мұра. 2026. №1 (112). С.140-154 (каз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.12

***Bissenova G.A.[1], Otepova G.E.[2], Boldykov Zh.B.[1]**

[1] National Center of Manuscripts and Rare Books, Astana, Kazakhstan

[2] A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

*e-mail: bisenova.1966@inbox.ru

MIGRATION HISTORY OF KAZAKHS THROUGH THE HIMALAYAS: BASED ON DOCUMENTS FROM THE NATIONAL ARCHIVES OF INDIA

Abstract. The article examines the history of Kazakh migration from the Altai region during the 1930s–1950s, which passed through the Himalayas and Tibet to the territory of India, based on documents identified in the collections of the National Archives of India. The documents of the National Archives of India, which are valuable sources on the history of Kazakh migration from Altai in the 1930s–1950s, have been brought into scholarly circulation. The sources include official records, administrative reports, and correspondence, which provide insights into the policies of Indian authorities toward Kazakh refugees. It aims to conduct a comprehensive study and introduce these archival materials into scholarly circulation, as they represent valuable sources for understanding this migration. The study employs historical source analysis, systematization, and comparative methods. Its findings contribute to the history of the Kazakh diaspora by expanding both the spatial and source-based understanding of migration, tracing routes through Tibet, India, Pakistan, and Turkey. Identified archival materials shed light on migration routes, settlement areas, and administrative decisions of host authorities, offering a deeper understanding of the causes, consequences, and historical connections between Central and South Asia.

Keywords: National Archives of India, Kazakh migration, Himalayas, Tibet, India, official records, reports, correspondence.

For citation: Bissenova G.A., Otepova G.E., Boldykov Zh.B. Migration history of Kazakhs through the Himalayas: based on documents from the National Archives of India // Madeni mura. 2026. №1 (112). pp. 140-154 (in Kaz.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.12

Авторлар туралы мәлімет:

Бисенова Гүлсім Алдабергенқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің РММ «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы», Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0009-0001-6435-0187

Өтепова Гулфира Елубайқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы.

ORCID:0000-0003-3495-4200

Scopus ID: 57194518893

Болдыков Жандос Бекділдаұлы, PhD, директор, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің РММ «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы», Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0009-0004-1135-0644

Scopus ID: 57210749369

Сведения об авторах:

Бисенова Гулсим Алдабергенкызы, кандидат исторических наук, доцент, ведущий эксперт отдела организации научно-исследовательской работы, РГУ «Национальный центр рукописей и редких книг» Министерства культуры и информации РК, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0009-0001-6435-0187

Отепова Гулфира Елубайкызы, доктор исторических наук, профессор, Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан.

ORCID:0000-0003-3495-4200

Scopus ID: 57194518893

Болдыков Жандос Бекдилдаулы, PhD, директор РГУ «Национальный центр рукописей и редких книг» Министерства культуры и информации РК, Астана, Республика Казахстан.

ORCID:0009-0004-1135-0644

Scopus ID: 57210749369

Information about authors:

Gulsim Aldabergenkyzy Bissenova, Candidate of Historical sciences, Associate Professor, Leading Expert of the Department for Organization of Research Activities, National center of manuscripts and rare books, Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID:0009-0001-6435-0187

Gulfiya Elubaykyzy Otepova, Doctor of Historical sciences, Professor, A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

ORCID:0000-0003-3495-4200

Scopus ID: 57194518893

Zhandos Bekdildauly Boldykov, Doctor of Philosophy (PhD), Director, National center of manuscripts and rare books, Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID:0009-0004-1135-0644

Scopus ID: 57210749369

ҒТАМР 03.20 https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.13

***Мырзаханов Ә.Е., Мұсағалиева А.С.**
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
*e-mail: 87080077500@mail.ru

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ АҚТАЛУЫ: ЖАҢА ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлын саяси репрессия құрбаны ретінде ақтау үдерісінің кезеңдері жаңа архив деректері негізінде талданады.

Осы күнге дейін кеңестік кезең тарихындағы ең өзекті мәселелердің бірі саяси репрессия екендігі белгілі. Тоталитарлық жүйе құрбандарының нақты саны әлі күнге дейін белгісіз, себебі сотсыз, үкімсіз атылғандардың саны қаншама. Қазақ тарихындағы атылғаннан кейін де тағдыры таласқа толы болған сондай тұлғалардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болды.

Мақаланың мақсаты – ақынның ақталуына қатысты құпиясыздандырылған жаңа архив деректерін талдау. Осыған сәйкес 1950 жылдардың аяғында басталып, 1980 жылдардың соңына дейін созылған ақтау үдерісінің кедергілері, айғақтардың бұрмалануы және Ахат Құдайбердиевтің әділдік жолындағы күресі қарастырылады. Басты назар Шыңғыстау көтерілісін ұйымдастырушы ретінде ОГПУ-дің Шәкәрім туралы оперативтік-барлау мәліметтері мен бұл істің нүктесін қойған 1980 жылдың аяғында құрылған Мемлекеттік комиссияның жұмысын зерделеуге аударылды.

Деректік негіз ретінде ҚР Президентінің архиві материалдары және тың, ғылыми айналымға әлі де толық енбеген ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің құжаттары, Шәкәрімтанушы ғалымдардың еңбектері қолданылған. Сондай-ақ қайраткердің ақталуы және мәселенің талқылануы барысында мерзімді басылымдарда Мемлекеттік комиссия мүшелері мен басқа да ғалымдардың жарияланымдары пайдаланылды.

Мақаланың негізгі әдіснамалық ұстанымдары: тарихилық, объективтілік, жан-жақтылық, пәнаралық байланыс. Зерттеудің негізін құрайтын материалдар хронологиялық тәртіпте талданған.

Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты тергеу материалдары, тағылған айыптар мен сол айыптардан ақтау үдерісі толыққанды талданып, оқиғалар хронологиясы жаңа деректер негізінде толықтырылды.

Кілт сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, репрессия, ақтау, мемлекеттік комиссия, саяси қуғын-сүргін, архив.

Дәйексөз үшін: Мырзаханов Ә.Е., Мұсағалиева А.С. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталуы: жаңа деректерді талдау // Мәдени мұра. 2026. № 1 (112). бб. 155-167 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v25.i1.13

Кіріспе

Кеңес өкіметі жылдарында саяси репрессияларға ұшыраған қазақ зиялыларының ішінде ең күрделі тағдыр Шәкәрім Құдайбердіұлына тиесілі еді. Шәкәрім Құдайбердіұлы – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының немере інісі. 1858 жылы Семей қаласына жақын Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Жеті жасында әкесінен айырылған Шәкәрім Абай айналасындағы адамдардан тәрбие, білім алады. Алғашқы өлең жолдарын жеті жасынан жазып, артынша ақындыққа, ғылымға, білімге, қоршаған ортаны, қоғамдық құбылыстарды тануға деген құштарлығы арта түседі. Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін

өздігімен игеріп, Мекке, Стамбұл қалаларында болғаны белгілі.

Шәкәрімнің өмірінің соңғы жылдары 1929-1931 жылдардағы тарихи оқиғаларға сай келді. Бұл кезде Кеңес өкіметінің экономикалық қайта құрулары жүріп жатты, оның ішінде қазақ байларын тәркілеу, «кулактарды» жою, қазақ шаруашылықтарын отырықшыландыру (седентаризация) үдерістері дәстүрлі қазақ қоғамын жоюға бағытталды. Осының әсерінен Қазақстанда жаппай халық көтерілістері мен наразылықтары басталды, адамдар өкіметке ашық қарсылық білдіріп, ет, мал және астық дайындау бойынша жоғары салықтарға наразылықтар білдірді, мемлекеттің күштеу саясатына қарсы шықты. Ел ішінде беделді, танымал азамат ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы аталған тарихи оқиғалардан қалыс қала алмады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада ҚР Президентінің архиві материалдары және ғылыми айналымға әлі де толық енбеген ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің құжаттары қолданылған. Сондай-ақ қайраткердің ақталуы және мәселенің талқылануы барысында мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар, Мемлекеттік комиссия мүшелерінің, жалпы алаш арыстарын ақтау жұмыстарына қатысқан қоғам қайраткерлерінің естеліктері пайдаланылды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір мен шығармашылығына арналған еңбектер аз емес. Алайда, солардың арасында оның ақталуы жайлы ашылып жазылған еңбектер саусақпен санарлық. Ақынды ақтау мәселесінің басынан бастап, сол үдерістердің арасында бастама көтеріп жүргендердің бірі және өмірінің соңына дейін күрескен оның баласы Ахат Шәкәрімұлы. 1986 жылы Мәдениет министрлігінің арнайы шешімімен Ахат Құдайбердиевтің жеке архиві (барлығы 153 сақтау бірлігі) зайыбы Бәтима Жәкеновадан қабылданған болатын. Жеке қорда Шәкәрім Құдайбердіұлының ақтау мақсатында жоғарғы органдарға жазған хаттарының көшірмелері, 1958 жылы КСРО-дің Бас прокуратурасынан әкесінің ақталуына қатысты анықтамалар, Н.С. Хрущевке жазған хаты т.б. сақталған. Осы және өзге де алаш зиялыларына қатысты сот процестері мен олардың ақталуына қатысты құжаттарды жинақ етіп шығарып, ғылыми айналымға енгізген жазушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай (Жұртбай, 2011). Автордың бұл еңбегіне сол уақытқа дейін құпия сақталып келген алаштықтарға қатысты НКВД, ОГПУ, КГБ құжаттары енген. Сонымен қатар, «Шәкәрім мұрасы қалай ақталды?» деп аталатын мақаласында ақынды ақтау процесін егжей-тегжейлі баяндаған (Жұртбай, 2019).

1988 жылғы ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысы шеңберінде алаш қайраткерлерінің, соның ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының ісіне жеке тоқталып, оның қиындықтарын өз еңбегінде суреттеген, комиссия төрағасы болған Жабайхан Әбділдин болды (Әбділдин, 2003: 111).

Жалпы ақынның қайраткерлігін, өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған еңбектердің көптігіне қарамастан, оны ақтау мәселесіне арналған нақты еңбектер жоқ, тек мақала түрінде жарық көрген авторлардың жарияланымдарын кездестіруге болады. Шәкәрім шығармашылық мұрасының ақталуы жайлы, алаштанушы, Шәкәрімтанушы, Абайтанушы ғалымдардың еңбектерінде нақты осы мәселеге ішінара ғана тоқталып өтеді.

Мақаланы жазу барысында тарихи зерттеудің жалпығылыми және арнайы әдістері қолданылды. Атап айтқанда, архивтік құжаттарды зерделеу негізінде деректанулық талдау әдісі, құпиясыздандырылған материалдарды саралау барысында тарихи-талдау (аналитикалық) әдісі пайдаланылды. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталу үдерісін кезең-кезеңімен қарастыру мақсатында тарихи-хронологиялық әдіс қолданылды. Сонымен қатар, тергеу материалдары мен түрлі дереккөздерді өзара салыстыру арқылы салыстырмалы талдау әдісі, архив құжаттары мен ғылыми еңбектерді жүйелеу барысында жүйелеу және жинақтау әдістері пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік және жан-жақтылық қағидаттары басшылыққа алынды.

Талдау

Әу бастан Кеңес өкіметі Шәкәрім секілді білімді, оқыған адамды ұнатпады, оның үстіне байдың баласы, дінге жақындығы да бар. Оған қойылған айыптар жыл өткен сайын көбейе берді. Қайраткердің 1931 жылғы Семей облысындағы Шыңғыстау көтерілісінен кейін қарулы топ құрып, Кеңес өкіметіне қарсы наразылықтарды басқарғаны, қарулы

қақтығыстарға қатысқаны туралы ақпараттар ОГПУ қызметкерлері тарапынан жинала берді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы естеліктерді, деректерді жинастырған және оның ақталуы туралы зерттеген, жазушы-ғалымдардың бірі Тұрсын Жұртбай болды. Алайда, зерттеу барысында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві құжаттарын толық талдауға мүмкіндігі болмағанын байқай аламыз. Оның өзіндік себебі де бар. Бұл құжаттар 2020 жылғы Мемлекет басшысының «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 Жарлығына сәйкес құрылған мемлекеттік комиссия жұмысы барысында ғана құпиясыздандырылып, ғылыми айналымға енгізу мүмкіндігі пайда болды.

Мемлекеттік комиссия жұмысының шеңберінде Бас прокуратура 2,4 миллионнан астам материалдарды, ҰҚК 1,5 мыңнан астам архив істері мен құжаттарды, ІІМ 5,3 мыңнан астам құжаттарды құпиясыздандырды (Қарин, 2022). Осы құжаттардың ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлына да қатысты құжаттар болды.

Алынған нәтижелер

Негізгі мәліметтерді көрсетіп өтелік: 1931 жылғы 15 қазанда ОГПУ-дің жасаған ішкі «бандылардың» кестесінде Семей оперативті секторында Шәкәрім Құдайбердиевтің тобы туралы да мәліметтер бар. Оның тобында 23 атты адам болғаны, олардың 7 винтовкасы болғаны, 16 аңшы мылтығы болғаны айтылады. Осы жылдың 3 қыркүйегінде көтерілісшілер Шыңғыстау ауданының орталығы Қарауыл ауылына шабуыл жасады деп көрсетілген (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 488-іс, 149-п.). Ал 1 қарашада жасалған ОГПУ ПП Шыңғыстау ауданы бойынша оперативті барлау мәліметінде Бақанас ауылында (Қарауыл аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 70 км, Семей қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 100 км) пайда болған көтерілісшілердің басшылары арасында оның да аты-жөні кездеседі. Көтерілісшілер жеңілген соң, Шәкәрім мен оның баласы Зиятпен 23 адамды басқарып, ауданның шеткері жерлерге кетті делінген (ҚР ПА 141-қ., 1-т., 5052-іс, 10–23-п.). Ал 31 желтоқсандағы ОГПУ ПП оперативті барлау мәліметінде: «Шыңғыстау ауданының аумағында жұмыс істеген Шәкәрім Құдайбердиевтің бандасы Шұбартау ауданының 13-ші және 14-ші ауылдарына көшті. Әбішевтің комотрядына басшылық ету 22 қазанда Керегетас тауларында (Қарауыл аудан орталығының оңтүстік-батысында 50 шақырым) банданы қуып жеткен жедел қызметкер Қарасартовқа жүктелді. Атыс кезінде басшы Құдайбердиев Шәкәрім қаза тауып, одан 23 патроны бар 1 винчестер, 2 жылқы және 1 түйе тәркіленді» (ҚР ПА 141-қ., 1-т., 5052-іс, 1–9-п.). Осы мағлұматтарға сүйенген МҚК (КГБ) қызметкерлері Шәкәрімді көтеріліс басшысы немесе қатысушысы деп білді.

1950 жылдарда жасалған Қазақ КСР МҚБ анықтамасында да осы құжаттар сарапталып, төмендегідей айыптауларды толықтырды: «Семей облысы бойынша МҚБ-да сақталған №639, 2246, 2643 архив-тергеу істерін, сондай-ақ басқа да материалдарды зерттеу арқылы 1931 жылдың қыркүйегінде Семей облысының қазіргі Абай ауданының аумағында байлар арасынан ұлтшыл элементтермен көтеріліс ұйымдастырылып, Қарауыл аудан орталығына қарулы шабуыл жасалғаны анықталды. Бандиттік қарақшылыққа барлығы 300-ге жуық адам қатысты, олардың біраз бөлігі Қытайға қашып үлгерді, ал 17-ге жуық белсенді қатысушыларды ОГПУ органдарымен тұтқындалып, арнайы кеңеспен сотталды. Сол кезеңдегі тергеу материалдары куәгерлердің, оның ішінде банданың айыпталушы қатысушыларының айғақтарымен, көтеріліс пен бандиттік топты құру инспираторларының бірі алашордалық Құдайбердиев Шәкәрім екендігі анықталды, 1859 жылы туған (Абай Құнанбаевтың туысы, сондай-ақ жазушылықпен айналысқан) екендігі дәлелденді. Құдайбердиев Шәкәріммен бірге оның кіші ұлы Зият көтеріліске белсенді қатысты, ол бандыны талқандағаннан кейін Қытайға қашып, сол жақта қайтыс болды. 1931 жылы бандгруппаларға қарсы көптеген операциялардың бірі кезінде Шәкәрім Құдайбердиев тауда өлтірілді. Оның қолында оқтарымен қоса мылтық (винчестер) және ат болды. Тергеу барысында банданың бұрынғы мүшелері де, куәгер ретінде жауап алынған басқа адамдар да Шәкірім Құдайбердиев пен оның ұлы Зияттың қылмыстық әрекеттері туралы егжей-тегжейлі айғақтар беріп, олардың дұшпандық сөздері мен қылмыстық әрекеттерінің нақты мысалдарын келтірді» (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 2-п.).

Аталған көтерілістерге қатысушылар 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің

58, 59 баптары бойынша сотталды. 58 баппен сотталғандардың біразы 1980 жылдардың аяғында ақталды, 59-баппен сотталғандар ақталмады. Сондықтан да, Шәкәрімге қойылған айыптаулар өте қиын болды, бұл баппен сотталғандар тіпті 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы бойынша да ақталмады. Аталған заңның 6-бабына сәйкес соттар негіздеп айыптаған, сондай-ақ сот емес органдардың шешімдерімен қылмыстық жауапкершілікке тартылған, істерінде мына төмендегі жасаған қылмыстары жеткілікті дәлелденген адамдар ақталуға жатпайды:

а) шетелге қашып немесе ұшып кетуден басқа Отанды сатудың барлық формалары; қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылар құрамында Республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кіру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күш көрсету әрекеттеріне; тіміскілік, терроризм актісі, бүлдіру әрекеттеріне қатысу;

б) жай халық пен әскери тұтқындарға қатысты күштеу әрекеттері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде осындай әрекеттер жасауына басқыншылар мен Отанын сатқандарға деп берушілік;

в) қарулы бандыларды ұйымдастыру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа күштеу әрекеттеріне қатысу (Қазақстан Республикасының Заңы, 1993).

Бірақ, 1932 жылғы 22 ақпандағы ОГПУ аудандық бөлімшесі бастығының қаулысымен Құдайбердиев Шәкәрім қайтыс болғаннан қылмыстық құдалау тоқтатылды. Осылайша, Құдайбердиев Шәкәрім ешқандай сотта сотталған жоқ, оған қылмыстық іс те ашылған жоқ (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 1-10-п.). Бірақ, қайраткер туралы айтуға, шығармаларын оқуға тыйым салынды.

Қайраткерге қарсы ешқандай қылмыстық істің ашылмауы, оның сотталмаған фактісі оның ақталуы мәселесін Кеңес өкіметі жылдарында қайта көтеруге мүмкіндік берді. Себебі, жазалаушы отряд мүшелері Шәкәрімді сотсыз, үкімсіз далада атқан болатын. Оның ақталу ісін екінші баласы Ахат Құдайбердиев көтереді. Шәкәрімнің Айғаншы есімді әйелінен туған Ахат (Ғабдулахад) бірнеше жыл бойы түрмеге жабылып, «халық жауы», «бандиттің ұлы» ретінде қуғын-сүргінге ұшырап, Сібірге жер аударылды. Шәкәрімді «халық жауы» деген айыптауларға қарамастан, Ахат әкесінің мұрасын жинау қызметін тоқтатпады, ол Шәкәрімнің әдеби мұрасы мен өлеңдерін жинап, оларды екі томға орналастырып, музейлер мен кітапханаларға таратты. Ахат әкесінің ақталатындығына үмітін үзбеді және Шәкәрімнің кінәсіздігі туралы үнемі мемлекеттік органдарға хат жазып отырды. Бұл ұмтылысында ол жалғыз болған жоқ, оны қазақ зиялылары қолдады (Кудайбердиев Шакарим, URL). Балалар әкелер үшін жауап бермеуі керек» ұраны шыққан кезде ол Сталинге тікелей хат жазып, соңында бостандыққа ие болды.

Қазақтың басынан өткен зар заман тынышталып, алапат соғыс біткен соң, 1950 жылдардың аяғында Шәкәрімді ақтау ісі көтерілді. Алғаш рет 1955 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қазақстан Орталық Комитеті жүргізген қайраткердің өмірі туралы тексерісте (ҚР ПА 811-қ., 23-т., 171-іс, 2-7-п.) жоғарыда көрсетілген мәліметтер қайта шығады. Осы мәліметтер құзырлы органдар тарапынан қайта куәгерлерден де сұралды, содан соң оны «1931 жылғы бандылық көтерілістің басшысы» деген шешімге келеді. Бірақ ақталу үдерісі тоқтамайды.

1958 жылы Ахат әкесін ақтауды сұрап, КСРО Бас Прокурорына арыз жолдады, себебі оның өтінішінде әкесі көтеріліске де, ауылдардағы бандиттік рейдтерге де қатысы жоқ делінді (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 1-п.). Ақынның ұлы Ахаттың жоғарыға жіберген арызы негізінде Семей облыстық прокуратурасы 1958 жылы тексеріс жүргізеді, сөйтіп ақтаудан бас тарту туралы материалдарға қорытындыны қосып, қайта Бас прокуратураға жібереді. Ал Бас прокуратура ол жіберілген материалдармен келіспей, 1958 жылдың 28 қарашасындағы қаулымен Ш. Құдайбердиевтің ісін қысқартып, оны ақтайды. Негізгі себеп, жоғарыда көрсеткеніміздей, қайраткердің үстінен қылмыстық іс ашылмауында еді. Себебі прокуратурада алдымен қылмыстық істер сақталды, оның ішінде көтерілісшілер тізімі де бар. Ол тізімде Шәкәрімнің аты-жөні кездеспейді, өйткені ұрыс даласында немесе ауылдарда ОГПУ қызметкерлері атып кеткен адамдар сотталмаған еді, ал ақтау үдерісін жасау үшін процедура бойынша қылмыстық істері көтерілетін. Бұл жерде КСРО прокуратурасы заңдық тұрғыда қарады деуге толық негіз бар.

1961 жылы Ахатқа 30 жылға жуық құр

құдықта жатқан әкесінің сүйегін қазуға рұқсат етілді, оны ұлы ұстазы Абай зиратының жанына қайта жерледі.

Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жоғарыдан ақталып келгеніне қарамастан, Шәкәрім ісін тоқтатпады. Қазақ КСР Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша Семей облысының прокуратурасы тағы да 1959 жылы Құдайбердиев Шәкәрім бойынша тергеу жүргізді (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 1-10-п.). Олардың жасаған анықтамасында төмендегідей беріледі: «Тағы бір айта кетерлік жайт, 1931-1940 жылдары айғақ берген бірқатар тұлғалар 1959 жылы қайталап жауап алу кезінде жауаптарын өзгерткен немесе мүлдем бас тартып, сенімсіз, кейде мүлдем негізсіз дәлелдер келтірген. Осылай жиналған айғақтарды негізге ала отырып, Семей облысының прокуратурасы Құдайбердиев Шәкәрімнің іс-әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты істі қысқарту туралы қаулы шығарды. Кейін белгілі болғандай, бұрынғы айғақтарында куәгерлердің басқаша жауап беру себебінің бірі ретінде оларды 1900 жылы туып, 1984 жылы қайтыс болған Құдайбердиевтің ұлы – Құдайбердиев Ахаттың көндіруі және Құдайбердиев Шәкәрімнің шығармаларын басып шығару қажеттілігі туралы еңбек ардагерлері атынан Қазақстан Компартиясы ОК-не хат жазуға көндіруі себеп болған» (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 2-п.). Бірақ, нақты дәлелдері болмады, сол баяғы құжаттарды алға тартып отырды.

Бұл туралы 1962 жылы 27 тамызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынбасары А.Тлеулиев Партия тарихы институты басшысының орынбасары П.М. Пахмурныйға ақпарат берді (Жұртбай, 2008: 44-45). Онда алаш зиялыларының Кеңес билігіне қарсы бағытталған әрекеттері мен қызметтері баяндалады. Олардың арасында, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиевтер бар. Назар аударатын мәселе – 1958-1960 жылдарда аталған зиялылардың істері ақтауға байланысты көтерілген. Олардың ішінде, екі адамға ғана іс тоқталды, Шәкәрім 1958 жылы, М. Жұмабаевқа 1960 жылы ақталды. Бірақ, қосымша жүргізілген тексеру барысында жиналған материалдар негізінде Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Ш. Құдайбердиевтің ақталуы негізсіз деп хабарлаған.

Дегенмен де Шәкәрімді толық саяси ақтауға ұмтылыстар тоқтаған жоқ. Оған әсер еткен «жылымық» жылдар болатын. Оларға қарсы құзырлы орган қызметкерлері де, коммунистер де болғаны рас. 1950 жылдардың аяғы мен 1970 жылдарда осы күрес шиеленісе берді.

Өз естелігінде Қазақ КСР Халық жазушысы Х. Ерғалиев «Қазақ әдебиеті» газетінде 1959 жылы ақынның өлеңдері жарияланғанда, құзырлы органның біраз бұрынғы қызметкерлерінің қарсы болғандығын жазады. Тіптен Шәкәрімге қатысты 1963 жылы құрылған комиссияның шешімі де ештеңенің өзгермейтінін жеткізді. 1917 жылдары Шәкәрім мұраларын талдауға арналған Мүсілім Базарбаевтың докторлық диссертациясында, Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Ысқақ Дүйсенбаевтың энциклопедиялық анықтамалықтарда ақын туралы мақаланың орын еншілеуі, 1978 жылы Ленинградта жарыққа шыққан «Поэты Казахстана» жинағына ғалым, белгілі жазушы Мұхтар Мағауиннің батыл әрекеттері мен табандылығының арқасында, Шәкәрім өлеңдерінің орын табуы, Әнуар Әлімжанов пен Әбдіжамал Нұрпейісов сынды оқырмандарға танымал жазушылардың «Литературная газетада» Шәкәрім мұрасы жайындағы бірнеше мақалалары жарық көруі басын қауіпке тіккендердің батыл әрекеті еді (Бес арыс, 1992: 77). Атап өту керек, сол заман тұрғысынан бұл әрекеттер батылдыққа жатты, ақынның мұраларын қолдаушылар қаһарлы құзырлы орган қарамағына бірден ілігетін.

1970 жылдардың ортасында Алаш қайраткерлерін ақтауға байланысты ашық хат ұйымдастырып, өз ой-пікірін білдірген Ә. Бектасов болды. Ә. Бектасов 1938 жылдың тамызынан 1940 жылдың наурызына дейін Жер шаруашылығы комиссары, 1940 жылдың наурызынан 1942 жылдың қаңтарына дейін Су шаруашылығы комиссары, 1942 жылдың қаңтарынан қазанынан Қазақ КСР Совхоздар халық комиссары (Наркомы Казахстана, 2007: 84) қызметтерін атқарған.

Қазақстан Коммунистік партиясы XVI съезі мен Кеңес одағы коммунистік партиясы XXV съезіне жазған хатында Ә. Бектасов қазақ әдебиетінің негізін салушылар, ұлт зиялыларына қатысты тарихи ақиқатты қалпына келтіру туралы жазды, ол кезде зейнеткер болатын. А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, М. Дулатовтар

ақталуы туралы мәселе көтерді (Жұртбай, 2008: 41-45). Ә. Бектасов 1965 жылдан бастап үш рет ақтау туралы Қазақстан Компартиясы ОК-і басшылығына хат жазған, нәтижесінде оған қатысты қатаң сөгіс түріндегі шара қолданылған.

Ол алаш зиялыларының ақыры бір ақталарына сенімді болды және бұл туралы ол Д. Қонаевқа жолдаған хаттарында да жазды. Автор ертеден-ақ осы қайраткерлерден тәлім-тәрбие, үлгі, өнеге алғанын, олардың шығармаларының өшпес туындыға айналғанын айтады.

Алаш зиялыларын ақтаудың бірі ұмтылысы ретінде мақала түріндегі деректерді келтіруге болады. Мәселен, жетпісінші жылдары жазылған Б. Кенжебаевтың «Ұстаз», Ғ. Мұстафиннің «Сыр ашу» мақалалары. Б. Кенжебаев М. Жұмабаевтың ұстаздық жолын, шығармашылық мұрасын айта отырып, «Тоқсанның тобы» сынды ақталу жолдарын жазса да, ақталмағанына күйініш білдірсе, Ғ. Мұстафин А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев,

Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиевтердің мүлде көлеңкелеп бара жатқанын жазады. Олардың шығармашылық мұраларының шаң басып жатқанына өкіне келе, Ғ. Мұстафин тап тартысын белсенділер тап мақсатынан гөрі өз мақсаттарына көбірек пайдаланғанын, бәсекелестерінен құтылғаннан кейін, жалғыз шаба жүйрік атанбақтығын жазады. Сондай-ақ өз хаттарында: «Егер анау төртеу қатарға қосылғанда, олар шаруаның бір шобыры болып қалар еді. Қазір уақыт өзгерді, қауым жаңарды, тарихымызға сынай қарап, дұрысын дұрыс, бұрысын бұрыс дейтін шақ жетті. ...Мен осы жайды кейінгі бес-алты жылда өзіміздің Орталық Комитетке үш рет кіріп айттым», – деп жазады (Бес арыс, 1992: 77). Орыс қаламгерлерінің ақталуын мысал ретінде көрсетіп, ұлт қайраткерлерінің ақыр соңында ақталатындығына үлкен сеніммен қарап, ашық айтуға жатпағандарды «сыр дәптеріме жазып кеттім» деді.

Қазақ зиялыларының ақталуы елдегі Горбачев реформаларының жүзеге асуымен байланысты болды. Ұлт тарихына деген қызығушылық Кеңес одағының құрамында болған барлық елдерде қатар пайда болды. 1980 жылдардың аяғы – 1990 жылдардың басында тарихи оқиғалар құрбандары «темір пердеден» арылған халықтар үшін басты мәселе болды. Дәл осы кезеңде тоталитарлық режимнің цензурасымен жұмыс жүргізген басылымдар деректік базаларын жаппай жариялай бастады. Баспасөз қызметі өзінің шынайы қызметін, яғни халықтың көзін ашып, сана-сезімін ояту бағытындағы міндеттерін алға қойды. «Төртінші билік» саналатын сала ендігі кезекте жүйе жұдырығынан құтылып, ашық жарияланымға ауысты. Әрине, архив қоймаларындағы деректерді ашу қажеттігі осы тұста өзекті болды. Себебі цензурасыз ақпараттың өзі нақты дерекке сүйене отырып берілуі қағидаты маңызды болды. Сәйкесінше, мұндай бетбұрыс кезеңінде саяси қуғын-сүргін тарихы мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселе еді. Алғашында жаппай жүргізілген науқан баяулап жоғары дәрежедегі құқықтық актілер негізінде жүзеге асырыла бастады.

Шешуші шаралар 1988 жылдың басында жүрді. Сол кездегі жазушылар одағын басқарған О. Сүлейменовтің сұрау салуы негізінде Қазақ КСР-нің Бас Прокуроры Ғ. Елемесов Алашордалықтарға қатысты жүргізілген тергеу амалдарының заңсыз болғандығына қарсылық танытып, Қазақ КСР Жоғары Сотына ұсыныс жасады (Жұртбай, 2008: 3-4).

Осы жылдың сәуір айындағы Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің анықтамасында (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 1-10-п.) жоғарыда көрсетілген бұрынғы айыптаулар қайталанып берілді. Қанша жыл өтсе де, құзырлы органдар Шәкәрімге деген көзқарастарын өзгертпеді.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық мұрасына, тіптен атын атауға тыйым салынған зиялылар жайлы, соның арасында Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы мақалалар газет, журнал беттеріне ашық жариялана бастады.

1988 жылғы 23 мамырда М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері С. Қорабаев Вечерняя Алма-Ата газетінде жарияланған «Глашатай дружбы народов» атта мақаласында: «қоғамда өзгеріс болатындығына сенген Шәкәрім Ұлы Қазан жеңісін қуанышпен қарсы алып, жаңа жүйені қолдай отырып, мерзімді басылым беттеріне өлең жолдарын жариялайды. Алайда, бұл саясаттың 30-шы жылдардағы асыра сілтеуі ақынды Шақпақ деген жерде жалғыз өмір сүруіне мәжбүрлейді» деп жазады. Сонымен қатар, мақалада төмендегідей баяндалады: «Шәкәрім интернационалист, халықтар достығының жаршысы болды. Орыс әдебиетінің жауһарларына тамсана отырып, орыс тіліне

деген терең құрметті жалықпай насихаттады» (ҚР ҰҚК АМА 9-қ., 1-т., 473-іс, 1-10-п.). Аталған мақалалар Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің назарында болды. Құзырлы органдар қайраткер туралы әрбір мақаланы жинап отырды.

Мәселен, белгілі музейтанушы ғалым Даваллон өз кітабында: «Тек көрме ғана шынайы, ол музей қорындағы түпнұсқа жәдігерлер арқылы құрылады», – дей келе, «экспозиция» термині қызметтің нәтижесіне, бір затты көрсетуге, экспонатталатын нәрсеге және сол нәрсе экспонатталатын жерге бағытталғанын айтады. Бір сөзбен айтқанда, экспонатталатын заттар (экспонаттар) мен осы көрсетілім жүзеге асатын орынды «экспонат» деп қысқартылған термин арқылы көрерменге көрсетуді білдіреді», – деп пайымдайды (Davallon, 1986). Ғылыми музейтануда «көрсету», «экспозиция» және «көрме» ұғымдарының бірнеше анықтамасы бар. Әлемдік деңгейдегі беделді сөздіктердің бірі – Уэбстердің толық сөздігінде «көрсету» сөзі «көзге немесе ақыл-ойға көрінетін ету» деп, «көрме» сөзі «өнер туындыларын көрсету» деп, ал «экспозиция» «көріністі көрсету» деп анықталады.

Ресей ғалымдары Т.Ю. Юренева, Ю. Долак, И.В. Иксанова, В.В. Селиванова, Ю. Ромедер т.б. ғылыми еңбектерінде музей ісінің теориялық-методологиялық мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ресей ғалымдары кейінгі жылдары Л.М. Шляхтинаның ғылыми редакторлығымен жарық көрген еңбектердің музей ісіндегі маңызы зор. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде музейдің қоғамдық есте сақтау институты ретінде қалыптасуының өзі олардың қорында жиналған коллекцияларын қоғамға таныстырумен және экспонатталуымен байланысты болғанын сипаттап, ал көрмені экспозициялық қызметтің анағұрлым серпінді түрі ретінде көрсеткен.

XIX ғасырда көрме құру үдерісі қазіргі музейлік және экспографиялық тәжірибеден едәуір өзгеше болды. Бұл кезеңдегі көрмелер индустриялық модернизация, отарлық экспансия және ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты дамыды. Бұл мәселе бойынша ресейлік тарихшылар мен мәдениеттанушылар XIX ғасырдағы өнеркәсіптік және дүниежүзілік көрмелердің империялық саясаттағы рөлін, сонымен қатар этнографиялық экспозициялар мәселесін қарастырған. Соның ішінде А.С. Соколов – халықаралық көрмелердің тарихи дамуын зерттеген болса, Е.А. Матвеева – Париж көрмелерінің мәдени кеңістігін талдаған.

Ал шетел ғалымдары Дж. Даваллон, Дж.Э. Буркоу, Дж. Херреман музейлік көрмелерді ұйымдастыру және құрудың теориялық және тәжірибелік мәселелердің пайымдалуына қатысты зерттеулерінен кейін маңызды тұжырымдар жасаған. Мәселен, Мексика ұлттық университетінің профессоры Яни Херреман: «Көрме – бұл алдын-ала белгіленген жерде ұсынылған экспонаттар мен олардың қосымша элементтеріне негізделген және тұжырымдамаларды, құндылықтар мен білімдерді беруге және хабарлауға бағытталған ерекше түсіндіру әдістемелері мен оқыту тәртібі пайдаланылатын коммуникация құралы», - деген тұжырымды ұсынды (Херреман, 2004: 92-101).


Ендігі жерде осы ерекшеліктерді талдап, жан-жақты тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Біріншіден, империялық және отарлық дискурстың ықпалы, XIX ғасыр көрмелері ең алдымен өнеркәсіптік жетістіктерді, техникалық жаңалықтарды және экономикалық әлеуетті көрсетуге бағытталды. Мысалы, 1851 жылғы Great Exhibition (Ұлы көрме) көрмесі өнеркәсіптік революция жетістіктерін көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Көрмелер мемлекеттердің техникалық даму деңгейін халықаралық аудитория алдында дәлелдеудің құралына айналды. *Екіншіден*, этнографиялық репрезентацияның басымдығы, көрмелерде метрополия мен отар аймақтардың арақатынасы айқын көрініс тапты. Отарлық өңірлерден әкелінген этнографиялық заттар «экзотикалық» мәдениет ретінде ұсынылды. Мұндай тәсіл империялық үстемдік идеологиясын нығайтуға қызмет етті. Ұлттық мәдениеттер көбіне дербес өркениеттік жүйе ретінде емес, орталыққа

бағынышты аймақтық ерекшелік ретінде көрсетілді. *Үшіншіден,* уақытша павильондар мен сәулеттік эксперименттер, XIX ғасырда этнография ғылымының дамуына байланысты көрмелерде халықтардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты бұйымдар, киім үлгілері, қолөнер заттары кеңінен қойылды. Экспозициялар көбіне: хронологиялық емес, заттық (объектілік) қағида бойынша, коллекциялық принциппен ұйымдастырылды; заттың мәдени семантикасын терең түсіндіруден гөрі, оның сыртқы пішіні мен ерекшелігіне назар аударылды. *Төртіншіден,* XIX ғасыр көрмелерінің тағы бір ерекшелігі – арнайы уақытша ғимараттардың салынуы. Мысалы, 1889 жылғы Париж көрмесінде салынған Eiffel Tower (Эйфель мұнарасы) сол кезеңдегі инженерлік прогрестің символына айналды. *Бесіншіден,* музейлік каталогтеу мен жүйелеудің басталуы, көрмелер барысында экспонаттарды тіркеу, сипаттау, каталогтеу тәжірибесі қалыптасты. Бұл кейін кәсіби музейтану ғылымының дамуына негіз қалады. Дегенмен, ғылыми сипаттау көбіне материалдық белгілерге бағытталды, ал мәдени-рухани мазмұн екінші кезекте тұрды. Алтыншыдан, ұлттық имидж қалыптастыру функциясының күшеюін көрсету арқылы империялық жетістіктердің басымдығы, XIX ғасырдың соңына қарай көрмелер ұлттық мемлекеттердің өзіндік бейнесін қалыптастыру алаңына айналды. Әр мемлекет өз павильоны арқылы ұлттық символдарын, тарихын, мәдениетін көрсетуге ұмтылды. Алайда отар аймақтар үшін бұл мүмкіндік шектеулі болды, себебі олардың мұрасы метрополияның идеологиялық шеңберінде ұсынылды.

Сондықтан XIX ғасырдың екінші жартысында ұйымдастырылған халықаралық және дүниежүзілік көрмелер Ресей империясының отарлық кеңістігіндегі аймақтардың экономикалық, этнографиялық және мәдени әлеуетін таныстырудың маңызды құралына айналды. 1867, 1868, 1876, 1896 жылдары Ресей империясының бастамасымен өткен көрмелер мен 1878 және 1890 жылдары Парижде өткен дүниежүзілік көрмелерде ұсынылған тарихи-мәдени мұра осы үдерістің нақты көрінісі болды.

1867, 1878, 1889 және 1900 жылдардағы дүниежүзілік Париж көрмелері ерекше маңызға ие болып, 1867 жылдан бастап Париж қаласындағы Марс саябағының (фр. Champ de Mars) аумағында дәстүрлі стильдегі көптеген мейрамханалар мен тұрғын үйлер пайда болды 1880 жылдардан бастап Франция мұндай көрмелерді өткізу халықаралық тәжірибеге айналып, Париж бұл бағыттағы «сәннің» заң қабылдаушысы деп танылды (Exhibitions 2011: 160).


БИБЛІОТЕКА ОБУХОВСКАГО СТАЛЕЛИТЕЙНАГО ЗАВОДА

ВСЕМІРНАЯ

ПАРИЖСКАЯ ВЫСТАВКА

1900 года

ВЪ

ИЛЛЮСТРАЦІЯХЪ и ОПИСАНІЯХЪ.

Составилъ М. А. ОРЛОВЪ.

ИЛЛЮСТРИРОВАННОЕ ПРИЛОЖЕНІЕ

къ „ВѢСТНИКУ ИНОСТРАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ“ 1900 г.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.

1900.

Сур. 1. Жетісу облыстық статистикалық комитетінің «Париж көрмесі үшін экспонаттарды жеткізу туралы» архивтік материал. 1899 ж. (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорынан). Фото Г. Пазылова.

Fig.1. Archival material of the Zhetysu regional Statistical Committee "On the supply of exhibits for the Paris exhibition". 1899 (from the fund of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). Photo by G. Pazylova.

Осылайша Париждегі дүниежүзілік көрмелерде шығыстың сиқырлы әлемі басқа экзотикалық елдер сияқты көпшілікке кеңінен ұсынылды. 1889 жылғы Париж дүниежүзілік көрмесі 6 мамырдан 31 қазанға дейін аралықта өтті. Француздық құрылысшы инженер

Гюстав Эйфельге XIX ғасырдың техникалық жетістіктерінің символы сипатындағы Трокадеродағы экспозиция аумағына кіретін арка ретінде әйгілі Эйфель мұнарасын салу тапсырылып, көрме аяқталғаннан кейін оны бөлшектеу керек деп жоспарланды.

Соның ішінде Париж көрмесі үшін экспонаттарды жеткізу туралы архивтік материалдар көрсеткендей, қазақ халқы үшін 1899 және 1900 жылғы Париж дүниежүзілік көрмесіне Ресей империясының құрамында қатысу байырғы көшпелі мәдениетіміз бен қолөнерімізді, еліміздің аумағындағы шаруашылық жүйесінің бірегейлігін және экономикалық әлеуетін қалың жұртшылыққа паш етуге мүмкіндік берген. Жалпы Париж көрмесі үшін экспонаттар Қазақстанның сол кездегі Жетісу, Верный (қазіргі Алматы қаласы), Түркістан, Лепсі уездерінен, Жетісу уезінің қырғыз ауылдарынан, Қырғызстанның Пішпек, Пржевальский, Қапал уездері мен Ыстықкөл аумағынан, Өзбекстанның Ташкент қаласынан жинақталғаны мәлім болды. Экспонаттарды ел аумағында іздестіру шаралары мен ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізілген.


Көрмеге экспонаттарды іздестіру және жинақтау бойынша тиісті жұмыстар Түркістан генерал-губернаторының 1899 жылғы 19 маусымдағы шешімімен бекітілген 1900 жылғы Париж көрмесіне Түркістан бөлігіндегі орыс бөлімінің экспонаттарын жинақтау бойынша нұсқаулыққа сәйкес жүргізілген.

Генерал-губернатор кеңсесінің ескертуіне сүйенсек, ханшайым Елизавета Окадоровнаның шешімімен Париж көрмесіне Ресей империясының бөлімшелері, соның ішінде Түркістан, Сібір және Кавказ бөлігіндегі орыс бөлімдері үшін арнайы орын бөлу туралы шешім қабылданған. Соның ішінде Түркістан бөлігіне Париждегі Трокадеро аумағындағы кейбір жекелеген мемлекеттерге бөлінген орыннан да үлкен павильон беріледі. Осыған орай өңірдің байлығы, мәдениеті мен халқының тыныс-тіршілігінен ақпарат беретін


ДѢЛО
СЕМИРѢЧЕНСКАГО
ОБЛАСТНОГО
СТАТИСТИЧЕСКАГО КОМИТЕТА

Сур. 2. Жетісу облыстық статистикалық комитетінің «Париж көрмесі үшін экспонаттарды жеткізу туралы» архивтік материал. 1899 ж. (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорынан). Фото Г. Пазылова

Fig. 2. Archival material of the Zhetysu regional Statistical Committee "On the supply of exhibits for the Paris exhibition". 1899 (from the fund of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). Photo by G. Pazylova


ТЕЛЕГРАФЪ

Сур. 3. Жетісу облыстық статистикалық комитетінің «Париж көрмесі үшін экспонаттарды жеткізу туралы» архивтік материал. 1899 ж. (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорынан). Фото Г. Пазылова

Fig. 3. Archival material of the Zhetysu regional Statistical Committee "On the supply of exhibits for the Paris exhibition". 1899 (from the fund of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). Photo by G. Pazylova


экспонаттарды жинақтауға пәрмен беріліп, көрме туралы каталогте немесе есепте әрбір экспонат және оның авторы көрсетілетіні, сондай-ақ экспонаттар қайтаруға жататыны немесе қалауы бойынша сатуға болатыны айтылып, тапсырманы орындау Генерал губернатордың ерекше тапсырмалар жөніндегі бас шенеунігі, кеңесші Шанявскийге жүктелген.

Экспонаттарды іздестіру жұмыстары ресми құжатпен (рапорт) рәсімделіп, көрмеде ұсынуға берілген әр экспонаттың атауы, оның саны мен құны көрсетілген. Соның ішінде бір ғана Пржевальск уезінің ресми жазбасына сүйенсек, Париж көрмесіне ұсыну үшін қара қырғыз киіз үйінің үлгісі, қара қырғыз скрипкасы (қиякты) мен балалайкасы (қобыз), флейтасы (чоор), Түрген аумағындағы Ақсу бұлағы мен Үлкен қызыл су бұлағының ыстық минералды суы, Ыстық көлдің шипалы суы құйылған шөлмектер жолданатыны расталған.

Сонымен қатар, архивтік құжаттарды зерделеу барысында аңғарғанымыз көрмеге ұсынылатын экспонаттардың көпшілігі тегін және қайтарымсыз негізде берілген.


Бұдан әрі, Қазақстанның кеңестік кезеңдегі (1920-1980 жылдар) халықаралық музейлік жобалары КСРО-ның мәдени алмасу бағдарламасы аясында Еуропадағы археологиялық мұралар (сақ/скиф олжалары) мен көрмелік жобаларға бағытталып жүзеге асырылды.

Кейінгі жылдары Қазақстанның халықаралық деңгейде көрме құру тәжірибесін зерделеуге арналған бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің



Сур. 4. Париж көрмесі үшін Қырғызстанның Пішпек және Ыстықкөл өңірлерінен экспонаттар берілетінін растайтын архивтік материал. 1899 ж. (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорынан). Фото Г. Пазылова

Fig. 4. Archival material confirming the transfer of exhibits from the Pishpek and Issyk-Kul regions of Kyrgyzstan for the Paris exhibition. 1899 (from the fund of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). Photo By G. Pazylova



Сур. 5. Түркістан генерал-губернаторының 1899 жылғы 19 маусымдағы шешімімен бекітілген «1900 жылғы Париж көрмесіне Түркістан бөлігі бойынша орыс бөлімінің экспонаттарын жинақтау үшін нұсқаулық» (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорынан). Фото Г. Пазылова

Fig. 5. Approved by the decision of the Governor-General of Turkestan dated June 19, 1899 "Instructions for the collection of exhibits of the Russian department on the Turkestan part for the Paris exhibition of 1900" (From the fund of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). Photo by G. Pazylova

«Дөңгеленген дүние: қазақ дала өркениетінің мәдени коды» атты ғылыми жобасын жүзеге асыру барысында заманауи тәсілдер мен технологияларға сүйене отырып, әлем кеңістігінде ұлттық көрмені құрудың теориялық және тәжірибелік жағынан талданған ғылыми мақалаларға ерекше тоқтала кетуге болады. Соның ішінде «Representing Kazakhstan's historical and cultural heritage in historical retrospective: A case study of an exhibition project» атты мақала 2024 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорынан Францияның Париж қаласындағы Гиме – Азия өнерінің ұлттық музейінде өткен «Қазақстан: Ұлы дала жауһарлары» көрмесін құру барысы мен көпшілікке насихаттау мәселесіне арналды. Авторлар көрменің ерекшелігін заманауи технологияларды пайдалана отырып, музей жәдігерлерін иммерсивті көрсету арқылы Қазақ мемлекетінің ғасырлар бойы дамуының тарихи-өркениетті бастауларына, қазақ халқының мәдени кодының сабақтастығы мен бірегейлігіне ерекше назар аудара отырып, еуропалық және француз жұртшылығына Қазақстан мәдениетінің көп ғасырлық тарихы мен бай қазынасын көрсетуде деп пайымдайды (Ibraeva, Temirkhanova, Zhunussov, 2025: 53-75).

Қазақстанның көрмелер тарихы бойынша бертін жарық көрген «Қазақстан музейлерінің көрме ұйымдастыру қызметі» атты мақалада авторлар XIX ғасырдың I ширегінен бастап Қазақстандағы алғашқы музейлердің ашылуы, олардың бастамасымен ұйымдастырылған экспозициялық-көрме жұмыстары және осы кезден бастап ұлттық тарихи-мәдени мұраның әлемдік көрмелерде көрсетілуі жан-жақты қарастырылады. Әсіресе, кеңестік кезеңдегі біржақты идеологияның музей ісіне, оның ішінде көрме қызметіне әсері зерделенеді (Gizzatov, Ibraeva, Abdukamalova, 2025: 16-31).

Жалпы қазақ халқының көрме және жәрмеңке өткізу тарихына көз жүгіртсек, көшпенділер мәдениетінде бұл көрініс керек-жарақты сатып немесе айырбастап пайда табудан бөлек, рухани құндылығымызды насихаттау арқылы әлемге паш етуді көздеген.

Ресейлік ғалымдар М.А. Орлов пен И. Шустованың зерттеу еңбектеріне сүйенсек, 1899 және 1900 жылғы Париж дүниежүзілік көрмесінде «Орыс ауылы» («Русская деревня») атауымен Ресей империясының павильоны ұсынылып, империя қарамағындағы қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы ішінара қолөнер бұйымдары (кілемдер мен текеметтер), ұлттық киімдері мен ат әбзелдері, дәстүрлі шаруашылығы және т.б. секілді заттарын ұсыну арқылы өмір сүру салтын көрсетті. Зерттеу нәтижелерін тек елімізде ғана емес, шетелде және Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне арналған музейлік көрмелерді әзірлеуде пайдалануға болады.

Түйіндей келе, XX ғасырдағы көрме құру тәжірибесі XIX ғасырдағы индустриялық-отарлық сипаттан біртіндеп алшақтап, идеологиялық, ұлттық, мәдени және технологиялық мазмұны күрделене түскен көпқырлы құбылысқа айналды. Бұл кезеңдегі көрмелер мемлекеттердің тек экономикалық жетістіктерін ғана емес, олардың саяси жүйесін, мәдени кодын, өркениеттік бағытын танытатын кеңістік болды. Қалыптасқан жүйеге байланысты ғасырдың бірінші жартысында көрмелер саяси идеологияны насихаттау құралына айналып, тоталитарлық және социалистік жүйелерде көрмелер мемлекеттік идеологияны визуалды түрде көрсету алаңы болды.

Ал XX ғасырдың екінші жартысында деколонизация үдерісі мен отар елдердің тәуелсіздік алуы көрме кеңістігіндегі мәдени репрезентация тәсілдерінің өзгеруіне ықпал етті. Бұрын этнографиялық объект ретінде ұсынылған халықтар енді өз ұлттық концепциясын дербес ұсына бастады. Ұлттық тарихи-мәдени мұра саяси тәуелсіздік пен ұлттық сана қалыптастырудың символына айналды.

Алынған нәтижелер

Халықаралық деңгейде музейлік көрмелер ұйымдастыру Қазақстан мәдениетін әлемге паш етудің маңызды құралы болып табылады. Ол туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Стратегиялық даму жоспарында: мәдени игілікті дамыту; ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді барлық алуан түрлілікте және ұлылықта сақтау; мәдени кодты: тілді, руханилықты, дәстүрлерді, құндылықтарды сақтау; жоғары білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін дамыту; бірегей қазақстандық мәдениетті дамыту; әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның танымал мәдени «брендін» қалыптастыру; мәдени-гуманитарлық және ғылыми-білім беру салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты

жандандыру мәселелері еліміздің мәдени саладағы басты көрсеткіштері және мақсатты индикаторлар ретінде көрсетілген.

«Өзекті музей терминдерінің сөздігінде» көрмеге, музейдің байланыс мүмкіндігін кеңейтетін, әртүрлі мақсатты аудиторияны қанағаттандыратын, мұраны насихаттау мақсатында құрылып, уақытша жұмыс істейтін музей экспозициясы ретінде анықтама беріледі (Словарь актуальных музейных терминов, 2009).

Қоғам дамуы мен өзгеруіне қарай музей экспозицияларының көркемдік ерекшеліктері қалыптасып отырады. Қазақстан музейлерінің қалыптасу және даму барысында революцияға дейінгі кезең, революциядан кейінгі кезең, кеңес кезеңі, қазіргі кезең деп қарастыратын болсақ, музейлік экспозициялар мен көрмені құруды жобалау үрдісінің әдіс-тәсілдерінде өзгерістер болғандығын аңғару қиын емес. XIX ғасырда қалыптасқан музейлер түрлі заттарды жинастырған «әмбебап» музейлер болды. Ол кезеңге тән музейлік экспозицияны құруда жүйелік әдісі кеңінен қолданылды. Мәселен, XIX ғасырдың 30-шы жылдарында негізі қаланған Орынбор өлкетану музейінің алғашқы музейлік коллекцияларының жан-жақтан ретсіз жинақталған заттар жергілікті материалдар коллекциясын құру жоспарының ауытқуынан, жабдықталу қағидасының өзгеруіне алып келді. Жәдігерлерді сұрыптау қағидаттарының болмауынан құрылып жатқан музейдің мәні мен мағынасы жағынан кунскамераға ұқсас болды.

Еуропа елдерінде XVI-XVII ғасырларда музейлердің іргетасы қаланып, әртүрлі коллекциялар қойылған көрмелерді «кабинет» немесе «камера» деп атаған. Өз коллекциясын қалыптастырып, кабинет ашу адамның әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне әсерін тигізді. Мұндай орындар алғаш Италия, Франция, Англия мемлекеттерінде пайда болған. Кабинеттер – музейлердің даму тарихындағы маңызды құбылыс. Музей қызметіне тән музейлік құндылығы бар бұйымдардың ғылыми анықтамаларын, сипаттамаларын беріп, жүйелендіру сияқты белгілер де осы кезде қалыптасты. Бұл орындардың басым көпшілігі халыққа ашық қызмет көрсетіп отырды (Сотникова, 2004).

Ресейде кабинеттер XVII ғасырдың аяғында пайда болды. Бүгінгі таңда әлемге танымал Санкт-Петербор қаласындағы Кунсткамера (Ресейдің антропология және этнология музейі) алғашқылардың бірі. I Петр патшаның бұйымдары алғашқы музейдің коллекциялық қорының негізін қалады. 1718-1719 жылдары құнды бұйымдарды музей қорына өткізгендерге патша қазынасынан сыйақы беру жөнінде шыққан жарлықтардың нәтижесінде көптеген елдердің тарихын бейнелейтін бұйымдар Кунсткамераға жиналған еді. Осы уақыттан бастап Ресей империясының түпкір-түпкірінде әр түрлі бағыттағы музейлер бой көтеріп, Қазақстан жерінде де музейлердің ашылуына әсерін тигізді (Ибраева, 2012: 154).

Қазақстандағы алғашқы экспозициялық-көрме жұмыстары Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгір Бөкейұлының есімімен тығыз байланысты. 1827 жылы I Николай патшаны ұлықтау рәсіміне қатысқан ол Санкт-Петербург қаласындағы музейлер қызметімен танысып, қару-жарақ коллекциясын жинақтау жөнінде ой түйді. Елге оралған соң ойлаған мақсатын жүзеге асыру мақсатында Жасқұс елді мекенінде (қазіргі Батыс Қазақстан облысы Бөкей Ордасы ауданы Орда ауылы) орналасқан Хан Ордасының бір бөлмесін Қару-жарақ палатасына айналдырды. Жәңгір хан дүниеден өткеннен кейін Бөкей Ордасында болған зерттеуші Л. Терещенко Қару-жарақ палатасында, мылтық, шығыс пистолеттері, қылыш, шашка, жатаған, айбалта, сойыл, сауыт сынды қару-жарақтардың көптеп қойылғандығын атап өтті. Әсіресе Анна, Елизавета, II Екатерина патшайымдардың, Павел, Александр, Михаил Федорович сияқты патшалардың қазақ хан-сұлтандарына сыйлаған қылыштары орыс шенеунігінің назарын аударткан (Терещенко, 1853: 62-63). Орыс саяхатшысы және этнографы А. Евреинов те өз еңбегінде Хан Ордасының қару-жарақ бөлмесінде орналасқан жәдігерлерді сипаттай келе: «Жәңгір сирек, әрі құнды дүниелердің білгірі болды және оларды жинақтауда қаражатын аямады», – деп жазды (Евреинов, 1851: 62).

Жәңгір хан дүниеден өткен соң Орынбор шекара комиссиясының төрағасы генерал-майор М.В. Ладыженскийдің төрағалығымен құрылған комиссия ханның барлық дүние-мүлкін 221 381 сом 50 тиынға бағалаған. Соның ішінде әр түрлі отты және суық қарулардың, аңшылық және мініс құралдарының жалпы құны 8 007 сом 95 тиынды құрайды деп көрсетілген. Дәл осы тізімде хан отбасына тиесілі 4 274 жылқы 65 441

сомға, 719 ірі қара 4 986 сомға бағаланған (ҚР ОМА, И-4 қор, 1-тізбе, 2350-іс, 92-93 пп.). Әрбір жылқының орташа есеппен 15 сом 31 тиынға, ірі қараның 6 сом 93 тиынға бағаланғандығын ескерсек, Жәңгір ханның өз ғұмырында 524 жылқыға немесе 1 156 ірі қараға пара-пар құнды жәдігерді жинағандығын байқаймыз.

Қазақстанның алғашқы астанасы болған Орынбор қаласындағы музейдің іргетасы 1831 жылы қаланды. Осы өлкеге генерал-губернатор болып тағайындалған граф Павел Петрович Сухтелен 1830 жылы 12 қарашада ғалымдарға, өлкетанушыларға үндеу жолдап, өлке тұрғындарының тұрмысы мен кәсібіне қатысты жәдігерлерді жинақтауға көмек көрсетулерін өтінді (РФ ООБМА, 6 қор, 10 тізбе, 3850-іс, 225-229 пп.). Нәтижесінде Орынбор қаласындағы әйгілі Неплюев училищесі жанынан жаңа музей жұмысын бастады. Сонымен қатар, XIX ғасырдағы музейлер қатары 1836 жылы Орал, 1883 жылы Семей, 1897 жылы Верный қаласында ашылған музейлермен толықты. Бұл музейлердің жұмысын ұйымдастыруда жекелеген ғалымдар, ағартушылар, сондай-ақ тарих пен мәдениетке бейжай қарамайтын қарапайым азаматтар елеулі еңбек сіңірді.

Музей жұмысының жандануына сол кезеңдегі ғылыми мекемелердің рөлі өте зор болды. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысымен айналысқан ірі мекемелердің бірі Орыс Жағрафиялық қоғамы музейлер сынды енді бой көтеріп жатқан мәдени-ағартушылық мекемелердің тағдырына айтарлықтай әсерін тигізді. Мәселен, Орынбор Жағрафиялық қоғамының бөлімінде кезіндегі жергілікті халықтың көрнекті өкілдері Т. Сейдалин,

С.Жантөрин,М.Қарабаев,С.Нұрмұхамедов, С. Жихангереев, С. Бабажановтар болды. Олар өлкенің жан-жақты зерттелуіне айтарлықтай үлес қосты. 1857-1867 жылдар аралығында Ресейдің Мәскеу, Қазан, Петербор қалаларында өтілген көрмелерге құнды этнографиялық заттарды жинақтай отырып, қазақ халқының рухани, материалдық мәдениетін жан-жақты көрсете білген (ҚР ОММ 4 қ., 1 т., 1815 іс, 17 п.).

Заман талабына сай қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты жәдігерлер шетелдік көрмелерге шығарыла бастады. Бұл Еуропа елдеріндегі өнеркәсіп төңкерісіне байланысты соңғы технологиялық жетістіктерді көрсетуге бағытталған көрмелердің қолға алынуымен байланысты болды. Ресей империясы да әлем державалары секілді көрмелер ұйымдастырып, оларға отар елдерді кеңінен тарта түсті. Осылайша халық шаруашылығының жетістіктерін дәріптейтін көрмелерге қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, күнделікті тұрмыс-тіршілігін көрсететін жәдігерлер қойыла бастады. Мысалы, 1867 жылы 23 сәуір – 19 маусым аралығында Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік этнографиялық көрмеде қазақ даласынан жіберілген этнографиялық бұйымдар да көрсетілді. Ресейде алғаш рет ұйымдастырылған көрмеге түйе жүнінен жасалған шекпен, алтынмен безендірілген халат, аң терісінен тігілген бөрік, түрлі-түсті тастармен безендірілген сәукеле, зергерлік бұйымдар қойылды. Бұл ауқымды көрме туралы «Северная почта» газеті: «Бұратана халықтар этнографиясы бөлімі жалпы осы көрменің ең әдемісі, әрі көрермен үшін ең тартымдысы болып отыр. Бұл бұйымдар тек этнограф мамандарды қызықтырып қана қоймай, одан мүлдем хабары жоқ қарапайым көрерменді де таң қалдыруда», - деп жазды (ҚР ОМА, 81-қор, 1-тізбе, 826-іс, 9 п.).

Бастапқыда Қазақстандағы көрме ұйымдастыру қызметіндегі жауапкершілік жергілікті атқарушы органдарға артылды. Өйткені музейлер жаңадан құрылып, өз жұмысын тиісті жолға қойып жатқан еді. Сондықтан ірі көрмелерге қатысу жөніндегі хаттар ең алдымен жергілікті губерния басшыларына келіп түсетін. Кейін хаттар уезд, болыс басшыларына, сондай-ақ мәдениетке жанашырлық танытатын жергілікті зиялыларға, меценаттарға жолданатын. Жинақталған заттар іріктеліп, көрмелерге жіберіліп отырды. Мысалы, 1876 жылы Петербургте өткен Үшінші ориенталистер конгресінің көрмесіне қатысу үшін ұйымдастыру комитеті Батыс Сібір генерал-губернаторы Н.Г. Казнаковқа хат жолдады. Губернатор өз кезегінде жергілікті атқарушы органдарға қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын сипаттайтын жәдігерлерді жинауды тапсырды. Экспонаттардың негізгі бөлігі Ақмола, Атбасар, Көкшетау өңірінен жиналды. Белгілі шығыстанушы, археолог П.И. Лерх жасаған тізбеге сәйкес Омбыдан Петербургке 400-дей зат жеткізілді. Олардың арасында қазақ халқының қару-жарақтары, ат әбзелдері, киім-кешектері, ыдыс-аяқтары, зергерлік бұйымдары болды. Петербургке жіберілмес бұрын бұл жәдігерлер Ақмола,

Петропавл, Омбы қалаларындағы көрмелерге қойылды.

Ресей империясының ірі қалаларында ұйымдастырылған көрмелердің, сондай-ақ патша үкіметі билеушілерінің ресми іссапарлары әсерінен Қазақстанның өзінде де көрме қызметі жандана түсті. Мәселен, 1868 жылы II Александр патшаның үлкен ұлы князь Владимирдің келуіне орай қазақ кәсіпшілігіне байланысты көрме ұйымдастырылды. Көрме барысында ақмолалық Нұрмағамбет Сағнаев пен атбасарлық Мейрам Жанайдаровтың киіз үйлері ерекше көзге түскен. Сондай-ақ, бұл көрмеге Көкшетау округінің сұлтаны, ағартушы, ғалым Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов сыйға тартқан 100-ге жуық экспонат ұсынылған. Олардың арасында киіз үй, бағалы тондар, кестеленген жібек халат, аң терісінен тігілген бөрік, ерлер белдігі және тағы басқалары болды (Маргулан, 1986: 17-18).

Патша үкіметі көрмелерді қазақ даласындағы отарлау саясатын жүргізу, тұрғындардың сеніміне кіру, көшпелі қазақ халқын отырықшы өмірге баулу мақсатында пайдалануға тырысты. 1876 жылдан бастап Қазақстанның бірқатар аймақтарында бәйге, күрес сияқты дәстүрлі ойындар аясында көрмелер ұйымдастырыла бастады. Осы жылы Ақмола, Петропавл, Омбы қалаларында өткен көрме қатысушыларына заттай және ақшалай сыйлықтар табысталды (РМ ТА, 398-қор, 43-тізбе, 1380-іс, 1-5 пп.). Мысалы, Императорлық Ресей географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің мүшесі И.Я. Словцов «Путевые заметки, введенные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области» атты еңбегінде 1878 жылы 18 шілде күні Көкшетауда аламан бәйгенің ұйымдастырылғандығын және одан бұрын халық назарына көрменің ұсынылғандығын айта келе: «Үкіметтің қазақтарды жер өңдеу ісіне баулуға тырысуын ескерсек, бұл көрменің басты мақсаты ауыл шаруашылығы мен қолөнер өнеркәсібін ынталандыру болды», – деп жазды (Словцов, 1878: 70). Көкшетауда өткен бұл көрмеге қойылған заттардың арасында астық өнімдері, ағаш бұйымдар, қару-жарақ, ат әбзелдері, киім-кешек және тағы басқалары болды. Осы көрмеде И.Я. Словцовты қазақ киіз басушыларыныңептілігі мен жылдамдығы таң қалдырды. Өйткені қолөнершілер жарты сағаттың ішінде ұзындығы 2 аршын болатын киізді басып шығарған болатын (Словцов, 1878: 71).

XIX ғасырдың II жартысында қазақ тарихы мен мәдениетін көрме арқылы насихаттауға ұлт зиялылары да лайықты үлесін қосты. Сұлтан Шыңғыс Уәлиханов 1867 жылы Мәскеуде өткен этнографиялық көрмеге арнап Солтүстік Қазақстан өңірі қазақтарының тұрмысына қатысты коллекцияларын жіберген болатын (Прищепова, 2000: 22-23). Өз кезегінде Императорлық Ресей географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің мүшесі, зерттеуші, сұлтан Сейітхан Жантөрин 1876 жылы Петербургте өткен Үшінші ориенталистер конгресі көрмесіне жіберілетін заттардың тізімін жасаған (ҚР ОМА, 25-қор, 1-тізбе, 2008-іс, 2 п.). Белгілі этнограф Мұса Шорманов 1881 жылы Мәскеуде өткен Бүкілресейлік өнеркәсіптік-көркемдік көрмеге қазақтың қолданбалы өнерінің әсемдігі мен сән-салтанатын көрсететін 32 зат жіберді. Көрмеге жіберілген құнды дүниелер 150 сомға немесе 30 жылқыға бағаланған 1887 жылы Екатеринбург қаласында өткен Сібір-Орал ғылыми-өнеркәсіптік көрмесіне қатысу үшін Торғай облысы Николаев уезі Сарой болысының құрметті азаматы, мәдениет жанашыры Иманбай Құдайбергенов әйелімен жолға шығып, құнды жәдігерлерді көрмеге жеткізген. Николаев уезінің басшысы Торғай облысының әскери губернаторы А. Проценкоға жазған хатында И. Құдайбергеновтің өз еркімен көрмеге қатысу үшін алыс жолға аттанғандығын және әйелі екеуінің орыс тілін жетік меңгергендігін атап өткен (ҚР ОМА, 25-қор, 1-тізбе, 2432-іс, 2-8 пп.).

Уақыт өте келе Қазақстанда ашылған музейлер де көрмелерге белсенді түрде қатыса бастады. Мысалы, Семей музейі 1896 жылы 28 мамыр – 1 қазан аралығында Нижний Новгород қаласында өткен XVI Бүкілресейлік өнеркәсіп және көркемдік көрмесіне қатысты. Император II Николай қаржыландырған бұл көрме революциялық кезеңге дейінгі ең ірі көрме болып саналады. Оны ұйымдастыруға 10 170 000 сом қаражат бөлінді. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ 1889 жылы Францияның Париж қаласында өткен Дүниежүзілік көрмеге 41,5 млн. франк (15, 5 млн. сом), 1893 жылғы АҚШ-тың Чикаго қаласында өткен Бүкіләлемдік көрмеге 5 млн. доллар (9, 7 млн. сом) қаражат жұмсалған болатын.

XVI Бүкілресейлік өнеркәсіп және көркемдік көрмесі Ресейдегі алғашқы электр

трамвайының іске қосылуымен, Фрезе және Яковлев сериялық автомобилінің халық назарына ұсынылуымен және тағы да басқа жаңалықтармен тарихта қалды. Жиырма бөлімнен тұратын ірі көрмеге құнды экспонаттарын ұсынған Семей музейі жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, «Сібір: Ресейдің Қытай және Жапония елдерімен саудасы» атты XIII бөлім бойынша II дәрежелі диплом, «Орта Азия: Ресейдің Персиямен саудасы» атты XIV бөлім бойынша IV дәрежелі диплом иеленді (Адрианов, 1929: 7). Бір миллионға жуық көрермен тамашалаған бұл көрме небәрі 13 жылдық тарихы бар өлкелік музей үшін елеулі жетістік болды.

Музейлер тек Ресей империясының ірі қалаларында өткен көрмелермен шектеліп қана қоймай, алыс шетелдегі көрмелерге де қатысты. 1878 жылы Дүниежүзілік Париж көрмесіне Жетісу музейінен полковник В.Л. Бергер, сотник Н.С. Созонтов және белгілі ресей ғалымы П.В. Гурдэ сыйға тартқан пайдалы қазбалардың коллекциясы жіберілген. Сонымен қатар бұл музейден белгілі фотограф К.Н. де-Лазаридің Жетісу өңіріне қатысты үздік суреттері Ташкент қаласындағы фотокөрмеге жіберілді (Недзвецкий, 1905: 24). Осы орайда Жетісу музейінің қорында 1906 жылдың қаңтарында 250 дана фотосурет болғандығын айта кеткен жөн (Недзвецкий, 1905: 29).

Қазақ өлкесін зерттеу мақсатында келген зерттеушілер еңбектерінің нәтижесінде бүгінгі күні Ресей музейлерінде қазақ халқының этнографиялық бұйымдары (киім-кешек, бас киім түрлері, белдіктер, әшекейлік бұйымдар т.б.) жинақталған. 1899 жылдың қаңтарында Лайықжан Дербісәліұлы Беркімбаев және Хасан Еш-Мұхаммедұлы Имамбаевтар сәукелемен қоса Ақтөбе уезінің Торғай болысынан, Қостанай уезінің Сарай болысы мен № 4 ауылынан барлығы 88 бұйымды Ресей Антропология және этнография музейіне сыйға тартқан (Прищепова, 2000: 272).

Кез келген ұлттың өткенін және жеке тұлғаны көрме арқылы көрсету мәселесі XX ғасырдың басында көрме өнерінің шарықтап тұрған кезінде жүзеге асты. Көрме залының кеңістігінде ғылым, өнер және музей ісі тоғысып, біртұтас тарихи қойылым көрініс тапты. Көрме экспозициялық көркемдік бейне, визуализация кеңістігі сияқты ұғымдардың қалыптасуына алып келді және адамды қоғам дамуының қозғаушы күші ретінде көрсетті. Біртіндеп көрме, өзіндік жеке көркемдік құбылыс ретінде музей экспозициясы сияқты рөл атқара бастайды. Музей экспозициясына қарағанда, көрме кеңістігіне ресми талаптар мен саяси мәселелер әсер еткен жоқ. XX ғасырдағы қоғамдық өзгерістер көрмеге өзінің шарттарын белгіледі және жаңа талаптар қойды. Ендігі жерде өткенді қайта жаңғырту үшін есте сақтау мәселесі маңызды орын алды.

XX-XXI ғасырлардағы көрме жобаларын талдау кезінде белгілі ағылшын ғалымы Э. Тоффлердің «әлеуметтік жады» ұғымына біріктірілген «жеке» және «жалпы» жад теориясына сүйенуге болады. Бұл еңбекте автор өтіп бара жатқан өркениет пен туып келе жатқан жаңа өркениеттің ерекшелігін сипаттайды. Оның пікірінше ескі ойлау тәсілдері, ескі формулалар, догмалар мен идеологиялар, бұрын қажет әрі пайдалы болса, енді жаңа қоғамның талаптарына сәйкес келмейді. Жылдам қарқынмен дамып жатқан әлемде жаңа құндылықтар мен технологиялардың, жаңа геосаяси қатынас пен өмір сүру стилі және байланыс тәсілдері мүлдем жаңа идеялар мен түсініктерді талап етеді (Тоффлер, 2004).

Қазақстанның әлемдік деңгейде көрме ұйымдастырып өткізуінің маңыздылығы цифрлық коммуникациялар дәуіріндегі шынайы мәдениет жаһандық коммуникациялардың табысты қатысушысы ретінде елдің бәсекеге қабілеттілігі мен танылуының маңызды ресурсы болып табылатындығына негізделген. Мәселен, жүз жылға жуық тарихы бар Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі (1931 жылы Алматы қаласында ашылды) мен Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі (1935 жылы негізі қаланған) сияқты мемлекеттік музейлер социалистік одақ елдерімен мәдени байланысты нығайта отырып, коллекциялар мен көшпелі көрмелер өткізуге белсене атсалысты. Бұдан бөлек қазақстандық музейлер ғылыми институттармен бірлесе жүргізген қазба жұмыстарының (мысалы, сақ мәдениеті орындарында) негізінде табылған олжаларын халықаралық көрмеде ұсынып, Еуропа және Ресей коллекцияларындағы жәдігерлерді зерттеу және қайтару есебінен қорын кеңейтті.

«Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр,

Өзбекстан, Армения, АҚШ, Батыс Еуропа елдерінде ғылыми-зерттеу экспедициялары жүргізіліп, қазақ халқының өнері мен мәдениетіне байланысты 5 мыңнан астам құнды тарихи, этнографиялық, архивтік құжаттарға, қолжазбалар мен баспа шығарылымдарға қол жеткізілді. Бағдарлама міндеттерін іске асыруға республикалық музейлер мен ғылыми-зерттеу



Сур. 6. 2018 жылғы 12 шілдеде «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасының ресми ашылу рәсімі Қытайдың Шэньси провинциясының тарихи музейінде өтті (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қорынан). Фото Г. Пазылова

Fig. 6. The official opening ceremony of the project "The procession of the Golden Man through the world museums" was held in the Historical Museum of Shaanxi province, China on July 12, 2018 (from the fund of the Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan). Photo by G. Pazylova



Сур. 7. 2018 жылғы 4 сәуірде «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы Халықтық және сәндік-қолданбалы өнердің бүкілресейлік музейінде ресми ашылды (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қорынан). Фото Г. Пазылова

Fig. 7. The project "The procession of the Golden Man through the world museums" was officially opened at the All-Russian Museum of folk and decorative and Applied Arts on April 4, 2018 (from the fund of the Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan). Photo By G. Pazylova





Сур. 8. «Фокус – Казахстан» халықаралық көрмелік жобасына дайындық барысы (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қорынан).Фото Г. Пазылова
Fig. 8. Preparation for the International Exhibition project "Focus – Kazakhstan" (from the fund of the Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan). Photo by G. Pazylova

институттары белсенді араласты. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Әбілхан Қастеев атындағы Қазақ Ұлттық өнер музейі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі Ресей, Түркия, АҚШ және т.б. елдерде халықаралық көшпелі көрмелерін ұйымдастырды. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорынан ұсынылған «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы 2018 жылы Әзірбайжан, Польша, Қытай, Оңтүстік Корея, Ресейде, 2019 жылы Жапония, Малайзия, Грузия, Ұлыбритания, Испания және Түркия, 2020 жылы АҚШ, Италия, Австрия, Франция, Германияда таныстырылды.

Бұдан бөлек Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен 2018 жылы Берлин (Германия), Лондон (Ұлыбритания), Сувоне (Оңтүстік Корея) және Джерси-Сити (АҚШ) қалаларының арт-сахналарында ауқымды «Фокус – Казахстан» халықаралық көрмелік жобасы іске асырылып, онда қазақстандық 94 суретшінің 400 шығармашылық туындысы мен архивтік құжаттары ұсынылды. Сондай-ақ жобаны іске асыруға 14 қазақстандық және шетелдік кураторлар мен өнертанушы мамандар қатысты.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын шетелде таныстыруға бағытталған ауқымды шаралардың бірі – Әбілхан Қастеев атындағы Қазақ Ұлттық өнер музейінің қорынан АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Ұлттық өнер клубының гранд галереясында 2018 жылғы 18 маусым – 15 шілде аралығында өткен «Азия мен Еуропа қиылысында. Әбілхан Қастеев атындағы Қазақ Ұлттық өнер музейінің коллекциясынан XX ғасырдың жауһарлары» атты музейлік жобасын атауға болады.

Сонымен қатар, ТҮРКІСОЙ Халықаралық түрік мәдениеті қорының қолдауымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінің қорынан Стамбул қаласындағы Түрік және ислам мәдениеті музейінде ұйымдастырылған «Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті» атты жоба ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызды насихаттауға үлкен серпін берді.

Қазіргі таңда посткеңестік мемлекеттер жаһандық кеңістікте өзінің лайықты орнын алу үшін тарихи-мәдени құндылықтарын жинақтау, зерттеу, насихаттау мақсатында нәтижелі табыстарға қол жеткізуде. Мәселен, көршілес Өзбек мемлекеті 2022 жылы әлемге әйгілі Лувр музейінің алаңында «Өзбекстан оазистерінің кереметі. Керуен жолдарының қиылысында» атты халықаралық көрме өткізді. Көрменің хронологиялық шеңбері біздің дәуірге дейінгі V-VI ғасырлардан бастап Тимуридтер кезеңіне дейінгі уақытты қамтиды. Көрмеде Ұлы Жібек жолының тарихы, Әмір Темір билік құрған кезеңдегі құндылықтар, жалпы 169 музей экспонаты Өзбекстан Республикасының 16 музейінен 138 зат, қалған 31-і Лувр музейі, Францияның Ұлттық кітапханасы, Британ музейі мен Британ кітапханасы, Лондондағы Виктория және Альберт музейі, Париж медальдар кабинеті, Гиме музейі сияқты әлемнің жетекші мәдени мекемелерінен алынған экспонаттар қойылған. Бұл экспонаттар кезінде түрлі себептермен сыртқа кеткен өзбек ұлтына тиесілі заттар. Лувр музейі бұл көрменің арнайы каталогын жарыққа шығарды (Splendeurs des Oasis d , Ouzbekistan, 2022).

2024 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Францияның Париж қаласындағы шығыс халықтарының Гиме музейінде Қазақстанның «Қазақ дала өркениетінің мәдени коды» атты көрмесін өткізді. Бұл көрменің ерекшелігі заманауи технологияларды пайдалана отырып, бір, екі құнды жәдігермен Ұлы Даланың мыңжылдықтарға созылған тарихын еуропалық және француз жұртшылығына иммерсив түрінде көрсету болатын. Ұлттық музей қорынан Тобыл ойшылы, Алтын адамның бас киімі, балбал тастар, Қазыбек бидің шапаны сияқты өте құнды заттар қойылды (Ибраева, Болсынбек, Абдукамалова, Жунусов, 2025: 187).

Музей мәдениетаралық коммуникацияның жетекші ұштастырушысы ретінде жад институтының рөлін атқарады. «Қазақ дала өркениетінің мәдени коды» ұлттық көрмесі арқылы Батыс Еуропа жұртылығына Дала өркениетінің бай тарихы мен тарихи-мәдени құндылығын насихаттап қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, идеологиялық, аспектілердің алуан түрлі тұстарын қазіргі технологиялар мен мультимедиялық құрылғылар арқылы жеткізуге мол мүмкіндігі бар. Көрмені иммерсивті түрде көрсетуге де жағдайлар жасалған. Иммерсивті тәжірибе көптеген технологиялық жетістіктерді үздіксіз біріктіре отырып, шығармашылық мазмұнды дамытуға жоғары талаптар қояды. Ол арқылы Қазақстан өңірлік бірегейліктің өзіндік

дискурсын құра отырып, Далалық өркениеттің аумақтық ерекшеліктерін, оның табиғи, материалдық және рухани ресурстарын ғана емес, сондай-ақ өзінің тарихи даму тәжірибесін көрсетеді. Мұндай маңызды жобалардың нәтижесі музейлердің әлемдік кеңістіктегі мемлекеттер мен қауымдастықтың қарым-қатынасына әсерін дамыту ресурсы ретінде түсіну болып табылады.

Көрме үшін зерттелетін және ұсынылатын материалдардағы семантикалық репрезентациялар мәдени генезис үдерістерін, мемлекеттіліктің әртүрлі нысандарын жобалау мен дамытуды ескере отырып, негізгі маркерлер – байланыстар, наным-сенімдер, дәстүрлер мысалында қарастырылатын болады. Қазірдің өзінде қолдағы бар және жаңа жәдігерлер, соның ішінде соңғы жылдары Қазақстан аумағында табылған жәдігерлер осы аумақта өмір сүрген тайпалар мен халықтардың тіршілік әрекетінің, наным-сенімдерінің, байланыстарының, дәстүрлерінің кең ауқымын көрсетеді.

Осы негізде көрме экспозицияларында археологиялық қазбалардың түпнұсқа экспонаттары, этнографиялық материалдар, архив құжаттары, еліміздің әр өңірінен алынған әр кезеңдегі фото және бейнематериалдар, әдеби шығармалар, мерзімді басылымдар, көлемді экспонаттар дала өркениетінің мәдени кодын қалыптастырған түрлі дәуірлердің панорамасы қайта жасалады. Бұл тәсіл көрмеге келген шетелдік қонақтарды сан алуан ақпаратпен қамтамасыз етуге, олардың дала өркениетін бейнеленген оқиғалар мен құбылыстар туралы мол мағлұмат алуларына мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері халықаралық және әлемдік көрмелердің ұлттық тарихи-мәдени мұраны жаһандық дискурста ұсынудың маңызды институционалдық алаңы екендігін айқындайды. XIX ғасырдағы империялық сипаттағы көрмелерден бастап қазіргі кезеңдегі тақырыптық, технологиялық және мәдени дипломатиялық мазмұны күшейген көрмелерге дейінгі эволюция ұлттық мұраны репрезентациялау тәсілдерінің айтарлықтай трансформацияға ұшырағанын көрсетеді.



Сур. 9. Гиме – Азия өнерінің ұлттық музейіндегі өткен «Қазақстан: Ұлы дала жауһарлары» атты иммерсивті көрмеден көрініс. Париж (Франция), 6 қараша 2024 жыл.
Fig. 9. View from the immersive exhibition "Kazakhstan: masterpieces of the Great Steppe" in the National Museum of Asian art Guimet. Paris (France), November 6, 2024.

XIX ғасырдағы көрмелерде ұлттық тарихи-мәдени мұра көбіне этнографиялық және экзотикалық сипатта ұсынылып, империялық дискурс шеңберінде интерпретацияланды. Бұл кезеңде ұлттық құндылықтар дербес өркениеттік феномен ретінде емес, аймақтық ерекшелік деңгейінде қарастырылды. Ал XX ғасырда көрмелер идеологиялық, мәдени және саяси мазмұнмен толықтырылып, ұлттық павильон концепциясы қалыптасты. Көрме кеңістігі мемлекеттердің ұлттық бірегейлігін, тарихи жадын және мәдени әлеуетін танытатын символдық ортаға айналды.

Қазіргі кезеңде халықаралық көрмелер мәдени дипломатияның, «жұмсақ күш» саясатының және ұлттық бренд қалыптастырудың пәрменді құралы ретінде қызмет етеді. Ұлттық тарихи-мәдени мұра тек өткеннің жәдігері ретінде емес, елдің өркениеттік дамуын, тарихи сабақтастығын және мәдени тұтастығын айқындайтын стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады. Экспозициялық шешімдерде цифрлық технологиялардың, мультимедиалық форматтардың және интерактивті тәсілдердің кеңінен қолданылуы мұраны таныстырудың мазмұнын жаңғыртып, оның жаһандық аудиторияға қолжетімділігін арттыруда.

Қазақстан тәжірибесі де осы эволюциялық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде бағаланады.

XIX ғасырдағы империялық көрмелерге қатысу кезеңінде ұлттық мұра сыртқы саяси-идеологиялық контекст аясында ұсынылса, тәуелсіздік кезеңінде халықаралық көрмелер ұлттық мүдде, ұлттық идея және мәдени дербестік тұрғысынан ұйымдастырылуда. Бұл ұлттық тарихи-мәдени мұраны әлемдік мәдени кеңістікке өзіндік тұжырымдамалық негізде ұсынуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге зерттеу барысында бірқатар тарихи жәдігерлердің шетелдік музей қорларында сақталуы ұлттық мұраны сақтау, зерделеу және репатриациялау мәселесінің өзектілігін айқындайды. Бұл мәселе тарихи әділеттілік пен мәдени егемендік тұрғысынан ғылыми және практикалық тұрғыда терең зерттеуді қажет етеді.

Қорыта келгенде, халықаралық және әлемдік көрмелер ұлттық тарихи-мәдени мұраны жаһандық дискурста танытудың тиімді механизмі болып табылады. Олар ұлттық рухани құндылықтарды әлемдік аудиторияға ұсынумен қатар, ұлттық бірегейлікті нығайтуға, тарихи жадыны жаңғыртуға және мәдени дипломатияны жүзеге асыруға ықпал етеді. Болашақта ұлттық мұраны ұсынудың жаңа технологиялық және концептуалдық модельдерін қалыптастыру, сондай-ақ тарихи жәдігерлердің тағдырын зерделеу зерттеудің өзекті бағыттары ретінде қала береді.

Дереккөз

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
РФ ООБМА – Ресей Федерациясының Омбы облыстық мемлекеттік архиві
ҚР ОММ – ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы
РМ ТА – Ресей мемлекеттік тарихи архиві

Әдебиет

1. Davallon J., 1986. Claquemurer pour ainsi dire tout l'univers: La mise en exposition. Paris: Centre Georges Pompidou.

2. Gizzatov S.M., Ibraeva A.G., Abdukamalova E.S., 2025. Exhibition activities of museums in Kazakhstan // Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University. 77 (2). P. 16–31. DOI: https://doi.org/10.47649/vau.25.v77.i2.02.

3. Ibraeva A., Temirkhanova A., Zhunussov K., 2025. Representing Kazakhstan's historical and cultural heritage in historical retrospective: A case study of an exhibition project // Turkic Studies Journal. 3. P. 53–75. DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-53-75.

4. Paris a toujours besoin d'une attraction spéciale, 2011 // Exhibitions: l'invention du sauvage. Arles/Paris: Actes Sud / Musée du quai Branly. P. 160.

5. Splendeurs des Oasis d'Ouzbékistan, 2022. Sur les routes caravanières d'Asie centrale. Paris: Musée du Louvre. 351 p.

6. Әбжанов Х.М., 2023. Тарту. Шығармалар жинағы. 4-кітап. Алматы: «Алгоритм» баспасы. 480 б.

7. Адрианов А.А., 1929. Краткий исторический очерк Семипалатинского музея // Труды Семипалатинского окружного музея. Вып. 2. Семипалатинск. С. 3–14.

8. Евреинов А., 1851. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда // Современник. Т. XXIX, отд. II. С. 49–96.

9. Ибраева А.Ғ., 2012. Қазақстан музейлері: тарих және тағылым. Астана. 536 б.

10. Ибраева А.Ғ., Болсынбек Т., Абдукамалова Э.С., Жунусов Қ.Қ., 2025. Ұлы Дала жауһарлары. 187 б.

11. Маргулан А.Х., 1986. Казахское народное искусство. Алма-Ата: Өнер. 150 с.

12. Недзвецкий В.Е., 1906. Отчет о работе и занятиях по Семиреченскому областному статистическому комитету за 1905 г. Верный: Типография Семиреченского областного правления. 43 с.

13. Прищепова В.А., 2000. Коллекции заговорили: История формирования коллекций МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870–1940). Рос. акад. наук. Музей антропологии и этнографии имени Петра Великого (Кунсткамера). Санкт-Петербург: Петербургкомстат. 269 с.

14. Прищепова В.А., 2000. Коллекции заговорили: История формирования коллекции МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870–1940 гг.). Санкт-Петербург. 272 с.

15. Словарь актуальных музейных терминов. 2009 // Музей. № 5. С. 20–22.

16. Словцов И.Я., 1897. Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году. Омск: Б.и. 198 с.

17. Соколов А.С., 2004–2017. Всемирные выставки // Большая российская энциклопедия: в 35 т. М.: Большая Российская энциклопедия.

18. Сотникова С.И., 2004. Музеология: пособие для вузов. М.: Дрофа. 192 с.

19. Терещенко Л., 1853. Следы Дешт-и-Кипчака и Внутренняя киргиз-кайсацкая орда // Москвитянин. № 22. С. 51–85.

20. Тоффлер Э., 2004. Третья волна. Москва: АСТ. 781 с.

21. Херреман Я., 2004. Показы, экспозиции и выставки // Управление музеем: практическое руководство. Париж: ИКОМ. С. 230.

Sources

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

RF OOBMA – Resei Federatsiyasynyn Omsby oblystyq memlekettik arhivi [Omsk Regional State Archive of the Russian Federation]

QR OMM – QR Ortalyq memlekettik murazhaiy [Central State Museum of the Republic of Kazakhstan]

RM TA – Resei memlekettik tarikhi arhivi [Russian State Historical Archive] [in Kazakh]

References

1. Davallon J., 1986. Claquemurer pour ainsi dire tout l'univers: La mise en exposition. Paris: Centre Georges Pompidou. [in French]

2. Gizzatov S.M., Ibraeva A.G., Abdukamalova E.S., 2025. Exhibition activities of museums in Kazakhstan // Bulletin of the Khalel Dosmukhamedov Atyrau University. 77 (2). P. 16–31. DOI: https://doi.org/10.47649/vau.25.v77.i2.02.

3. Ibraeva A., Temirkhanova A., Zhunussov K., 2025. Representing Kazakhstan's historical and cultural heritage in historical retrospective: A case study of an exhibition project // Turkic Studies Journal. 3. P. 53–75. DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-53-75.

4. Paris a toujours besoin d'une attraction spéciale, 2011. Exhibitions: l'invention du sauvage. Arles/Paris: Actes Sud / Musée du quai Branly. P. 160. [in French]

5. Splendeurs des Oasis d'Ouzbékistan, 2022. Sur les routes caravanières d'Asie centrale. Paris: Musée du Louvre. 351 p. [in French]

6. Abzhanov Kh.M., 2023. Tartu. Shygarmalar zhinagy. 4-kitap [Tartu. Collected works. Book 4]. Almaty:

«Algoritm» baspasy. 480 b. [in Kazakh].

7. Adrianov A.A., 1929. Kratkij istoricheskij ocherk Semipalatinskogo muzeya [A brief historical essay of the Semipalatinsk Museum]. Trudy Semipalatinskogo okruzhnogo muzeya. Vyp. 2. Semipalatinsk. P. 3–14. [in Russian]

8. Evreinov A., 1851. Vnutrennyaya, ili Bukeevskaya, kirgiz-kazachya orda [The Inner, or Bukeev Kirghiz-Kazakh Horde] // Sovremennik. T. XXIX, otd. II. P. 49–96. [in Russian].

9. Ibraeva A.G., 2012. Qazaqstan muzeileri: tarikh zhane tagylym [Museums of Kazakhstan: history and legacy]. Astana. 536 p. [in Kazakh]

10. Ibraeva A.G., Bolsynbek T., Abdukamalova E.S., Zhunusov Q.Q., 2025. Uly Dala zhauharlary [Jewels of the Great Steppe]. 187 p. [in Kazakh].

11. Margulan A.Kh., 1986. Kazakhskoe narodnoe iskusstvo [Kazakh folk art]. Alma-Ata: Oner. 150 p. [in Russian]

12. Nedzvetskij V.E., 1906. Otchet o rabote i zanyatiyakh po Semirechenskomu oblastnomu statisticheskomu komitetu za 1905 g. [Report on the work and activities of the Semirechensk Regional Statistical Committee for 1905]. Vernyi: Tipografiya Semirechenskogo oblastnogo pravleniya. 43 p. [in Russian]

13. Prishchepova V.A., 2000. Kollekcii zagovorili: Istoriya formirovaniya kollektsii MAE po Srednei Azii i Kazakhstanu (1870–1940) [The collections spoke: history of the formation of the MAE collections on Central Asia and Kazakhstan (1870–1940)]. Ros. akad. nauk. Muzei antropologii i etnografii imeni Petra Velikogo (Kunstkamera). Saint Petersburg: Peterburgkomstat. 269 p. [in Russian]

14. Prishchepova V.A., 2000. Kollekcii zagovorili: Istoriya formirovaniya kollekcii MAE po Srednej Azii i Kazakhstanu (1870–1940 gg.) [The collections spoke: history of the formation of the MAE collection on Central Asia and Kazakhstan (1870–1940)]. Saint Petersburg. 272 p. [in Russian]

15. Slovar aktualnykh muzeinykh terminov [Dictionary of current museum terms]. 2009. Muzei. No. 5. P. 20–22. [in Russian]

